

# ХАБАРШЫСЫ

Алматы

№6 (12)

2011

Ғылыми-ақпараттық  
Әдеби журнал 2010 жылдан  
бері екі айда бір шығады.  
ҚР Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп (24.12.2009),  
№ 10586-Ж куәлігі берілген

(ЮНЕСКО, Франция, Париж к.)  
сериялық басылымдарды  
тіркейтін ISSN Халықаралық  
орталығында тіркелген және  
халықаралық нөмір берілген

**Бас редактор**  
*Дәдебаев Ж.Д.*

**Редакциялық кеңес**  
Абдуалиев А., Ақматалиев А.А.  
(Қырғызстан), Аманшаев Е.А.,  
Әбдезұлы К., Әбдиманұлы Ө.,  
Әмірбеков Ш.А.,  
Бақтыкерова Ұ.М. (Россия),  
Бисенбаев П.К. (*ғылыми редактор*),  
Ғайыпов З.С., Есембеков Т., Есім Ғ.,  
Жаксылықов А.Ж., Кәкішев Т.К.,  
Қамзабекұлы Д., Мадиева Г.Б.,  
Момынова Б., Мырзахметов М.,  
Нұрәлиев А. (Тәжікстан),  
Омаров Б.Ж., Чабаноглы О. (Түркия),  
Шәріп А. Ж., Ысқақұлы С. (Қытай).

**Редакциялық алқа**

Адаева Е.С., Ахмедьяров Қ.К.,  
Әбдікова Қ.Т., Бектурова Э.К.,  
Кәрібаев Б.Б., Малдыбай А.Д.,  
Мәмбетов Ж.О., Медеубек С.,  
Мұсалы Л.Ж., Сағындық Н.,  
Таева Р.М., Тарақ Ә.С.

**Жауапты хатшы**

Дәуітова Г.Р.

**Құрылтайшы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

**Шығарушы**

Абай ғылыми-зерттеу институты

**Редакция мен шығарушының**

**мекен-жайы**

Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Абай ғылыми-зерттеу институты.

E.mail: Abai\_instkaznu@mail.ru

**ИБ №5845**

Басуға 13.12.2011 ж. жіберілді.  
Пішімі 70x110 1/16. Тапсырыс №636.  
Көлемі 8,3 б.т. Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті»

баспаханасында басылды

Мақала авторларының пікірі редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

## МАЗМҰНЫ

### АБАЙТАНУ

- Дәдебаев Ж.* Абайдың антропологиясы (жан мен тән) ..... 3  
*Есембеков Т.* О синергетике в поэзии Абая ..... 9

### АБАЙТАНУ ТАРИХЫНАН

- Сағди А.* Абай ..... 12  
*Тоғжанов Ғ.* Абайдың өмірі, өскен ортасы, алған тәрбиесі ..... 22  
*Жансүгіров І.* Абайдың сөз өрнегі ..... 33  
*Орынбеков М.* Дух, душа, духовность в философии Абая ..... 37  
*Нурәлиев А.* Абай и таджикская литература ..... 46  
*Iskakov K.* Life of Abai (Ibragim) Kunanbaev ..... 51

### СӨЗ ӨНЕРІ

- Дәдебаев Ж.* Құмырсқаға құрмет ..... 59

### ТІЛ БІЛІМІ

- Enders Peter.* Huygens' Principle for Linguistics ..... 70

### АУДАРМА ЖӘНЕ ӘДЕБИ КОМПАРАТИВИСТИКА

- Жұмаділова М.* Кәсіби аударма моделі және аудармашының  
әлеуметтік сипаты ..... 75  
*Жанарова А.* А.С. Пушкиннің «Тас мейман» пьесасы Ж. Аймауытовтың  
аудармасында ..... 78  
*Комиссаров В.* Перевод – важная часть моей жизни ..... 80  
*Kozhakanova M.* Translation of figurative expressions in Abai Kunanbaev's  
poems ..... 86

### СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

- Елбаева Ж.* Құрманғазы Қараманұлының аудармашылық  
шеберханасы ..... 91

### ЖАС ҚАЛАМ

- Қайдауылова С.* Диалогтағы сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік  
қызметі ..... 95  
«Абай институтының хабаршысы» журналына авторлардың мақала  
жариялау ережелері ..... 98



## Біздің авторлар

**Дәдебаев Ж.Д.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Ұлттық Жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

**Есембеков Т.О.** – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

**Нуралиев А.** – филология ғылымдарының докторы, Тәжікстан профессоры

**Peter Enders** – Technical University of Applied Sciences, Wildau, Bahnhofstraße, D – 15745 Wildau, Germany

**Жұмаділова М.** – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

**Жапарова А.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

**Kozhakanova M.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты, ғылыми жетекшісі Ж. Дәдебаев

**Шаменов А.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, ғылыми жетекшісі Т. Есембеков

**Қайдауылова С.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты ғылыми жетекшісі Р. Әмір

**Елбаева Ж.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, ғылыми жетекшісі Е. Адаева

# АБАЙТАНУ



*Ж. Дәдебаев*

## **АБАЙДЫҢ АНТРОПОЛОГИЗМІ (ЖАН МЕН ТӘН)**

*Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайдың шығармашылығы.*

*Платон, Аристотель, Әл-Фараби, Абай жан мен тән ұғымдары туралы.*

*Абай шығармаларындағы жан мен тән, адам болмысы.*

*Тірек сөздер: Абай, адам, жан, тән.*

*Ж. Дәдебаев*

## **АНТРОПОЛОГИЗМ АБАЯ (ДУША И ПЛОТЬ)**

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Творчество Абая. Платон,*

*Аристотель, аль-Фараби, Абай о душе и плоти. Душа и тело, сущность человека в творчестве Абая.*

*Ключевые слова: Абай, человек, душа, плоть.*

*Zh. Dadebaev*

## **ANTHROPOLOGISM OF ABAI (SOUL AND FLESH)**

*Abstract. The issues dealt in this article. Creativity of Abai. Plato, Aristotle, al-Farabi, Abai about the soul and flesh. Soul and Body, the essence of human in the creativity of Abai.*

*Keywords: Abai, man, soul, flesh.*

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың (1845-1904) шығармашылығында адам баласы дүние алдында түрлі қырынан суреттеледі. Оларды мінездің, жан мен тәннің, ақыл мен сезімнің қатысына қарай мына төмендегіше сипаттауға болады: ақылды немесе надан, рақымды немесе зұлым, әділетті немесе қарау, батыл немесе қорқақ, жомарт немесе сараң, еңбекқор немесе еріншек, адал немесе арам, еркін немесе кіріптар, т.б. Адамның тіршіліктегі істерін пайымдап, бағалай отырып, ақын адам болмысы, адам өмірінің мәні туралы терең ойлардың жүйесін ұсынады. Оның мәнісі мына тұжырымға келіп саяды: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [1, 249]. Абай көрсетіп отырған үш қасиет – «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек»

– адам өмірінде ешуақытта азбайтын, арзандамайтын мәңгілік құндылықтар қатарына жатады. Ақын шығармашылығында өмір құбылыстары, адам болмысы осы қасиеттерге байланысты бағаланады. Ақын адам баласының осы үш қасиетті бірдей ардақ тұтып, өз болмысының ажарына айналдыра алғанда қандай күйде болатынын, оларға қол жеткізе алмай, олардан шет қалғанда қандай күйге түсетінін өз заманының нақты шындық құбылыстары негізінде үлкен реалистік қуатпен көрсетеді.

Абай өзінің шығармашылығында жан мен тән туралы өзіне дейінгі данышпандардың тұжырымдары мен қағидаларын жете білген және ақындық ойын өз заманының нақты әлеуметтік шындықтарын нақты талдау мен саралау нәтижесінде жинақтаған. Мұның өзі ақынның

жан мен тән туралы ойлары мен пікірлерінде, поэтикалық шешімдерінде өз заманының нақты шындықтары мен жалпы адамзат қоғамына тән мәңгілік рухани құндылықтардың өзара кірігіп, бірегей эстетикалық құбылыс ретінде тұтасуына алып келді.

Жанның ақиқаты немесе жүректің сыры, жан немесе жүрек дегенімізде жалғанда жайнап тұрған кереметтермен салыстырып сипаттайтындай немесе анықтайтындай нақты белгі, затты нышан болмайды. Сократтың (б.д.д. 470-399), Платонның (б.д.д. 427-347), Аристотельдің (б.д.д. 384-322), әл-Фарабидің (870-950), Ибн Синаның (980-1036/37) жан туралы пікірлері мен зерттеулерінде бұл жайында аз айтылмаған. Жаратушы Адамның тәнін топырақтан жасағанда, оған пәрменімен өзінің рухынан үрлеп жан салған. Жанды тәннен артық, тәннің әміршісі етіп жаратқан [2, 516]. Тән тозып, топыраққа айналғанда, жан өлмейді. Жан Жаратушыдан: «Өзіңнің Раббыңа оралатын бол» [Құран 89:28], – деген пәрмен алған. Жанның тәннен ажырағаннан кейінгі жолы әлем данышпандарының еңбектерінде ерте замандардың өзінде терең зерттеліп, маңызды ғылыми тұжырымдар мен қағидалар жүйесі қалыптасқан.

Абайдың: «Мекен берген, халық қылған ол лә мекан, Түп иесін көксемей бола ма екен? Және оған қайтпақсың, оны ойламай, Өзге мақсат ақылға тола ма екен?», «Өмір жолы тар соқпақ, бір иген жақ, Иілтіп екі басын ұстаған хақ» [1, 224], – деп айтқан сөздерінде үлкен мән бар. Жан түп иесін көксемей тұра алмайды. Оның себептері туралы жантану саласында жинақталған пікірлер, пайымдаулар аз емес. Түп иесіне қайтатынын ойлаған жан өзге дүниәуи тіршіліктегі мақсаттарға құлай берілмейтіні әлем әдебиетінің классикалық үлгілерінің қорындағы көркем шығармаларда пайымдалған. Сөз өнерінің тарихында, адамтану тарихында мұндай құбылыстар, жанның мұндай қасиеттері түрлі кезеңдердің әлеуметтік ұстанымдарына сай пайымдалды, пайымдалу үстінде. Абай осы құбылыстардың ақиқат мәнін дүниәуи тіршіліктің түбіне бойлап, ақылға салып таныған. «Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі, «Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі...» [1, 265-266], – деуінің сыры осында.

Берілген үзінділерде ақынның ойы екі түрлі тәсілде көрініс тапқан: нақты және бейнелі. Бейнелісі – «Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ, Иілтіп екі басын ұстаған хақ». Байырғы

авторлардың айтуынша, дүниеде иілгендердің мінсізі, иілген түрінің өзі оның мінсіздігі, айрықша артық қасиеті болатын зат біреу ғана екен. Ол – жақ, садақ.

Адамның өмір жолының тар соқпақ, иілген жақ кейпінде суреттелуінде, жақтың екі басын иілтіп жаратқан хақтың ұстап тұруында жасырын, астарлы мағына бар. Жаратқанның адамды, турасын айтсақ, адамның жанын осы иілген жақтың бір басына салып жіберіп, оны екінші басынан тосып алатыны, адамға берген жанын өзінің қайтып алуы туралы түсінік осы мағынадан туады. Қалған үзінділердегі ойлар нақты, затты қалыпта түйінделген. Ақынның айтып отырғаны Құранның сөзіндей екені рас. Ал жан туралы арғы дәуір ғұламаларының еңбектеріне назар аударғанда, Абай айтқандай, тәннің жерге (топыраққа) оралатыны, жанның Жаратушыға оралатыны туралы таным желілері көзге түседі. «Мені» мен «менікінің» айырылғанын / «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» [1, 225], – деген өлең жолдарында да терең мән бар. Оның тереңіне телміріп қарағанда, Абайдың ұсынып отырған пікірінің Платон, Аристотель, әл-Фараби, Ибн Сина қағидаларымен сабақтасып жатқаны белгілі болады. Платон өлім дегенді жанның тәннен ажырауы деп түсіндіреді [3, 22]. Абайдың пікірі де осы жайында, бірақ ақын жанның тәннен ажырауын өлім деп түсінгендерге сын айтады. Абайдың ақындық танымы бойынша, адамның «мені» – ақыл мен жан. Адамның адамдығы да ақыл мен жанда. Сондықтан «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан» [1, 265]. Осы пікірге сүйеніп, Абай келесі бір тұжырымды негіздейді: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» [1, 225]. Адамның «мені», анықтап айтсақ, ақылы мен жаны өлмейді. «Өлді» деген түсінік ақыл мен жанға, «менге» лайықты емес. Бұл – Абайдың Платоннан, Аристотельден, әл-Фарабиден, Ибн Синадан бөлек, өзінше түйген поэтикалық ойы. Адамның адамдығын ақыл мен жаннан тауып, ақыл мен жанның өлмейтіні туралы түсініктен адамның өлмейтіні туралы ой түйу, содан келіп адамның «түп иесін көксемей болмайтынын», «оны ойламай өзге мақсаттың ақылға толмайтынын» ескерту, поэтикалық терең ой түйу адамзат тарихында, біздің білуімізше, Абайдың ғана қолынан келді.

Аристотель «Жан туралы» зерттеуінде өзіне дейінгі және өз тұсындағы данышпандардың ойларын сараптай келіп, жан туралы білімді білім біткеннің басына шығарады. Осы

сарындағы ой Аристотельден Абайға дейін жасаған ғұламалардың, солардың ішінде түркі даналарының шығармаларында да көрініс тапқан. Олай болса, жан туралы білімді діни немесе ғылыми деп бөлектеу орынды бола алмайды. Жан мен тән туралы діни, азаматтық, жалпы адамзаттық білім мен Абайдың білдіріп отырған көзқарасы арасында алшақтық жоқ. Сондықтан Абайдың ақыл мен жан, жан мен тән жайындағы пікірлерінің төркінін бір жақты түсінуге және түсіндіруге болмайды. Біздіңше, ақынның жан мен тән туралы көзқарасының негізі жалпы дүние жаратылғалы бері жинақталған жалпы ілім мен ғылымның құндылықтарынан өріліп шығады.

Платон дүниеден өткен адамдардың әдеттеріне, құлқына байланысты олардың жандары да түрлі кейіпке түсетінін Сократқа айтқызады. Тіршілікте тәннің лас, былғаныш, кеселді тілектерін қанағаттандыру үшін қызмет еткен жанның өзі де ластанады, былғанады, кесел табады және тәннен ажырағаннан кейін де айналшақтап одан қара үзіп кете алмайды. Дүниеде «ар мен ұят ойланбай, тәнін асыраған», «ертеңі жоқ, бүгінге құмар болған» [1, 297], есепсіз ішіп-жеген, нәпсісін тыя алмаған, тән құмарлығының шамасын біле алмаған адамдардың жандары тәндері жатқан мүрде маңында есектің, доңыздың және солар тектес жануарлардың кейпінде жүреді, ал тіршілікте әділетсіз, мансапқор, ұры-қары болғандардың жандары қасқыр, қаршыға, кезқұйрық секілді жыртқыш, қорқау хайуанаттар кейпін табады екен. Олардың жандары қиямет қайым күні тәндерімен қайта табысқанша осы күйде болатынға ұқсайды [3, 48]. Әл-Фарабидің пікірінше, мұндай адамдардың «жандары материяға байланған бойда қалады да, материядан арылып шығарлықтай дәрежеге көтеріліп жетілмейді, сөйтіп соңында материя опат болумен бірге олар да опат болады» [11, 141]. Абайдың «ертеңі жоқ» деп сипаттап отырған адамдары – осындай адамдар.

Әл-Фараби айтқан осы ой түрлі жазба ескерткіштер арқылы біздің заманымызға дейін жетті. Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали ат-Туси адамның табиғи мінездерін төрт түрге бөліп сипаттайды. Оның бірі малдың мінездері сипатында танылады: ішіп-жеу; ұйықтау; тұқымдану. Екінші түрі жыртқыш аңдардың тілектері, іс-әрекеттері сипатында көрінеді: жарып кету; қырып кету; алып кету; шауып кету; ішіп қою; жеп қою. Үшіншісі шайтанның тілектері сипатында ашы-

лады: мен-мендік; аярлық; зұлымдық. Төртінші түрі Жаратқанның ұлы қасиеттерін ардақтайтын періштелердің қасиеттері түрінде белгілі болады [4]. Осындай ойларды Руми де терең толғаған. «Адамның тәні жыртқыштар өріп жүрген қалың жыныс іспетті, – дейді ол. – Біздің тәнімізде мыңдаған қасқырлар, мыңдаған доңыздар болады, бойымызда мыңдаған таза және лас, тамаша және оңбаған қасиеттер бар. Егерде осы қасиеттердің бірі үстемдік алатын болса, онда біз соның ырқында боламыз... Адам бірде шайтанға, бірде періштеге, енді бірде хайуанға айналады» [5, 1416-1426]. Әл-Жилани ‘әбд әл-Қадыр (1077 – 1166) адамзаттың төрт түрлі типін көрсетеді: бірінші типтегі адамдарда жүрек те, тіл де болмайды; екінші типтегілерде тіл бар да, жүрек жоқ; үшінші типтегілерде жүрек бар да, тіл жоқ; төртінші типтегі адамдар Жаратушы сарайының ұлылары деуге лайықты. Жүрексіз, тілсіз жандардың Жаратқан үшін ешқандай мәні жоқ. Күнәкар, ақымақ, өркөкірек-көркөкірек дегендер – осылар. Білімді жандардың оларға ақиқат жолын нұсқауы – парыз. Тілі бар, жүрегі жоқ жандар ақылдың сөзін айтқанда, құстай сайрайды, ал сол айтқанын орындауға келгенде, теріс айналады. Олар тілімен әділет жолына шақырғанмен, өздері әділеттен алыс тұрады. Тілінен май тамызған мұндай екіжүзділерден кісінің аулақ болғаны абзал. Әділет жолындағылар – жүрегі бар, тілі жоқ жандар. Дүниедегі бар жақсылық, бар игілік солармен бірге [6, 86-87]. Мінезі періштелердің қасиеттері іспеттілер – «өзі білім тапқан, өзгеге де білім берген және білген жолынан таймаған жандар» [6, 87].

Абайдың шығармашылығында адам болам деген жанның асыл істерінің басы – білім табу, тапқан білімін өзгеге де беру, өзі жеткен игілікке өзгелердің де жетуін тілеу. Ақын осы тұрғысына сай өмірлік маңызы зор қағида ұсынады: а) түзу жолдағыларды шатастырмау; ә) қисық жолдағыларды түзету. Осы қағидасынан түзу жолдағыларды шатастырушы кісі және қисық жолдағыны түзетуші кісі туралы пікір түйеді. Бұл пікір образды түрде былай беріледі: «Жүз тура жолдағыларды шатастырған кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!» [12,175].

Адам атаның дүниеге келу тарихы тиісті әдебиеттерде баяндалған. Адам болмысының айрықша жаратылысы, адам өмірінің мәні жайын пайымдаған өткен дәуір ойшылдарының еңбектерінде де құнды ойлар айтылды. Арис-

тотельдің, әл-Фарабидің, Ибн Синаның осы саладағы ойларының тарихи және теориялық маңызы бүгінгі күнде де өте жоғары. Әл-Ғазали, әл-Жилани, Руми ұсынған пікірлер осы ғұламалардың ғылыми қағидаларынан алшақ кетпейді. Аристотельдің ілімі – әл-Фарабиге, әл-Фарабидің ілімі Ибн Синаға қандай ықпал етсе, Ибн Синаның идеялары оның өзінен кейінгі бірнеше ғасырдың мәдениет қайраткерлерінің көзқарасының қалыптасуына, дамуына сондай әсер етті. Бұл, өз кезегінде, парсы әдебиеті мен мәдениетінде әл-Ғазалиға (1058-1111) жол көрсетсе, ол әл-Жиланиға (1077-1166), Сухравардиға (1167 жылы өмірден өткен), Румиге (1207–1273) бағыт сілтеді. Жалаледдин Руми осы идеяны дамыта отырып, ақындық өнердің шырқау биігіне көтерілді. Оның даналық толғамдары, әсіресе «Маснави-йи Ма‘нави» поэмасы жұртшылықтың айрықша үлкен сұранысына ие болды [7, 98; 8, 13]. Аристотельден бермен қарай үзілмей келе жатқан осы дәстүрлі қағидалар жүйесі Абай «ғұламаһи Дауани» деп атаған Жалал ад-Дин Дауани (1426-27 – 1502-03), Ж. Баласағұн (XI), А. Йассауи (XII-XIII), А. Йүгінеки (XII-XIII), М. Хорезми (XIV), сондай-ақ Низами, Науаи, Әбдірахман Жәми, Сағди, Хафиз шығармашылығы арқылы жалғасады.

Аттары аталған ғұлама ақындардың ойларында ортақ желілер көп. Негізгі қағидаларға келгенде олар бір бағыттан табылады. Айырмашылық ортақ мазмұнның баюы мен дамуында, түр мен пішіннің, көркемдік бейнелеу құралдары мен стильдің, шығармашылық ойлау сипатының ерекшелігінде. Бірінің сөзі нақты да затты болса, екіншісінің сөзі бейнелі, астарлы. Бірінің ойы қарапайым, екіншісінің ойы терең, кемел. Осы ғұламалардың бәріне бірдей ортақ бір идея бар. Оның мәнісі адам өзінің ішіне өзі үңіліп, өзіне өзі зейін қойса, түрлі мінездерінің тегін, сырын білуге ұмтылып, соған тағат етсе, адамшылық осыдан басталады дегенге келіп саяды.

Абайдың шығармашылық тұрғысы бойынша, жаратылыс сырын танығысы келген, ақиқатты білгісі, әділетті сезгісі келген адамның баласы өзінің сыртқы бітімі мен ішкі болмысының екі түрлі нәрсе екеніне көз жеткізуі шарт. Адамның сыртқы бітімі – тән, ішкі болмысы – жан. Жан ұғымының аты көпшілікке әуелден таныс. Ғылыми әдебиеттерде «нәпсі» (нафсы), «рух», «діл» (жүрек) немесе «жан» дегендердің бәрі, айналап келгенде, бір ұғымды, бір түсінікті білдіреді. Соған қарамастан жан туралы бір ауыз

сөзбен анықтама беру қиын. Жанды от дегендер де, жылу дегендер де, қозғалыс, қозғалыс көзі дегендер де болды. Демокрит жан мен ақылды бір деп білді. Платон жаннан тыс ақылдың да, ақылдылықтың да болуы мүмкін еместігіне нұсқайды [3, 40]. Оның пікірінше, жан тәннен бұрын жаратылған және кемелдігі жағынан тәннен артық, тәннің қожасы һәм әміршісі – сол [1, 516]. Аристотель тәннің әміршісі һәм қожайыны жан екендігін айта отырып, жан аффектілерінің падишасы ақыл екендігі жайында пікір түйді [9, 384]. Жан дегеніміз, Аристотельдің анықтамасы бойынша, табиғи органикалық тәннің әуелгі (аяқталған) жүзеге асуы (энтелехия). Сондықтан кендір мен оның бетіндегі суреттің бір екендігі туралы сұрақ қоюдың орынсыздығы сияқты, жан мен тәннің біртұтастығы туралы сұрақ қоюдың жөні жоқ... Аристотельдің ойы терең. Біз немен сезінсек, немен ойлансақ, немен өмір сүрсек, жан дегеніміздің сол екенін, ал оның материя да емес, субстрат та емес, әлдеқандай ұғым әрі форма екенін жазады ғұлама. Ұстаздың пікірінше, материя дегеніміз мүмкіншілік болса, форма – соның жүзеге асуы. Жаны барлар осы екі негізден тұрады. Бірақ жүзеге асушы тән емес, жан. Сондықтан адамның болмысында жанның тән бола алмайтыны, тәннен тыс та бола алмайтыны туралы айтушылар дұрыс айтады. Ақиқатында, жан тек белгілі бір тәнге ғана тән, бірақ тән емес. Осы ойларының негізінде Аристотель жан дегеніміздің жүзеге асуға мүмкіншілігі бардың жүзеге асуы және пайымдалуы екендігі туралы тұжырымға келеді [10, 309-315]. Ғұламаның «парасатты (ақылды) жан» және «парасатсыз (ақылсыз) жан» [9, 150-151, 252-253], жанның ақиқатты тану қабілеттері, қасиеттері (түйсіну, елестету, ойлау немесе түйсік, пікір, білім, ақыл) [9, 253], ақиқатты тану немесе теріске шығарудың бес түрлі жолы (өнер, ғылым, тәжірибе, даналық, ақыл) жайлы қағидалары [9, 255] Абайдың жан мен тән туралы ойларының тегін тануға негіз болады. Әл-Фараби денелер мен акциденциялардың болмысына себепкер бастаманың алты сатысы барын көрсетіп, солардың ішінде әрекетшіл ақыл-парасаттың үшінші сатыда, жанның төртінші сатыда тұратынын көрсетеді. Әрекетшіл ақыл-парасат тән емес, дене емес, тәнде емес, денеде де емес. Ал жан тәнде, денеде болады, бірақ өзі тән, дене емес. Ғұлама «адал рух», «қасиетті рух» және басқа осындай атаулармен «әрекетшіл ақыл-парасатты» атағанды жөн көреді [11, 49].

Берілген сипаттамалардан жан мен тәннің арақатынасы, жанның қабілеттері, қасиеттері, «парасатты (ақылды) және парасатсыз (ақылсыз)» бөліктері, олардың әрқайсысының іштей бірнеше бөлікке бөлінетіні туралы мәліметтер алуға болады. Абайдың жан мен тән туралы ойлары осы қағидалармен тектес.

Абайдың жан мен тән туралы ойлары Платонның, Аристотельдің, әл-Фарабидің жоғарыдағы ойларымен тамырлас. Абай да жан мен тәнді, жан мен ақылды екі бөліп қарайды: «Адам ұғылы екі нәрсе бірлән: бірі – тән, бірі – жан» [12, 219]. «Ақыл мен жан – мен өзім» [1, 265], «малда да бар жан мен тән, ақыл, сезім болмаса» [1, 282], – дегенде, жан мен тәннің, ақыл мен сезімнің даралығына көңіл аударады. Бұл жанның тән бола алмайтыны, тәннен тыс та бола алмайтыны, ақиқатында, жан тек белгілі бір тәнге ғана тән, бірақ тән емес екендігі туралы Аристотель мен әл-Фарабидің қағидаларымен мейлінше сәйкес. Абайдың жан мен тән, адамның адами мәні, жүрек сыры, жан шындығы, ақыл жарығы жайындағы түсініктері мен қағидаларының түпкі негізі осы арнадан табылады. Сонымен қатар Абайдың жан мен тән және жан мен ақыл, сезім туралы ойларының жігіне назар аудару қажет. Абайдың пайымдауында құрамдас үш түрлі құбылыстың өзара тұтасқан мынадай бірлігінің үлгісі көрініс береді: *тән↔жан↔ақыл мен сезім*. Тән – адам болмысының төменгі, материалдық негізі. Ол малда да бар. Ақыл мен сезім адамға тән. Ақыл – даналықтың, сезім – махаббаттың бастауы. Жан, бір жағынан, тәннің құмарына бұрылса, екінші жағынан, ақыл мен сезімнің сүйгеніне ұмтылады. Жан мен тән құмарлығының шегін білу, шамасын ұстау – ақылдың ісі.

Жоғарыда Платонның «Федон» атты еңбегінде жан мен тән, олардың арақатынасы, жанның тәннен ажырағаннан кейінгі жолы, хайуандар кейпін табуы жайында айтқан ойларына назар аудардық [3, 45-50]. Аристотель «Жан туралы» еңбегінде жан, белгілі бес сезім, ақыл болмысы айналасында іргелі зерттеу жүргізген. Ал «Риторикасында» адамдардың жас деңгейлеріне (жастық, жігіттік, қарттық), тегіне (текті), әлеуметтік жағдайларына (бай, би) қарай қалыптасатын мінез-құлықтарына сипаттама береді. Олардың қатарында Абай оң көрген қасиеттер де, теріс деп білген мінез-құлықтар да бар. «Никомах этикасы» атты еңбегінде Аристотель жан құмарлығының шектен асқан қалпына сәйкес «хайуан сипатты»

адамдар болатынын көрсетеді, адамның өмір салтын үш түрге бөледі де, оның төменгісін «хайуанша күнелту» деп сипаттайды [9, 193]. «Саясат» атты еңбегінде де ол жанның тәнге бағынышты, кіріптар күйіне осы бағытта баға береді [9, 385]. Ғұламаның басқалардан жасырып, Александр Македонский үшін арнайы жазған «Құпиялардан құпия» атты еңбегінде айтылған ақыл сөздердің желісі де маңызды [13, 7]. Әл-Фараби «Бақыт жолын сілтеу» атты еңбегінде мынадай пікір айтады: «Ақыл-естің тілегенін жасауға парасаты және батылдығы жететін есті адамдар болады. Мұндай адамдарды біз әдетте, өзінің лайығынша, ерікті адам деп атаймыз, ал енді өз бойында осы екі қасиет жоқ адамдарды хайуан тәріздес адамдар деп атаймыз, ал тек ақыл-есі ғана жетіп, батылы бармайтындарды жаратылысынан құл адамдар дейміз» [11, 29]. Жан мен тәннің осы секілді мәселелері Фрэнсис Бэкон (1561-1626), Рене Декарт (1596-1650), Блез Паскаль (1623-1662), Бенедикт Спиноза (1632-1677) еңбектерінде сипатталды. Б. Паскаль адамның ұлылығын оның ойлау қабілетімен байланысты анықтады. Б. Спинозаның «Этика» және басқа еңбектерінде тұжырымдалған теориялық қағидаларда терең мән бар. Абайдың тән сипаты, жан құмарлығы, ақыл мен сезім қасиеттері туралы әлеуметтік-этикалық ойлары, философиялық көзқарастары Батыс пен Шығыстың жоғарыда аттары аталған ойшылдарының қағидаларымен үндеседі және өз заманының болмысына лайықты негізделеді. Мысалы, Абайдың өз заманының адамдары туралы: «Көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоғынан азады» [12, 149], – деген пікірі аталған ғұламалардың ойларымен негіздес. Олар ақылдың тілегенін жасауға парасаты және ерік күші жететін немесе жетпейтін адамдар жайында айтса, Абай «ақылдының сөзін ұғып аларлық жүрегінде жігер, қайрат, байлаулық» бар немесе жоқ адамдар хақында айтады. Таным тектес, ой, пікір, тұжырым, баға мәндес.

Данышпандардың – Платонның, Аристотельдің, әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ф. Бэконның, Р. Декарттың, Б. Паскаль, Б. Спинозаның, Абайдың – белгілі бір құбылыс туралы көзқарастарының тегі бір. Айырмашылық ойда, пікірде емес, сол ойды, пікірді негіздеудегі кемелдік деңгейлерінде, амалдар мен тәсілдердің, әдістің өзгешелігінде. Егер ой айтудағы, пікір түюдегі кемелдік дегенімізді белгілі бір құбылыстың мәні туралы

ойлардың суреттілігімен, айқындығымен, негізділігімен, көрнекілігімен, кемелдігімен сабақтас анықтайтын болсақ, шындық, ақиқат құбылыстарды тану мен бағалаудың бүгінгі деңгейінде Абай осы қасиеттерімен дараланады.

Әл-Фараби «Азаматтық саясат» зерттеуінде, Аристотель айтқандай, «мал тәріздес», «жабайы аң тәріздес» және «жыртқыш хайуан тәріздес» [11, 149-150] адамдар табиғатын сипаттайды. Аристотель мен әл-Фарабидің осы ойлары мен Абайдың «Ақылға сәуле қонбаса, Хайуанша жүріп күнелтпек», «Көкіректе сәуле жоқ... Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?» деуінің арасында алшақтық жоқ. Аристотель мен әл-Фарабидің «хайуан сипатты», «құл», «хайуан тәріздес», «мал тәріздес», «жабайы аң тәріздес» және «жыртқыш хайуан тәріздес» деп мінездеген адамдар мен Абай «хайуанша жүріп күнелтпек», «малдан неміз артық» деп сипаттаған адамдардың мінез-құлықтары арасында да сәйкестік бар. Абай: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім» [12, 225], – дейді. «Махаббатсыз, дүние дос» жандарды хайуанға қосуды дұрыс деп біледі [1, 154], адамның адамдығының негізі махаббат, сүю сезімінде екені туралы тұжырым жасайды.

Түрлі дәуірдің түрлі данышпандарының Абай көрсеткен үш қасиетке – «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» – ие бола алмаған адамдар хақындағы сипаттаулары арасында қарама-қайшылық жоқ. Әрине, бұл жерде осы қағидалар жүйесінің бастау көзін өмірдің шындығынан іздеген дұрыс. Ой, ұғым, түсінік, тұжырым, баға өзара сәйкес болса, оларға негіз болған шындық оқиғалар, құбылыстар да тамырлас. Кезінде Абай Сократтың, Платонның, Аристотельдің, Ксенефонттың, әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ф. Бэконның, Р. Декарттың, Б. Паскальдің, Б. Спинозаның еңбектерімен толық таныс болды деп айту қиын. Соған қарамастан Абайдың дүниетанымында, ойлау табиғатында Сократтың, Платон мен Ксенефонттың, Аристотель мен әл-Фарабидің, Ф. Бэкон мен Р. Декарттың, Б. Паскаль мен Б. Спинозаның қағидаларымен де, әһли кітаптармен (Тәурат, Зәбүр, Библия, Құран) де үндесіп, үйлесіп жатқан мазмұн мен мән бар. Оның түпкі төркіні тектес, негіздес өмір құбылыстарын, ақиқат сырын тану мен бағалаудағы шынайылықта.

Дүниәуи тіршіліктің қызығы адамды Адам ата заманынан бері баурап келе жатқаны, оған «көп адамның бой алдырғаны», «аяғын көп

шалдырғаны» Аристотель мен әл-Фарабидің де, Абайдың да шығармашылық еңбектеріне негіз болған шындық құбылыстардың қатарына жатады. Екінші жағынан, Абай қай заман, қай дәуір үшін де ортақ болып табылатын осы шындық құбылыстар туралы адамзат тарихының ұзақ жолында сұрыпталған, сараланған ойлардың жүйесімен таныс болған. Ақынның жан мен тән туралы қағидалары, ақындық танымы, азаматтық көзқарасы осы екі сала, екі арна құбылыстардың тұтастығына негізделеді.

Абай жан мен тән туралы өз заманы түбіне бойлап жете алмаған терең ойлардың жүйесін жасады. Ол ойлардың ғылыми маңызы мен мәні бүгінгі заман үшін де үлкен. Абайдың жан мен тән сипаттары, жан қуаттары, сондай-ақ ақыл мен қайраттың (жігер, байлаулылық) «бірлігі», ақыл, қайрат, жүректің «ынтымағы» хақындағы тұжырымдары антик дәуірден өзіне дейін жинақталған ойлар өзегімен қатар өріліп, жаңа білім жүйесін түзеді және ақынның шығармашылық даралығын, әлеуметтік ойының кемелдігін, ақындық танымының тереңдігін білдіреді.

#### Әдебиет

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. – Алматы, 1977.
2. Платон. Сочинения в четырех томах. Том III. – Часть I. – СПб., 2007.
3. Платон. Сочинения в четырех томах. Том II. – СПб., 2007.
4. Аль-Газали, Абу Хамид. Наставление правителям. – М., 2008.
5. Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснави-йи Ма'нави («Поэма о скрытом смысле»). Четвертый дафтар (байты 1-3855): пер. с перс. – СПб., 2010.
6. Аль-Джилани 'абд аль-Кадир. Раскрытие сокровищ: Собрание семидесяти восьми проповедей: пер. с англ. – М., 2008.
7. Джан Ш. Мевляна Джалаледдин Руми (Жизнь, личность, мысли): пер. с англ. – СПб., 2007.
8. Хисматуллин А. От редактора // Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснави-йи Ма'нави («Поэма о скрытом смысле»). Первый дафтар (байты 1-4003): пер. с перс. – СПб., 2007. – С.13-18.
9. Аристотель. Этика. Эстетика. Политика. – Минск, 2011.
10. Аристотель. Поэтика. Риторика. О душе / пер. с древнегреч. В. Аппельрота, Н. Платоновой и П. Попова. – М., 2009.
11. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975.
12. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. – Алматы, 1977.



13. Аристотель. Тайная тайных // Библиотека литературы Древней Руси. Том 9. – <http://www.pushkinskijdom.ru>

14. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. – ХҮІ том. – Алматы, 1980.

15. Роузентал Ф. Торжество знания: пер. с англ. – М., 1978.

16. Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснави-йи Ма'нави («Поэма о скрытом смысле»). Второй дафтар (байты 1-3810): пер. с перс. – СПб., 2009.

17. Ыссауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы, 1998.

18. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973.

19. Бэкон Ф. Сочинения в двух томах. Т.2 / сост., общ. ред. и вст. статья Е.С. Лагутина, А.Л. Субботина. – М., 1972.

\* \* \*

**Т. Есембеков**

### О СИНЕРГЕТИКЕ В ПОЭЗИИ АБАЯ

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Духовность и эмоциональность поэтического мышления. Поэтическая концепция Абая. Основные аспекты художественного текста.*

*Синергетика художественного текста. Духовная энергия как основа поэтического творчества.*

*Психофизиологические основы энергии поэзии.*

*Ключевые слова: синергетика, номинация, духовность, энергетическая сила, энергообмен, антропология, поэтический текст, энергия мысли, энергия слова.*

**Т. Есембеков**

### АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СИНЕРГЕТИКА ТУРАЛЫ

*Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Ақындық ойлаудың руханилығы және сезімділігі. Абайдың поэтикалық тұжырымы. Көркем мәтіннің негізгі аспектілері.*

*Көркем мәтін синергетикасы. Рухани қуат ақындық шығармашылықтың негізі ретінде.*

*Поэзия қуатының психофизиологиялық негіздері.*

*Тірек сөздер: синергетика, номинация, руханилық, энергетикалық қуат, қуат алмасу, антропология, ақындық мәтін, ой қуаты, сөз қуаты.*

**T. Esembekov**

### ABOUT SYNERGETICS IN POETRY OF ABAI

*Abstract. The issues dealt in this article. Spiritual and emotional of poetic thought.*

*The poetic conception of Abai. Key aspects of the literary text. Synergetics of the literary text.*

*Spiritual energy as a basis of poetry. Psychophysiological bases of poetry power.*

*Keywords: synergetics, nomination, spirituality, energy power, energy exchange, anthropology, poetic text, the energy of thought, the energy of the word.*

В методах многих наук на первый план сегодня выступают такие качественные структурные факторы, как неустойчивость поведения элементов, компонентов, где теряется единственность в решении, накапливается энергия. Это дало основание ученым подвергнуть критике инерциальные модели оптимизации жизни и общества, игнорирующие возможность радикальных преобразований по законам самоорганизации.

В основе поэтической номинации и поэтического творчества Абай видел, прежде всего,

эмоциональность, духовное напряжение. Поэзия Абая как способ мышления, отношения и говорения – не исповедь, а проповедь с элементами отповеди. Встречаются элементы экзалотации эмоционального состояния. Именно с Абая начинается самоопределение и самопознание казахской поэзии (литературоведческое, лингвокультурное).

А. Кунанбаев – личность уникальная. Сумев создать гармонию бытийного и бытового, Абай выполняет роль реформатора и основоположника общенационального литературного варианта язы-

ка и речи. Роль Абая в создании поэзии и поэтического текста – центральная. На основе категорий духовности и эмоциональности поэтического мышления Абай фиксирует собственно мыслительные операции энергообмена. Из них можно выделить денотацию.

Абай чувствовал и угадывал духовную, эмоционально-эстетическую, лингвокультурную природу поэзии, что заметно в его творении «Адамның кейбір кездері».

Это стихотворение об удивительных возможностях поэзии, которые делают мир миром, человека человеком. Поэтическое слово не дорожит предметом, оно переделывает, пересоздает это, то есть называет его, чтобы оживать и уничтожить. Поэт говорит об энергии как основе художественного творчества.

Абай не нуждался в метаязыке для определения номинационной природы поэтического творчества и текста, он прекрасно обходился стихами. Попытки определения производились в стихах: «Қуаты отғай бұрқырап», «Сұм дүние тонап жатыр, ісін бар ма...», «Жүректе қайрат болмаса».

Абай, внутренне отрицавший некоторые творческие результаты своих предшественников, такие, как разбросанность, творческую «всеядность», сам был поэтом полифилософского склада ума, ума исключительно глубокого и эмоционального, проникавшего в смысловые глубины неназываемого и предошутимого, свидетельство этому стихотворение «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл».

Свободная мысль Абая сразилась с роковыми социальными вопросами, но не утратила художественного беспристрастия. В его картинах нет ни пошлости, ни обидной карикатуры. Поэтическое чувство не искажается напыщенностью выражений. Абай отмечает такое свойство поэтической мысли, «как беспристрастность (оценочность, эмоциональность):

Жайына біреу келсе кез  
Белгілі жұмыс, сор қайнар.  
Қуаты күшті нұрлы сөз  
Қуатын білген абайлар.

Поэтическая концепция Абая умна, глубока и рассчитана на восприятие и оценку потопками. В этом отношении богат смысловыми пластами стих Абая «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас...».

Абай Кунанбаев – поэт, чьи творения, благодаря гармоничности текстов, во многом превосходили достижения новой поэзии XX века. Поэтическая мысль, по Абаю, должна озарять передний план. Тонко и едва заметно светить в ее бесконечной глубине. Он в основе поэтического творчества видит не столько вдохновение, сколько поэтическую мысль вообще или как таковую.

По мнению Абая, поэт одним словом, одним счастливым звуком достигает цели, как бы улавливает жизнь в самых ее внутренних выражениях. В этом плане особо содержательно стихотворение «Домбыраға қол соқпа».

Стихи Абая эмоциональны в силу напряжения мысли, проникающей одновременно в смерть, и в любовь, в свет и мрак, в холод и тепло. Эти антиномии являются тематико-смысловым стержнем национальной поэзии XX века. Процесс поэтической номинации есть процесс мучительный, Мука и Муза у Абая явления семантически родственные. С предельной истинностью Абай впервые вводит в автоопределение поэзии понятие «самоистребление», как бы предугадывая запросы современной поэтологии (в связи их взаимозависимости судьбы поэта и всего творчества):

Ішім толған, у мен өрт, сыртым дүрдей,  
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.  
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын, айта бермей.

Говоря о поэзии, поэт называет несколько сфер, без которых она энергетически не интересна: а) внутренний мир человека; б) тело, его радости, его мудрая физиологичность; в) жизнь, знающая все: Бога, порок, смерть, бессмертие; г) безупречная форма.

В данном случае Абай выделяет основные аспекты художественного текста, которыми по современной терминологии являются:

- 1) антропологический аспект (картины мира);
- 2) психологический аспект (эмоция, экспрессия, эмпатика);
- 3) концептуальный аспект (авторская точка зрения);
- 4) формально-смысловой аспект (структурно-смысловой).

Абай говорит о духовной природе поэзии, поэтического творчества и поэтического текста. Поэт превосходил антропоцентрическую концепцию. Говоря о тайной свободе поэзии, Абай называет

ее словом (а именно, слово как знак является ключевым языковым, речевым и текстовым номинатором). Он часто использует понятие «сөз» в различных номинациях:

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,  
Сөз қосарлық орайлы жарасымы.  
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,  
Оған кімнің ұнасар таласуы.

Поэзия Абая, вообще, столь светла только потому, что неизменно трагична. Он вводит в автоопределение поэзии «поэтический гипноз» и дефиницию «поэзия – дитя смерти и отчаяния». Поэты XIX века, как бы прикрывая свои мысли о поэзии и догадок о духовном, о его содержании невыразимостью и неочевидностью вдохновения как состояния, процесса и результаты творческой деятельности, умалчивали в своих песнях ее таинственную суть или вовсе не говорили о нем.

Впервые Абай говорит достаточно прямо и ясно о загадке природы поэтического, этим отличается стих «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек».

Поэзия Абая – это не крик и не вопль, потому что голосовая номинанта его стиха не истерика, а высокий и сильный голос ультразвуковой частоты.

Абай проповедует максимальный изоморфизм поэтической формы и содержания, автоопределения связаны с невыразимым, он склонен отождествлять три родственные категории: душу, энергию, сердце.

Поэт настойчиво говорит о духовной энергии как основе поэтического творчества, он уверен, что поэт рождает дар одухотворения, поэтому связывает стихи с эмоциональной средой жизни человека, сколько с его духовным, постоянно напряженным, то есть энергетическим существованием. Абай догадывался об историко-культурной силе и энергии поэтического текста, который живет не только в своем историческом измерении, но и способен нести свет и энергию своего народа другим. Поэт как бы отмечает когнитивную

энергию поэзии, ее силу и способность создавать общекультурные ценности.

В стихотворении «Келдік талай жерге енді...» автор выделяет основные качества энергии, присущие поэтическому тексту, как действие, страсть, стремление к обновлению, раздвигающему пределы достигнутого:

Іште қайғы, дерт пысып  
Көкіректі өрт қысып  
Айтуға көңілім тербенді.

Абай мыслит и словами как поэт, и идеями как философ, не случайно он часто говорит о душевном страдании, но связывает это не сколько с эмоциональной сферой жизни человека, сколько с авторитетом разума, как одного из проявлений энергии человеческого духа. Поэт раскрывает психо-физиологические основы энергии поэзии, тайны скрытых умственных движений, затрагивая «бессознательное» как некую нелогическую и иррациональную сферу, отдавая предпочтение интуиции:

Ақыл мен хауас барлығын  
Білмейдүр жүрек, сезедүр.  
Мүтәкәллимін мантикин  
Бекер босқа ездүр.

Энергия невыразимого, метафорическая энергия слова, энергия мысли, сила заблуждения, мощь вдохновения, энергия таланта и дара, дуализм языкового знака, энергия гармонии и дисгармонии составляют энергию поэтического текста Абая, который вопрошал:

Жалын мен оттан таралған  
Сөз ұғатын қайсың бар?

Энергия эксплицитного и имплицитного характера выступают в поэзии Абая в виде вербальной и невербальной единиц. Поэтому они должны изучаться не только как смыслоносители, но и как энергоносители.

# АБАЙТАНУ ТАРИХЫНАН



*A. Sagdi*

## АБАЙ

*Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай шығармаларының жариялануы. Абай шығармашылығының ерекшеліктері. Абай өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы. Абайдың тілі мен стилі, өлең өлшемдері. Тірек сөздер: Абай, өлең, басылымдар, өлшем.*

*A. Sagdi*

## АБАЙ

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Публикация произведений Абая. Особенности творчества Абая. О природе и внутреннем духе стихотворений Абая. Язык и стиль. Стихосложение. Ключевые слова: Абай, стих, стихосложение.*

*A. Sagdi*

## АБАЙ

*Abstract. The issues dealt in this article. Abai's publication. Features of Abai's creativity. About nature and inner spirit of Abai's poetry. Language and style. Versification. Keywords: Abay, verse, versification.*

### I

Атақты қазақ ақыны Абайдың өлеңдері қазіргі уақытқа дейін үш рет бастырылып таратылған:

1-баспасы 1909 жылы Петроградта «Шарх баспаханасында» басылған;

2-баспасы 1922 жылы Қазанда Татарстан Республикасының баспаханасында бастырылған;

3-баспасы 1922 жылы Ташкентте бастырылған.

1-баспасы ескі, емлесі ескі, ескі болғанда өте орасан. Баспа реті жөнсіз. Көп сөздері қисынсыз қате басылған, оқушы айыра алмастай жерлері көп болған екен. Қазанда бастырылған 2-баспасындағы қателер Мұхтар Әуезовтің жәрдемімен түзетіліп бастырылған екен. Бұл екінші баспасы Бернияз жолдастың даярлауымен бастырылған көрінеді. Екінші баспасының үлкендігі – 207 бет.

Ташкенттегі баспасы да, 1922 жылы басыл-

са да, Қазанда басылғанынан біраз кейінірек шыққандықтан, кітаптың 3-баспасы деп есептелген. Һәм кітаптың сыртында солай деп басылған. Бұл үшінші баспасы екіншісінің өзі яки сол Қазан баспасының түзетілгені емес. Ташкент баспасының зорлығы – 293 бет. Бірақ кітаптың 3-баспасы (Ташкентте бастырылғаны) кітаптың басылуында әдемілік, қағазының жаңалығы жағынан Қазан баспасынан жақсы болып шыққан. Өлеңдері әдемі өнерден (искусстводан) саналады. Солай болған соң олардың әдемі басылуға тиіс екендігі өзінен-өзі ашық нәрсе.

Түркістан баспасөз таратушы мекемесі жергілікті халық ақындарының өлеңдерінің бұл кітапты жақсы, әдемі қып бастыруымен әуелгі кемшіліктерінің біразын жойған көрінеді. Сөздердің дұрыстығы жағынан Ташкент баспасы алда деп айтарлық. Кітаптың аяғына аңдамайтын сөздердің аңдатпалары қосылып жақсы қылынған.

Қазан баспасында бұл жоқ. Бірақ бұл екі баспаның өлеңдерді бөлімдерге бөлуде, жолдарға айыруда, өлшеулерге белгілеуде бір жолмен бара алмағандықтары көрінеді. Кейбір өлеңдерде Ташкент баспасы жаңылған болса, кейбіреулерінде Қазан баспасы жаңылысқан. Солар туралы айтып өтуге тура келеді. Кейбір өлеңдердің өлшеулері, жолға айырулары Қазан баспасында Ташкент баспасына қарағанда дұрысырақ болып көрінеді.

Мәселен: «Бай сейілді» деп басталған 54 жолдық өлеңде:

Елде жақсы қалмады

Һәм

Қағып елін қармады, –

сықылды 7 буындық үшінші қоспа жолдар Қазан баспасында әуелгі жолдардың астында сол жерлердің аяғына жалғанып басылған. Өлшеудің дұрысы сол болуы керек. Бұл туралы Қазан баспасы дұрыс жол ұстаған болса да, бұл өлеңдердің жолдарын мағынасы жағына қарай бөлімдерге айыра алмаған. Мағынасы жағынан қарағанда бұл өлеңдердің жолдарының әр 6 жолы бір бөлім болып айырылып баруы керек еді. Мұнда Ташкент баспасының тұтқан жолы дұрыс. Ол солайша айырып барған. Бірақ бұлай мағынасы жағынан қарап, 6 жолды бөлімдерге айырғанда бір бөлімді ішке кіргізіп, бірін шығармай, бәлкім бір қатарда жазып, әр алты жолдың арасын кеңірек қылып бос қалдыру яки араға жұлдыз \* сықылды белгі қою керек еді.

2. «Ем таба алмай» деп басталған 42 жолдық өлеңдерменен 20-сан астында «Бойы бұлғаң» деп басталған 72 жолдық өлеңдерді жолдарға бөлуде Ташкент баспасы дұрыс жол тұтқан. Мұнда өлеңдердің өлшеуі ашық, тура бір жолға қойылған. Белгілі бір тәртіпке салынған. Бірақ мұнда да мағынасы жағынан қарағанда 7 жолдан ғибрат болған бөлімдерді ашық яки жұлдызды қылу жолы тұтылмаған. Бұлардың мысалын көрсетсек мынау.

Ташкент баспасында:

Ұйқы, тамақ  
Қалды тым-ақ  
Керегі жоқ  
Ас болып.  
Жай жатпағын,

Тыныш таппағын  
Кеш болып.

Қазан баспасында:

Ұйқы, тамақ  
Қалды тым-ақ  
Керегі жоқ ас болып  
Жай жатпағым,  
Тыныш таппағым  
Күш болып.

Бұл өлең сол рәуіште Ташкент баспасында әуелгі үш яки әуелгі екі жол 4 буындық соларға қоспа жолдар 3 буындық өлшеуге салынған. Жолдардың түсулері жағынан бұл дұрыс болғанын өзіңіз де көріп отырсыз.

Қазан баспасы мағынасы жағынан қарап бұл өлеңдерді 4-2-7 өлшеуге дейін салған. Яғни, әуелгі екі жолды 4 буындық қылып, 3 жолды 7 буындық жолдан қылып бару жолын тұтқан. Бірақ ол жөнмен үнемі бара алмай, кейбір жерлерінде қателесіп қалған. «Күш болып» дегенді өз басына айырып шығарған.

3. «Сегіз аяқ» деген сөз басы астында жазылған 200 жолдық өлең жолға һәм бөлімдерге айырылуында Қазан баспасының тұтқан жолы дұрыс. Неге десең, себебі мынау: Бұл өлеңдердің бөлімі 8 жолдық. Өлшеуі 5-5-8 болып барады. 8 буындық жолдар 5-5 буындық. Әр екі жолға қоспа қойылған. Және 8 буындық екі жол қосылып барады. Абайдың бұл өлшеуі солай болғанда дұрыс ретті қағидалы бір өлшем болады.

Ташкент баспасының жаңылысқандығы 8 буындық 3 қоспа жолдарды бөтен 5 буындық жолдардың қатарына қойғандығы болып табылады. Ташкент баспасындағыша қарағанда, өлеңдердің өлшеуіндегі түп қасиеті, әдемілігі жоғалады.

Сонда да Ташкент баспасында 8 жолдық бөлімді сызумен айыра баруда дұрыстық жолы тұтылған. Қазан баспасында бұлай қылынбаған.

4. «Қор болды жаным» деген 24 жолдық өлеңдерді бөлуде, жолдарға айыруда дұрыстық Ташкент баспасында. Қазан баспасы бұл орында жаңылысқан. Бірақ Ташкент баспасында 7 буындық жалғыз жолдар 5 буындықтардың астына соңғы жағына алып келіп қойғандай болса, тіпті жақсы болған болар еді.

5. «Сен мені не етесің» деп басталған 72 жолдық өлеңдерді бөлімдерге, жолдарға айыру-

да Қазан баспасы да, Ташкент баспасы да дұрыс жол тұта алмаған. Бұл тұрғыда Ташкент баспасы зор қателескен көрінеді. Қазандікі бұл тұрғыда дұрыстыққа жақындап қалса да, жақсылап тексеріп анық дұрыстығын таба алмаған.

Дұрыстығы мынау: Бұл өлеңдердің бөлімі бәрі де 12 жолдық болып соның өзі тағы 6 жолдықтан 2 басқа айырылады. Өлеңдердің өлшеуі дұрысында былайша: 6-4-4-3-6-8, яғни бірінші жол – 6 буын, 2-һәм 3-жолдар 4 буыннан, ортада қоспа жол 3 буын, кейінгі екі жолдардың әуелгісі еш өзгерместен 6 буын, екіншісі 8 буын болып барды. Абайда былайша өлшеу – ашық бір жол қалып алынған өзгермес бір қағидаға қойылған жаңа өлшеу. Мысал үшін, мұнда дұрыс деп бір бөлімді жазып өтеміз.

Сен мені не етесің,  
 Мені тастап,  
 Өнер бастап,  
 Жайыңа  
 Және алдап, арбап  
 Өз бетіңмен сен кетесің,  
 Неге әуре етесің?  
 Қосылыспай,  
 Басылыспай  
 Байыңа  
 Және жаттан бай тап,  
 Өмір бойы қор өтесің.

Мінеки, Қазан баспасы мен Ташкент баспасы арасында Абай өлеңдерін бөлімдерге, жолдарға, өлшеулерге айыруда бір жолдан барғандықтарының қалай екенін көрдіңіз. Соны көрген соң мұнда біздің басымызға бір сұрау келеді. Ол мынау: Бұл өлеңдерді Абай өзі қалай жазған, ол өзі оларды бөлімдерге, жолдарға қандай қылып айырған, оларды қандай өлшеуге салған? Қазан баспасынан бастырушыларға да, Ташкент баспасынан бастырушыларға да мәлім болмады ма екен? Абайдың өзінің түп қолжазбасы жоқ па екен?

Бір ақынның өзі үшін өлшеу мәселесі – өте керекті бір мәселе. Абай өзі көп жаңа өлшеулер тудырған көрінеді.

Абайдың қанша ән қандай түрлі өлшеулері болғанын кейін жинап айтып өтеміз, соның үшін бұл туралы енді сөзді тоқтатамыз.

## II

Ақындар өлеңдері туралы айтатын сөздерді газеттерге онша толық, кең қылып айтып болмайды. Мұның орны журналдар болады. Сондықтан біздің мұнда Абайдың өлеңдерінің һәм оның

ақындығын тексеруіміз қысқа болмауында шара жоқ. Біз газет бетінде қысқаша ғана тексеріп өтпекпіз.

## III

Абайды жұртшылық жағынан тексеру. Ақындар өз заманы жұртшылығының жемістері болады. Ақынның миы, жүрегі өз ішінде жасаған мұхитына (айналасына) қарап істейді. Ақынның миы һәм жүрегінде болғанның бәрі, өзі ішіне алған, тұрмыстың оған берген нәрселері, ол соларды өзінің миы һәм жүрегі арқылы тілімен, яғни сөздерімен жандандырып тысқа шығарады. Ұзын сөздің қысқасы: бір халықтың көрмек тұрмысы, дүние-тіршілігі, техникасы қандай болса, ол халықтың ақындары да сондай болады. Сол тұрмыстың берген әсерлерін сөзбен жарыққа шығарып, майданға салады, яғни тіршіліктің өзін яки одан алған әсерін суреттеп жандандырады. Өзі ішінде жасаған орынның табиғат көріністері, жаратылыс сырлары әрдайым әсер беріп тұратын нәрселерден саналады.

## IV

Абайдың өмірі, өткен заманы, елі ақсақалдық (феодалдық), қазақтың билік негізінде құрылған тұрмыспенен жасап келген заманы, оның өзінің өсіп-өнген елі, тіршілік еткен жері – төрт аяқты мал шаруашылығымен тіршілік қылған қазақ елі. Бұл елдің тұрмыс көмегінің, тіршілік техникасы, ғылымы, өнері һәм бар идеологиясы қандай болғаны мәлім. Мұны мұнда жазып отыруға қажет емес.

Абайдың һәм барлық қазақ халқының отырған орны, қонып жүрген шеті көрінбес кең шөлдер, меніреу үнсіз далалар болғандығы белгілі.

Абай, міні, сол заманда, сол елдің ішінде сондай тіршілік орындары, сондай табиғат орындары ортасында туған, сонда өскен, бар өмірін сонда жасап, сонда өлген бір кісі. Кісіге сол ел, сол тұрмыс қандай әсер, қандай ғибрат бере алса, Абай да сол бізге өзі арқылы өлеңдеріменен соны береді. Сол тұрмыстан алған жүрек толқындарын шығарады. Содан артықты біз хатта Абай күшті данышпан бір ақын болғанда да, Абайдан күте алмаймыз һәм күтуге қақымыз да жоқ.

## V

Тағы да айтатын бір сөз; Абай – XIX ғасырдың кейінгі жартысының адамы. Бұл заман – орыс сауда капиталының күшейген заманы. Орыс ақсүйектерінің (дворян тобының) қуат алған за-

маны. Өнер капиталының да басталып, өсуге бет алған дәуірі, орыс сауда капиталының һәм орыс патша үкіметінің бар күшімен қазақ елін жаншып езген заманы да сол заман. Патша үкіметінің қазақ елінің үстіне түрлі жақтан құрық салған, шу қозғатқан колонизаторлық, миссионерлік саясаты да сол замандарда күшейген. Бұл саясат қазақтың бұрынғы биігін, билеу үшін болған таластарды, ру тартыстарын қуаттандырып, жаман бір жолға кіргізіп жіберген. Қазақ елінде өзара талас, өзара дұшпандық, қастық күшейген. Төрелік, болыстық үшін партия болып таласу деген туды.

Екінші жақтан, қазақ еліне, қазақтың арасына орыс миссионерлік школдары (яғни қазақты орыстандыру, орыс дініне кіргізу үшін қызмет ететін школдар) ашыла бастап, орыс патша үкіметінің орыстық саясатының күшті жүргізіле бастаған заманы нақ Абай заманына тура келді.

Сол жоғарыда айтылған сөзімізді қысқартып, жиып айтқанда, былай болады: Кең дала, меңіреу шөл, көшпелі тұрмыс, көбірек аяқты мал шаруашылығымен күн көріс, Россия сауда капиталының, Россия патша үкіметінің әкімдігі, колонизаторлық, миссионерлік саясаты; аймақрулардың өзара төрелік, болыстық, ауылнайлық үшін тартыстары, бір-біріне қастық, надандық, қараңғылық, еңбексіздік, жалқаулық, бассыздық, қайратсыздық, өсекшілдік. Мінеки, Абайдың өз ішінде жасаған айналасының, елінің, тұрмысының жөні сондай еді. Абай өлеңдерінде адамға сол жолдардың беретұғын әсерлерінің бәрі де ашық көрсетіледі.

Абай – сыршыл (лирик) ақын. Оның өлеңдерінің бәрінде де қайғы бар, зар бар. Ол зарланады, ел мұңын зарланады. Өзінің білімді, сезімді болуы себепті, ел үшін қайғырады. Оның тілінен шыққан зардың бәрі өз заманында қазақ елін басып жатқан қайғы, бақытсыздықтың ұшқыны. Абай өзі мұны ашық айтып берген төмендегі 4 жолдық өлеңімен:

Қайғы шығар ілімнен,  
Ыза шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң,  
Зар шығады тілімнен.

Абай қазақтың жалғыз ақыны ғана емес, ақындықтың үстіне Абай – қазақтың ояну дәуірін бастаушы ойлаушыларының ең біріншісі. Бұл турада Абай былай дейді:

Ерте ояндым, ойландым жете алмадым,  
Етек басты көп көрдім елден бірақ.

Абай – ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.

Абайда ақыл мен жүрек бірігіп, бір түйінді жұмбақ жасаған.

Жүрек тербеп оятар баста миды, –

дейді Абай. Ол толқында толқындана ойлайды, ойлай-ойлай толқынданды. Абай турасында жұмбақ адам. Мұны ол өзі:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла, –

деп аңғартады. Дұрысында Абайды жақсы тану үшін, бір жақтан ақылының түбіне терең бойлайтұғын тұңғыық терең адам керек. Ол:

Жүрегім менің қырық жамау, –

дейді. Мінеки, сол қырық жамау жүректің сырын шешетін жүрек керек. Сонда Абайдың кім болғандығы, қандай ақын екендігі аңдасылады. Абай өзі:

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей...  
Екі күймек бір жанға әділет пе,  
Қаны қара, бір жанмын, жаны жара

Һәм

Мен ішпеген у бар ма?

Һәм

Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сия, ащы тіл, –

деп Абай бізге өзін дұрыс аңдатып береді.

Ауырмай тәнім,  
Ауырады жаным  
Қаңғыртты, қысты басымды.  
Тарылды көкірек,

Қысылды жүрек  
Ағызды сығып жасымды, –

деген өлеңдері Абайдың заманынан асып туған бір адам болып, қаптап жатқан қараңғылықта тұншығып, қиянатқа шамданып, кемдікке ызаланғанын көрсетеді.

Абайды бұл жолға жеткізген себептер өзінің бақытсыздығы емес, бәлки Абайдың алдындағы елінің бақытсыздығы. Абайдың жүрегіне бұл қайғыларды, бұл ауруларды қойған оның жүрегін өртеген тұрмыс және жоғарыда айтылған дала тұрмысы, ел намысы, қазақтың құл болып күн көруі. Зерек, сезгіш Абайды сол ел, сол тұрмыс, сол құлдық қайнатып, ақындығын еріксіз қозғап жіберген. Абайдың:

Іште қайғы, дерт кесіп,  
Көкіректі өрт қысып  
Айтуға көңілім тебірәнді, –

дегені соны көрсетеді. Қысқа сөз: Абай – қазақтың сол замандағы өз тұрмысы тудырған күшті, өткір бір таланты. Оның өлеңдері арқылы Абай дәуіріндегі қазақ елінің тұрмысын әм басқа да сыр-сипаттарын ашық көруге болады.

## VI

Абай патша үкіметінің қазақ еліне көрсеткен саясатына зарланып былай дейді:

Орыс съезд қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Қу старшын, аш билер  
Өз жүрегін жалғайды.  
Орыссыз жерде топ болса,  
Шақырған кісі бармайды.  
Болды да партия  
Ел іші жарылды  
Әуремін мен тыя,  
Дауың мен шарыңды...

Абайдың жоғарыдағы өлеңдері қазақтың болыс болғысы келіп жүрген атқамінерлерінің қандай істер істеп жүргенін, олардың сол уақыттағы рухындағы ахуалды өте жақсы қылып суреттеп, айтып береді. Бұлардың ішінен бірнеше жолды көрсетсек мынау:

Болыс болдым, мінеки,  
Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта жал,  
Қалмады елге тығындап

және:

Күн батқанша шабамын  
Арлы-берлі далпылдап.  
Етек кеткен жайылып,  
Ат көгіне жалпылдап.

Мінеки, сондай көріністі ашық суреттейді. Сөздеріменен болыс болдым деп, телміріп жүргендердің халдерін бізге ашып береді. Бұл өлеңнің бәрі 190 жол. Сонда қазақ болыстық талас артынан еліріп жүрген телі-тентектерінің қылып жүрген ісі һәм мінезі көз алдымызда ашық суреттеледі.

Өз заманында қазақтың ала ауыздығы, бір-біріне қастығы Абайға қандай әсер берген, сол туралы жазған көп өлеңдері ішінен төмендегі өлеңдерді ашық көрсетіп тұр.

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ  
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып.  
Құда, тамыр, дос-жарың, қатын балаң  
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр...

Кетті бірлік,  
Сөнді ерлік...

Заман ақыр жастары  
Қосылмас ешбір бастары,  
Біріне-бірі қастыққа  
Ішіне тыққан тастары.

Абай жалпы қазақтың надандығына зарланып, соған қайғырса, ел ақындарының надандығына да қайғырып, зарланып былай дейді:

Ақындары ақылсыз надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап...  
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап.  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.

Бұл өлеңдер Абайдың ұлы жүрегінің алдымызға шашырап түскен ең ұлы бір ұшқыны емес пе? Қырық жамау жүректі Абайдың өзі түгіл басында есі бар адамның жүрегін, Абайдың сол сөздерінің өзі қырық жамау қыларлық емес пе? Бірақ Абай – өз жүрегіне ұқсас адамдарды



таба алмаған адам. Абай өлеңімен өзін-өзі уа-  
тып, өлеңін өзінің жаралы жүрегіне ем қылады.  
Абайдың көңілі өз тұсындағы қазақ елінің істеген  
істерінің көбіне қуанбайды. Оны төменгі өлеңдері  
көрсетеді:

Еңбек жоқ, hareket жоқ, қазақ кедей...  
Өз үйіңнен тоярлық қолың қысқа.  
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.  
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген  
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа...

Осы күнде осы елде дәнеме жоқ,  
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Абайдың өз халқының ісіне өзінің көңілі тол-  
мағандықтан, төмендегі сөздерді ықтиярсыз ай-  
тып салады:

Адам деген даңқым бар,  
Адам қылмас халқым бар

және:

Туған жерді қия алмай,  
Тентегі-телін тыя алмай,  
Әлі отырмыз ұялмай,  
Таба алмадық өңге елді, –

деген сөздерді жүрегінен ықтиярсыз шығарады.  
Абай өлеңімен жүрегін жамайды. Абай сол  
жоғарыдағы улы зарларды, қанды көз жастарме-  
нен бірге халық үшін төмендегі үгіттерді айтады:

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол...  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ  
Бес дұшпанды білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой.

Байқап отырсақ Абай үкімет, зорлық, неше  
түрлі ащы сөздерді қаймықтастан айта береді.  
Абай дін, сопылық тұзағы, елді тонаушы надан  
сопы туралы да еш тыныш тұрып қала алмаған.  
Абай оларды мынандай деп сыпаттайды:

Кейбірі пірге қол берген  
Іші залым, сырты абыз.

Кейбірі хажіге барып жүр,  
Болмаса да хаж парыз.  
Кітапты молда теріс оқыр  
Дағарадай болып сәлдесі  
Мал құмар көңлі бек соқыр  
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Абайдың жасаған айналасы, елінің жалпы  
тіршілігі Абайға, мінекей, сол әсерлерді берген.  
Абайдың миынан, жүрегінен ықтиярсыз соларды  
қайнатып шығарған.

Абайды қанағаттандыра алмаған қазақтың  
салт-сана тұрмысы бәрі жиылып келіп дүниеден  
мүлде бездіруге, үмітсіздікке түсіруге де себеп  
болған, пессимистік жолына кіргізген.

Абай соңынан хатта бүтін дүниясына, бүтін  
өмір деген нәрсенің өзінен ем азаматтың бәрінен  
үміт үзу жолына кіреді. Ол – ардан қол сілтей бас-  
тайды:

Өмір дүние дегенін  
Ағып жатқан су екен.  
Жақсы-жаман көргенің  
Ойлай берсең у екен.  
Жүрегімді қан қылды,  
Өткен адам, өлген жан,  
Ақыл іздеп, ізерлеп  
Бәрін сынап сандалған.  
Бірін таппай солардың  
Енді ішіме ой салған.  
Тұла бойды улатты,  
Бәрі алдағыш сұм жалған.

Мақаланың басынан бері жазып келген  
сөздеріміз Абайға жұртшылық жағынан қарауы-  
мыздың нәтижесі болып айтылып отыр. Абайдың  
өз ішінде жасаған қазақ елінің тұрмысы, салт-  
санасынан алғаны, мінеки, сол. Бұл тұрмыстың  
Абайға бергені де болса, Абай өз басында, өз  
жүрегінде соны ақындық қуатыменен жаңадан  
істеп, жаңадан суреттеп, соларды өлеңдері  
арқылы халыққа жариялап отыр.

Қазақ халқы өзінің Абай арқылы өзінің су-  
ретін, сипатын көп жақтан дұрыс көре алады.  
Сондықтан Абайды өз заманының айнасы десе де  
болады.

Енді алдағы мақалаларымызда Абайды өлеңі-  
нің мазмұны, рухы жағынан, ақындық қуаты  
жағынан, тіл, сөз қисыны жағынан қысқаша  
тексеріп өтпекпіз.

### Абай өлеңдерінің табиғаты һәм ішкі рухы жағы туралы

Біз ақынның шығарған өлеңдерінің нендей табиғатта, нендей рухта болғандығын жақсы тексеріп, бар сырын түгел ашып беру үшін ақынның өзінің табиғаттағы жайларын жете-білу керек болады. Мұны білу үшін бірінші кезекті нық таяныш нәрсе – ақынның өмір тарихы болмақшы. Міне, соның үшін біз Абай өлеңдерінің табиғатын һәм рухы жағын тексерген уақытта Абайдың өмірімен таныс болмағанымыз үшін біздерге көп қиындықтар кездеседі.

Абайдың өмірінің жақсы тексеріліп жазылмағандығы, белгілі бір ғылым жолына салынып жазылған өмір тарихының болмауы Абай туралы жазушыларды аса зор ыңғайсыз халге түсіреді.

Абайдың өлеңіне қосылып, басылған өмір тарихы Абайға шын мағынасында сын жазамын деген жазушыларды да қанағаттандыра алмайды. Ең соңғы басылған Абай өлеңдерінде де Абайдың ескі баспасында басылған әдебиет заңын қолданбаған алғашқы жазылған өмір тарихын қайта басқан. Соңғы баспасын бастырушы жолдастар Абайдың өмір тарихын толықтырып, ғылыми бір жолға салып бастыруы керек еді. Не үшін қазақтың қалам қайраткерлері Абайдың өмір тарихын толықтырып жазуға сараңдық қылуы аса түсініксіз аянышты нәрсе.

Абайдың өлеңдерінің табиғатын һәм ішкі рухын ашық тексеру үшін демесін беретін нәрселер мыналар:

1) Абайдың өмірінде басылған өмір тарихының көрсетуі бойынша, Абай 10 жасынан былай қырда мұсылманша оқи бастаған. 13 жасына шейін Семейдегі медреседе оқыған. 14 жасында оқудан мүлде тоқтаған. Қысқасын айтқанда, Абайдың бар оқыған мұсылманша оқуы төрт жылдық қана болған. Орысшаны да Семейде болған шағында бастауыш орыс мектебінен үш ай ғана оқып шыққан. Абайдың орысша болсын, мұсылманша болсын мектептерден алған бұл мағұлматы Абайдың барлық біліміне жол ашып берді деп айтуға бола ма?

Абай үш ай ғана оқыған оқумен орыстың ірі ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Крыловтардың түпкі негізіне қалай түсінген. Олардың өлеңдерінен қалайша түпкі негізін бұлжытпай тәржіма қылуға күші жеткен.

Абайдың орысшаны жете түсіне білуі – Абай орысшаны үш ай ғана оқыған оқумен қанағаттанып қоймағанын көрсетеді. Абай мектептен тыс орысшаны толық, түсінерлік дәрежеде оқығандығы орысшадан аударған өлеңдерінде ашық байқалады. Я болмаса Абайдың жанында дайын орысша ақындары, ашық түсіндіре білетін білімді бір адамның серік болғаны байқалады. Егер бұл айтылғандай болмаған болса, Абайды жай жабайы адамнан оқшау, өзіндік бөлек нақ данышпан адамның сыпаты барлығы ашық көрінеді. Бұлай болғанда біз Абайда талассыз данышпандық (гениальность) белгі бар деп айта аламыз. Болмаса Спенсер кітаптарын әм «Позитив философия» турасындағы кітаптарды, Дрепердің «История умственного развития Европы» деген кітаптарын анық түсініп білу үшін, аз қуат керек емес. Абайдың Кәкітай Құнанбаев тарапынан жазылған өмір тарихы бізде жоғары айтылғандарымыздың бәріне де жауап бермей қараңғы, күңгірт күйде қалдырып кетеді.

2) Абайдың өлеңдерімен бірге басылған өмір тарихында былайша жазылған: «Абай 13 жасында-ақ балалық қылмай ел ішінде жұртты өзіне қаратқан, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып жүрген әм елдің жақсылары баласынбай аузына қарай бастаған». Бұдан көрінді, Абай жасынан-ақ ірі адамдардың қатарына кіріп, халыққа басшылық, қылу үшін билермен тартыса бастағандығы, Абайдың билікке, халыққа таласуына, туған-туысқандарының да атақты, елге басшы адамдардан болғандығы да Абайды жастан ірілікке жетектеген. Туысқандарының әм өскен ортаның мақсат қылған нәрселері Абайды билік үшін таласқа кіргізуге әбден мүмкіндігі болған.

Бірақ Абайдың өлеңдерінің көбінде елге басшы боламын деген адамдарды кекеп, зарлы, улы тілмен шаншатындық бар. Абай жабайы ел адамдарындай билікке өзі ынталы адам болғандай болса, зарлы тілін тап онша қадамас еді. Бұл туралы Абайдың билікке көзқарасының қандай болғандығын өмір тарихында толық ашып айту керек еді. Және Абайдың өмір тарихында былайша жазылады: «Жиырма жасында Абай маңдай алды шешен болды» әм «қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді», – дейді. Міне, бұл сөздер Абайдың табиғаты, ішкі рухы билер сықылды болғандығын аңғартады. Жалғыз-ақ, Абайдың тілегіне бөгет болған – заман. Заман бөгет

болмағанда, Абайдың тұтынған жолы әкімшілік еді дегенге келтіреді. Бұл сөздер сырт қараған кісіге Абай өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы соңғы кезде мүлде үмітсіздікке айналып кетуі, сол өзінің тілекті мақсаты болмағандықтан да болған шығар деген шүбәлі ой тудырып та қалады.

3) Абайдың шаһармен байланысы болған ба? Семей қаласында 2 жыл оқу оқығаннан кейін оқуды тастап елге қайтып кетеді дейді. Абайдың сол кеткеннен қаламен қатынасы мүлде үзілді ме, жоқ болмаса қаламен қатынасы жиі болып, қаладағы мұсылман яки орыс мұғалімдерімен мәжілістес, пікірлес болып жүрді ме?

Міне, бұл жағы да Абайдың өмір тарихында күңгірт, көмескі түрде айтылмай қалған. Абайдың өлеңін тексерушіге бұл да зор қиындық тудырады.

4) Абай орыс әдебиетімен әм жазушыларымен 35 жасынан былай қарай таныс болып еді. Абайды бұлармен таныс қылуға себеп болған орыстың атақты білімділері мен Михаэльс әм Гросс деген еді дейді. Абайды Пушкин, Лермонтов, Толстой, Некрасов, Достоевский, Белинский, Писарев әм бұлардан басқа да ірі ақындармен жоғарғы айтылған орыс оқымыстылары таныс қылған.

5) Абайдың тәржіма халінде: «Орыс әдебиетімен танысу Абайдың көңіліндегі ақындығын қозғап, Абайдың өлең жазуына себеп болды», – дейді. Бұл айтылғандардың Абайдың 35 жасына шейін ешбір өлең жазбағандығы көрінеді. Шынында, Абай өлеңдерінің бәрінде де 1884 жылдан бастап 1903 жыл арасында ғана жазған, яғни Абай 35 жасына жеткеннен кейін өлең жазуға кіріскен. Хатта Абайдың ақындық күшінің жарыққа шыққандығы 39 жасынан кейін басталды деп айтуға болады. Бірақ тәржіма халінің тағы бір жерінде былай дейді: «Абай 14 жасында-ақ біреуді мазақ яки қалжың қылып құрбылар ортасында өлең шығара бастаған», – дейді. Бұған қалайша түсінуге болады. 14 жасынан былай қарай жазған өлеңдері қайда? Бірінші баспасы басылғанша не үшін жас жігіт шағындағы өлеңінің бір жолы болса да кітапқа кіргізілмеген. Әлде жас шағындағы жазғандары маңызсыз-мағынасыз болғандықтан баспаға берілмеген бе? Міне, осы жоғарғы айтылғанның бәрі де Абайдың өмір тарихы толық жазылмағандықтан, Абайды басылып шыққан кітабына қарап тексерушіге аса зор жұмбақ болып шығады.

Тексеруші 14 жасынан бастап жазған бір

ақынмен 39 жастан бастап жазған ақынды бір көзбен айырып баға беруіне болмайды һәм 14 жастан бастап жазған ақын мен 39 жастан бастап жазған ақын өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы еш уақытта бір түрлі болып келмейді.

6) Абайдың қазақ арасындағы ел ақындарымен қатысы болды ма, болған күнде олардың шығарған өлеңдеріне еліктеді ме? Еліктеген болса, олар қандай ақындар еді? Қандай типтегі кісілер еді?

7) Абайдың қазақ арасындағы дайым қатынас жасаған ел **адамдары**, пікірлес замандастары кімдер болған? Олар қандай табиғаттағы адамдар еді? Бұлардың Абайға қандай әсерлері болды?

8) Абайдың үй-жамағатымен, тұрмыс жүзінде әйелдермен қандай байланысы бар еді?

Міне, Абай өлеңдерін тексеру үшін осы сұралған сөздердің бәріне де Абайдың өлеңдерімен қосылып басылған тәржіма халінде жауап ашық болуы керек еді. Бұл күнге дейін Абайдың басылған өлеңдерінде бұл кемшіліктер толықтырылмай келе жатыр. Әйтсе де біз Абайдың майданға түскен бар өлеңімен әзірше қанағаттанып, Абай өлеңдерінің табиғаты әм ішкі рухын шамамыз келгенше тексеріп өтуге лайық деп табамыз.

## VI

Абай барлығы 5313 жол шамасында өлең жазған. Бұлардың ішінен орысшадан тәржіма қылғаны 1700 шамасында. Соңғыларын шығарып тастағанда, Абайдың нақ өз тарапынан шығарған өлеңі 3612 жол шамасында болады.

Абай өлеңдерін жыл тәртібімен қарағанда бір түрлі көрінетін нәрсе мынау:

1884 жылы	38 жол	1894 жылы	148 жол
1885 жылы	14 жол	1895 жылы	138 жол
1886 жылы	701 жол	1896 жылы	336 жол
1887 жылы	202 жол	1897 жылы	390 жол
1888 жылы	64 жол	1898 жылы	64 жол
1889 жылы	1032 жол	1899 жылы	48 жол
1890 жылы	205 жол	1900 жылы	72 жол
1891 жылы	164 жол	1901 жылы	72 жол
1892 жылы	116 жол	1902 жылы	152 жол
1893 жылы	212 жол	1903 жылы	16 жол

Абай кейбір жылдары аз жазады. Жазған өлеңдері жыл сайын я артылып, болмаса біркелкі болып отырмайды. Абайдың жыл сайын жазған өлеңдерінің жолдарының санын оқушыларға көрсетіп өтуді мақұл табамын.

Бұл көрсетілген цифрлардан Абайдың 1898

жылдан кейін өлең жазуы кенет көп кемігендігі әм әр жылда біркелкі болмағандығы көрінеді.

Абайдың былайша өлең жазуы тексерушіге зор жұмбақ ретінде болмақшы. Бұл жұмбақты шешу үшін, Абайдың толық жазылған өмір рухы болу керек.

## VII

1898 жылдан кейін Абай өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы өзгере бастайды. Сонымен бірге Абайдың әуелгі ақындық күшінің де кеміңкіреп, жұмсарғандығы сезіледі.

Абайдың дүниеден безіп, өмірден үмітсіздену жолына кіргені 1892 жылдан бастап 1900 жылға шейін артықша күшейіп барады.

Жүрегім менің қырық жамау  
Қиянатшыл дүниеден, –

деген өлеңімен хатта адамзаттың өзінен тіпті безгендігін аңғартады.

Адам бір боқ көтерген боқтың қабы, –

деген өлеңі де 1899 жылы айтылған. Және сол жылда:

Есіңде бар ма жас күнің,  
Көкірегің толық, басың бос.  
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің  
Кімді көрсен бәрі дос.

Міне, бұл өлеңдерден аңдаспау бойынша, әлі де шыңдап та Абайдың қарттық күнінде, яғни өмір бітуі жақындағанда, өлең тудыратын сезімдерден Абай жүрегі босап, басына қайғы толып, жас уақытта өлең шығаратын қуаты бүтіндей жоғалып, нашарлайтын халге жетті ме екен? Әлде Абайдың өмірі бітуге жақындағанда, Абайдың ілхамы (шабыты – *М. М.*) әм ақындық қуаты өз-өзінен жоғала бастады ма екен? Әлде шынында да, махаббат қызықтың мол болған жылдары ақырын-ақырын артқа шегініп, Абайдан алыстап кетіп, сондықтан Абайдың ақындығы нашарлады ма екен деген шүбәлі ойлар еске түседі. Яки сол жылдың өзінде:

Көзіме жас бер жылайын,  
Жаралы болған жүрекке  
Дауа бер жамап сынайын, –

дегенінше жаралы жүрегін жамайтын дауасы бітіп қалып, соңғы өлеңдері әуелгідей түр таба алмай кетті ме? Әлде:

Күйесің, жүрек күйесің  
Күйгеніңнен не пайда, –

деп ақындық қуаты дәйім күшті болып тұрған күйінде де Абай өзінің күйгендігінен пайда болмағандығын ойлап, сол себепті өлең жазудан өзі тілеп тоқталды ма екен? Не болмаса:

Жапырағы қуарған ескі үмітпен  
Зия ғып өмірімді бос жүріппін (1901 ж.), –

дегеніндей Абайдың өмірінің ақырындағы үмітсізденуі оның ақындығын бүтіндей сөндіріп қоймайды ма?

Шынында, біз Абайда шын ақындық сыртқы тұрмыс сезімінің әм сыртқы тұрмыстың өзі үшін қайғыру дегеннің 1898 ж. кейін біраз күшсізденгенін көреміз.

Абайдың ең бірінші бастап жазғаны 1884 ж. жазған «Сұлу қыз» туралы өлеңі. Бұл өлең Абайдың өлең шығара бастауында бірінші адым болса, мұнан соны аңғарамыз: Абайда бірінші адымнан-ақ суреттеу қуаты өзгеше күшті болған екен. Әрі сыртқы тұрмысқа жақын болған яки сонан алынып жазылған екен.

## VIII

Бұл өлеңнің жазылуы Абайдың 39 жасындағы шағына тура келеді. Бірақ өлеңнің қуатына қарағанда, Абай бұл өлеңді жасырақ уақытта шығармады ма екен деп ойлауға жоқ емес. Абайдың өзі шығарған өлеңдерінің бәрі маңызды, әдемі болып әрі көп шығарған жылы – 1886 жыл Абайдың табиғатты суреттеген ең жақсы өлеңдері және сол халде шығарған. Абайдың жұрт үшін қайғыруы да көбірек сол жылда болған. «Жаз» деген ес кетіретін ұсталықпен, тіпті жеңіл әм табиғи шығарылған толық көріністі әм шындықпен суреттеген өлеңі мен «Аттың сыны» деген өлеңі де сол жылы жазылған.

«Өлең туралы» айтқан қуатты өлеңдерінің көбі әм «Сүю туралы» деген аса шебер өлеңдері 1887-1897 жылдар арасында шығарылған. 1899 жылдан бастап, 1902 жылға Абай орысшадан тәржімамен барады. Абайдың соңғы өмірінің көбі тәржімамен өткендігі көрінеді.

Және әуелде аллаға онша жақын болмаған әм көбірек дүние үшін, халық үшін қайғырған Абай 1898 жылдан соң аллаға жақындап, алланы жат етеді. Алла туралы көбірек ойлап, сол ретте халыққа алла туралы пәлсапа сөздер сөйлеп, алла туралы діни үгіттер үйретеді.

1886 жылдарда Абайдың үгіті дүние, тұрмыс үшін болса, енді алла ахрет үшін болуға айналады. Абайдың бұл жылдан соңғы өлеңдерінде Толстой сықылды адамдардың жазған сөздерінің ізі көріне бастайды. Абай өмірінің бұл бөлімінде, шынында, қазақ халқына діни жол басшылық сипатын көрсетеді. «Ой туралы» деген өлеңдері бәрі соған куә. Солай қылып Абай 1895 жылда «Халыққа<sup>1</sup> махлұқ ақылы жете алмайды, Оймен білген нәрсеміз бәрі дәһрі<sup>2</sup>», – дейді.

Әм алла туралы: «Сонда да оны ойламай қоя алмаймын» әм «және оған қайтпаксың. Оны ойламай өзге мақсат ақылға тола ма екен», – деп, өзінің енді аллаға мықтап берілгендігін аңғартады.

## IX

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», – деп Абай енді дүниедегі өмірден соң тағы мәңгі жасау жанның мәңгілік болуын көксейді. Сөйтіп шындап та ахретке, машһараға әзірлене бастайды:

Дүниеге ынтық, машһараға амалсыздың  
Иманын түгел деуге аузым бармас, –

деген өлеңдері Абайдың сол сырын ашып береді. Абай 1897 жылда:

Алла деген сөз жеңіл  
Аллаға ауыз жол емес.  
Ынталы жүрек, шын көңіл  
Өзгесі хаққа қол емес, –

деген болса, 1902 жылда:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас, –

деп, ойы, пікірі аллаға, ахретке берілгендігін тағы мықтап айтып қояды. Сол жылда және:

<sup>1</sup> Халыққа, жаратушыға деген сөз, шахмұң – жаратушының жаратқан заттары деген сөз

<sup>2</sup> Замана туралы заманға қас деген сөз. Ташкент баспасындағы көрсету бойынша мәңгілік, дінсіздік деп ұғу қате (F. C.).

Махаббатпен жаратқан адамзатты  
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп  
Және хақ жолы осы деп әділетті.  
Осы үш сүю болды имани гүл

һәм:

Дін де осы, дін ойлаған тағат та осы, –

дейді.

1) Абайдың 20 жылдық әдеби өмірі бар. Соның әуелгі жартысында Абай күштілік көрсетеді. Соңғы жартысында әлсізденіп, өлеңнің табиғатын, ішкі рухын бүтіндей өзгертіп жібереді.

2) Өмірінің әуелгі жартысында Абайдың өлеңдері табиғат ішкі рухы мен тұрмысқа жақын дайым тұрмыс қайғыларын, тіршілік пікірлерін шешеді.

Соңғы жартысында (айрықша соңғы 70–80 жылдарында) алла әм ахрет туралы терең ойларға кетеді. Яғни, Абай өлеңдерінің табиғаты, үміттері тұрмыстың түрлі дерттерімен суарылған болса, соңғы жартысы діни пікірлер әм машһараға даярлану атымен суарылады. Идеализм деген пәлсапа жолына бұрып тұйықтайды.

3) Абай өлеңдерінде өзінің ашық сипаттарын өздігін көрсетеді. Абай кітабында түсірілген суретте қандай көрінсе, өлеңдерінде де сондай көрінеді.

Абайдың суретте көрінген маңдайы – өлеңдерінде көрінген маңдайының өзі. Абайдың маңдайында ойшылдық пен толқындаушылық бірлеседі. Бірақ кейіннен ойшылдық жеңіп кетеді.

4) Абай өлеңдері халықшылдық, қазақшылық рухымен шығарылған.

5) Абай өлеңдерінде (әсіресе әдеби өмірінің соңғы жылында) шындық (реальность) күшті, хатта діни мәселелерге де шын ынтасымен қарайды.

6) Абайға мұсылманшылдық дүниесіндегі сопылық әсер бермеген. Абай – мұндай сипатпен уланбаған кісі. Оның өлеңінен сіздер өтірік монтанылықты сезбейсіздер. Ол оны сезбейді де. Жалғыз-ақ Абайдың кемшілігі өмірі ақтығында дінге берілгендігі. Әм машһар қорқынышынан жеңілгендігі.

7) Абайдың кейбір өлеңдерінің бір пікірден екінші пікірге, бір сезімнен және басқа сезімге бірден секіргендігі, асығыстықпен көшкендігі көрінеді. Соның үстіне бағзы бір келіспегендіктер

әм бір-біріне қарсы болған пікірлер де жоқ емес (Газет жүзінде орын аздықтан мысал келтіріп болмайды).

8) Абайдың әдеби өмірінің әуелгі жартысында орыс әдебиетінің берген әсері сезілмейді. Абайдың өзінен өлең шығарушылық дәуірінде ешбір халықтың әдебиетіне әм ешбір адамға еліктегендігі білінбейді.

## X

### Абайдың тілі һәм өлшеулері

Әр халықтың ақындары сол халықтың сөйлеген тілінің жемістері болады деген сөз бар. Біз де сол сөзге қарай Абайды қазақ тілінің жемісі дейміз. Абай тілінің кеңдігін, өткірлігін қазақ тілінің кеңдігі, өткірлігі деп аңлау керек. Бұл тілдің байлығы, әдемілігі Абай өлеңдері арқылы ашық көрінеді.

Абай – қазақ тілінің кең, әдемі бір әдебиет тілі болуға лайықты екенін ашық көрсетіп кеткен бір ақын.

Бұл тілдің әдеби жақтан істелуіне де Абайдың көп қызметі тигендігі Абай өлеңдерінде ашық көрініп тұр.

Абай одағай сөздерден жасалған етістіктерді көп қолданады. Яки сондай етістіктерді көп жасайды әм бұл туралы шеберлігі таңданарлық.

Абай пәлсапа сөздерді, аса терең пікірлерді де еш қиналмастан жеңіл, ашық тілмен аңдата алады:

Ақыл мен жан – мен өзім, тек менікі  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан  
«Менікі» өлсе өлсін оған бекі.

Һәм:

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес, –

деген өлеңдері соған дәлел.

Абайдың бұл алты жолдық өлеңдерімен идеализм пәлсапасын қандай ашық аңдатып бергендігін көріп отырмыз. Абай жалпы түрік тілдерінің халық өлеңдерінде қолданған өлшеулерден басқа тағы өзінен шығарған жаңа өлшеулері жоқ емес.

Абайдың жаңа өлшеулерінің әсерінен жас қазақ ақындарында ғана емес, яки жас татар ақындарының бағзыларынан көріп отырмыз.

Абайда ескісі әм жанасы бәрі сегіз түрлі өлшеу бар, бірақ оның бәрін көрсетуге газет бетінде орын аз болғандықтан, оларды мысалдармен келтіріп отырмаймыз.

Ташкент, «Ақжол», 1923 жыл. № 335, 356,  
359, 363, 369, 372.

\* \* \*

**Ғ. Тогжанов**

### АБАЙДЫҢ ӨМІРІ, ӨСКЕН ОРТАСЫ, АЛҒАН ТӘРБИЕСІ

*Аннотация. Мақалада қарастырылатын мәселелер. Абайдың өмірбаяны, өскен ортасы, тәрбиесі.*

*Абайдың өмірбаянының зерттелуі. Абайдың ақындығы.*

*Тірек сөздер: Абай, өмірбаян, ақындық.*

**Ғ. Тогжанов**

### ЖИЗНЬ, СРЕДА И ВОСПИТАНИЕ АБАЯ

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Жизнь, среда и воспитание Абая. Исследование автобиографии Абая. Поэтика Абая.*

*Ключевые слова: Абай, жизнь, поэтика.*

**G. Togzhanov**

### ABAI'S LIFE, ENVIRONMENT AND EDUCATION

*Abstract. The issues dealt in this article. Abai's life, environment and education. Study of Abai's autobiography. The Poetics of Abai.*

*Keywords: Abai, life, poetics.*

Абайдың өмір баяны Мұхтарда өзгелеріне қарағанда, толығырақ жазылған. Мұхтар Абайдың арғы атасы Ырғызбай, онан бергі Өскенбай, өз әкесі Құнанбай – осылардың өмірінен де едәуір мағлұмат береді. Абайдың өмірін осылай әріден бастап, ата заманымен байланыстыра, бергі балалық, жігіттік, онан соңғы ел адамы Тобықтының болған заманынан да көп мағлұмат береді. Абай өмірі туралы ілгері-соңғы жазылған мақалалардың ішіндегі көлемдісі, тарихи мағлұмат, фактілердің көбі де осы Мұхтар мақаласы. Мұхтар мақаласы, әсіресе Абайдың ата тегін, өскен ортасын, алған тәрбиесін, Абайдың ел ісінде билік құрып, ел ақсақалы, болыс, би болған жөнінде тарихшыларда көп жазады, керекті материал береді. Қазақстан баспасынан Мұхтар мақаласын қысқартпай, түгел басуының да үлкен бір себебі осы болуы керек.

Алайда осы толық жазылды деген Мұхтар мақаласында да Абайдың өмірбаяны әлі толық емес. Әсіресе өз қолынан болған, өз жазбасы сақталған документтер, тарихи материалдар жоқ. Абай – өз өмірінде өз әлінше көп жазған кісі. Абай өмірін жазушылардың айтуына қарағанда, Абай кез келген жағдайда өлеңін жазып тастай берген. Соларынан әлі күнге ешбір нұсқа жоқ. Абайдың өлеңдерінен де ешбір қолжазбасы қалмауы Абай өлеңінің дұрыстығына, түгелдігіне де үлкен дақ салуы мүмкін. Көшірушісі, жинаушысы басқалар болған. Абайдың осылай түрлі жылдарда жазылған өлеңдері әркімнің қолында, аузында бытырап жүрген. Абай өлеңдерінің бірінші жинағы 1909 жылда ғана басылды. 20-25 жылдай Абай өлеңдері қолдан қолға көшіріліп, ауызша айтылып қана жүрген. Осы жылдардың ішінде Абай жазғаны түгел сақталды, түгел жазылды деп ойлау қиын-ақ. Бірден бірге көшіріліп жүргенде, ауызша айтылып жүргенде, азды-көпті өзгермеді, өзгертілмеді деу де қиын. Мұхтар әтейілеп Абай жазғандарын жинағанда, осы жағын да ескеруі керек еді. Абай жазғандарының осы жағына тиісті мағлұматтарды да жинап, оқушыларға таныстыруы керек еді. Одан соң, Мұхтар мақаласындағы тағы бір кемшілік – Абайдың басқаға жазғандары не Абайға жазған хаттар жайында түк мағлұмат жоқ. Әлихан мақаласында да, Мұхтардың өз мақаласында да (басқалардыкінен де) Абайдың орыстың халықшылдары (народниктері) мен таныс болғанын, хат жазып тұрғанын, Абайға келіп

үш-төрт айлап қонақ болып жатқандарын көп айтады. Бірақ осы жайында да түк дерек жоқ. Не хат нұсқаларынан дәнеме жоқ, не көрген-білген адамдардың сөздері жоқ. Абаймен жақындасқан орыс халықшылдарынан Абай туралы не өлген соң, не тірі күнінде жазған естеліктері жоқ па екен? Не хат есебінде, не мақала-әңгіме есебінде Абай жөнінде жазғандары бар шығар! Бізде Абайдың өмірбаянында әлі күнге дейін осы жағы да қараңғы жатыр. Үшінші, Мұхтардың Семейдегі Абай туралы бар архивтарды (губернатор, начальник, сезд материалдарын) қарамауы да, Абайдың өмірін толық білуге кемдік қылмай қоймады. Зерттеген кісіге бұл жағынан да Абай өмірбаянын толықтыруға материал табылар еді.

Абай өміріне тиісті материалдарды түгел жинау жөнінде Мұхтар мақаласында да осы сықылды кемшіліктері бар. Абайдың өмірбаяны мен бұдан былай шұғылданған әдебиетшілеріміз осы кемшіліктерді ескерулері керек. Мүмкін болса осы жағын да толықтыруға тырысу керек. Ал Мұхтардың Абайға берген сынына келсек, бұл жағында Мұхтар сыны – дұрыстығынан бұрыстығы көп сын. Ілияс Мұхтардың негізділерін өз мақаласында ашып айтқан. Шынында, Мұхтардың Абайға берген бағасы марксистар сынына қабыспайды. Мұхтар Абайды ұлтшылдар, басшылдар көзімен көреді. Сынағандағы қолданатын әдісі – идеалистердің әдісі. Мұхтар осынша ағынды заманымен, өскен ортасы, шыққан табымен байланыстыра отырып сынағанда, Абайды ұғуға болмайтын сықылды. Мұндай пікірде отырған кісі, әрине, Абайды сынап алмайды, Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи намысын, орнын да біле алмайды. Кейін реті келген кезде Мұхтардың және басқа қазақ ұлтшылдарының Абай жөніндегі теріс пікірлеріне тоқталмақпыз. Әзірге біз тек Абайдың өмірбаянын өзгеден толық жазған Мұхтардың негізді пікірі, әдісінің қателігін қана ескертіп отырмыз.

Жоғарыда Мұхтар мақаласында Абайдың арғы атасы, ата-тегі жағында көп мағлұмат бар дедік. Бірақ Мұхтар сол өзінің жазып отырған пәктілерінде дұрыс пайдалана алмаған. Толық пәктілерден қорытынды шығарады, кейде тіпті өзіне-өзі қарсы шығады. Мәселен, Мұхтар мақаласында Өскенбай, Құнанбайларға баға береді, сонда Өскенбайды «ел ортасына қадірлі, сыйлы болуы, мінез қасиетінен болса ке-

рек. Мінезі кекшіл емес, көп тілегін тілескен болғанға ұқсайды...» Өскенбайдың елге мәлім мінезі жоғарыдағы айтылғандай адал, әділ, кең болғандықтан, Өскенбай жалғыз өз еліне ғана қадірлі болмай, маңайындағы көрші елдерге де қадірлі болғанға ұқсайды (332-333 беттерде). Қысқасы, Мұхтардың дәттеуінше Өскенбай би адал, әділ, көп тілегін тілегіш болған?! Және осы мақаласында Мұхтар Өскенбайды Мәмбетай деген кісінің мұрнын кесіп алғанын, Кеңгірбайдан бата алып, Тобықтының дуанға білікті биі болғанын айтады. Мұхтардың қай сөзін ұстанамыз? Өскенбайды адал, әділ, кең, көпшіл болды дейміз бе, жоқ, не Тобықтының ел жеген жуан биінің бірі болды дейміз бе?

Мұхтар Өскенбайды мақтайды, адалдығын көп айтады. Бірақ Өскенбайдың әділдігіне, адалдығына біздің сенгіміз бар. Ауылға келген қонақтың мұрнын бейкүнә кесіп жүрген Өскенбайдан артықша адалдықты күтуге болмаса керек. Өскенбай – кәдімгі ел ісіндегі мықты рудың мықты биі. Елді адалдығымен қаратқан жоқ, байлығымен, жұдырығымен қаратты. Мәмбеттің мұрнын кескені Өскенбайдың қандай би екенін анық көрсетеді. Мұхтарға мұнысын ақтаймын деп әлектенудің тіпті ешбір орны жоқ. Мұхтар Құнанбайға да ауылдың байларына баға береді. Құнанбай бір мінезді, асқан ақылды, сопы діндар, кедейге тегін ат, киім үлестіріпті?! Осы да сын болып па? Құнанбайды білмейтін қазақ аз. Қазақ даласы Құнанбайдың мықтылығын, жуандылығын біледі. Құнанбайдың зорлық-зомбылығын біледі. Мұхтардың өзі де жазады – Құнанбай «жігітектер ісіне көп кісімен аттанып келіп, Бөжейді бастық қылып, барлық ірі кісілерін ұстатып, байлатып алып тегіс дүре салғызады» (338-бет). «Құнанбай насыбай атқан кісілердің тілдіруші еді. Сыбан ішінде Барақ деген төреге бір жыйында насыбайды тастасайшы дегенде, ол «менің насыбайымды көргенше, еліндегі келінімен жүрген Қодарды көрсейші» депті. Сонымен Құнанбай еліне қайтқанда Тобықтының басшы кісілерін жинап алып, борсақ ішіндегі Қодарды келінімен алғызып, «шариғат жөнімен үкім қыламын» деп мойындарынан қосақтап түйеге асып өлтіріпті» (337-бет). Осындай араны ашылған, үкімі шектен тыс болған феодал Құнанбайдың кедейшіл, «сопы» болғанына да біз шектенеміз?! Құнанбай сықылды елді бір шыбықпен айдаған, ұнамаған

адамын тірілей жалмаған, жуандығы айуандыққа айналған қазақтың феодалы кедейлерге тегін ат, киім үлестірді деу – бұл әншейін әңгіме. Ешбір шындық жоқ әңгіме. Мұхтардың Абай жайында жазған мақаласында айрықша бір көзге түсетін мінезі – «ертегілерге» көп көңіл бөледі. Көп қорытындыларын «ертегі сөздерге» сүйеніп жасайды... Абайдың ата-тегін, өскен ортасын анықтағанда, бізге Тобықтының билері, байлары жайындағы өздерінің қолдан жасаған ертегі, әңгімелері, өтірік, мақтандылар керек емес, мұндай мағлұматтармен тарих жасауға, тарихи адамдарды ұғуға болмайды. Бізге керегі – солардың шаруасы, шаруасындағы өндіріс қатынасы, ел билеудегі істеген істері, таптың тілектері, алған тәрбиесі, білігі. Міне, осы сықылды әлеуметтік таптың бетін көрсететін мағлұматтар керек. Бізге белгілі мағлұматтарға қарағанда, Абайдың арғы аталары Ырғызбай, Өскенбай, бергі өз әкесі Құнанбай – бәрі де аты шулы, өз заманында Тобықтының ішінде алдына адам салмаған, мықтылығы, жуандығы Тобықтыдан асып, дуанға жайылған феодалдар еді.

Малды алды, терінді, кісінді алды  
 Қүнекем билемеген не ісің қалды?  
 Сасқан соң ұлды бердің, құлды бердің  
 Қай жерден қарсыласар күшін қалды?  
 Тартуға талай найман берді қызды  
 Көгендеп тентегінді қойдай тізді, –

дегені Құнанбайға жапқан жала емес еді, Құнанбайдың осындай істеріне мастанған Құнанбайшылақынның шыны еді. Барды жырлағаны еді. Абайдың ата-тегі, өскен ортасы, алған тәрбиесін білеміз дегенде, Өскенбай, Құнанбайлардың алды мен феодалдығына байланысты сипаттарын ашуды керек қылады. Бұларды өз тұсындағы қазақ еліне сіңірген еңбегінің пайда-зиянын айыруды керек қылады. Міне, бұл жағы Мұхтар мақаласында тым аз, не екі ұшты болып, жұқалап қана айтылады.

Абайдың әкесі Құнанбай, Құнанбай әкесі Өскенбайлар қазақтың қандай байлары еді? Бұлардың екеуі де қазақтың қарадан хандыққа таласқан, орыс патшасының қазақ даласын отарлауда ең сенімді сүйеніші болған байлар. Құнанбайдың қарадан аға сұлтан болуы, шапқан елін, «ұлын да, құлын да» айдап алуы, өзіне қарсыласқан тентектерді қойдай тізіп, көгендеуі,



тегіндіктен біткен мықтылық емес. Осының бәрі, бір жағынан, Құнанбайдың бұрынғы Кеңгірбай, Ырғызбай, Өскенбайлардан бері үзілмей келе жатқан ата жуандығынан болса, екінші жақтан, бұған патша үкіметінің жуандығы қосылып еді. Патша үкіметі қазақ даласын тезірек меңгеріп алуы үшін, Құнанбай сықылды ру басындағы аталы жуандарын өзіне жақын тартты. Шен, шекпен берді. Бұрынғы ақсүйектермен теңеді. Қазақ тұсында ру жуандары бұрын хандыққа сайлана алмаса, сұлтан бола алмаса, енді орыс патшасы Құнанбай, Мұса сықылды жуандарды сұлтан қылды, «қарадан хан» жасады. Қазақ халқының орыс патшасымен күресінде мұндай байлар қазақ арасында орыс патшасының қол шоқпары болды. Орыс әскеріне қосылып алып, елді «тыюшы» қырушы болды.

Ілияс мақаласының бір жерінде Абай тұсында «қазақтың төресі де, төбесі де өзгерді» дейді. Бұл сөзді Ілияс қазақтың ескі, аталы байының орнына ақшалы, жаңа бай келді, осылар ел билігін қолына алды деген мағынада айтқысы келеді. Бұл дұрыс емес, әсіресе Абай тұқымы жайында дұрыс емес. Абай тұқымы – өзі айырылмаған «жеті атадан бері» қазақ даласында ел болып келе жатқан аталы жуандар. Кеңгірбай орта, ұлы жүзге орыс патшасының әмірі толық тарай қоймаған кезде елде ескі бай болып қана Тобықтыны билесе, бергін орыс патшасы қазақ даласын түгел бағындырғанда да сол ескі байдың тұқымы Өскенбай, Құнанбайлар тағы биледі. Кеңгірбай аталығына, жуандығына, малдығына сүйеніп елге би болса, бергін Құнанбайлар да соған сүйенеді. Құнанбай да аталығына, ежелден біткен жуандығына, малдығына сенді. Бұл жағынан қарағанда, Құнанбайдың Кеңгірбайдан түк айырмасы жоқ. Кеңгірбай қандай аталы феодал болса, Құнанбай да сондай болды. Бар айырма – бұрын Кеңгірбайдың аталары ру феодалдары ханға бағынса, соның сүйеніші болса, енді Құнанбайлар орыс патшасына бағынды, соның сүйеніші болды. Тап көзі мен қарағанда, ондай айырмашылықтың ешбір маңызы жоқ. Қазақтың ру ішіндегі бұрынғы билеп-төстеп келген ескі байлары, патша тұсында биліктен түскен жоқ. Қайта елге үкімін, әмірін күшейтті. Құнанбай қазақ арасында осындай бай еді. Және ана-мынау бай емес, байлығымен зорлық-зомбылығымен жұрт аузына іліккен, даңқы жер жарған, аты

шулы Құнанбай еді. Құнанбайдың істемегені жоқ. Қазақ феодалдығының нағыз жексұрын, айуандық жағын іздесең, бәрін осы Құнанбайдан табасың. Мұхтар Құнанбайдың ақылдылығын көп айта береді. Әрине, Құнанбай ақылды болған. Ақылсыз болса, бай да болмас еді. Әсіресе ел билей алмас еді. Әңгіме мұнда емес қой. Бізге бүгін Құнанбайдың таптық беті, қандай жағдайда қандай жұмыс істеді, қандай із қалдырды, міне, осы жағы керек. Бұл жағынан қарағанда, Құнанбайлар қазақ жұртшылығының жауы еді, қазақты орыс патшасынан құтылуға емес, тұтылуға, орыс патшасының құлына, талан-таражына түсіруге себепші, көмекші болғандар еді. Құнанбайлар шен, шекпенге, параға ауызданып, патшаның мықтылығына ежелден келе жатқан өзінің ата жуандығын, ескі феодалдығын қосты. Мұны олар бақыт, жақсылық деп ұғындырды. Осылар бастаған қазақтың байшыл жұртшылығы да осылай ұқты. Құнанбай сықылды тілі өткір барды көргіш, сөз тапқыш ақындар Құнанбайдың жыршысы болды.

1845 жылы Абай (Ыбырай) туды. Абайдың ұяда көргені Құнанбай болды. «Ұша» көргені және Құнанбай болды. Абайды бала жасынан Құнанбай қасына алды, жанына ертіп жүріп, өз үлесін берді. Баланы жасынан арамдыққа, зорлыққа, қорлыққа баулыды. Құнанбайдың басқа үлесі жоқ. Басқаны одан күтуге де болмайды. Абай ұяда нені көрсе, ұшқанда соны ілді. Жұрт аузында жүрген әкесі оған арман болды, қайта, мықтылығымды, жуандығымды әкемнен де асырсам деген талапта болды. Абайдың 35-40 жасына дейін өлеңмен шұғылданбай, қалса Тобықтының, асса бір дуанның жуаны болып, ата жолын қуғанының түп тамыры Абайдың осы өскен ортасында, шыққан тегінде жатыр. Мұндай ортадан шыққан байдан, туғанынан бар өмірін (бала кезіндегі бір-екі жылы болмаса) қазақтың қараңғы ауылында, айуандығы азған Құнанбайдың бауырында өскен Абайдан басқаны күту де қиын. Абайдың балалық, жігіттік кезіндегі үлгісі Құнанбай болғандықтан, оның болыстыққа, билікке ұмтылғаны – табиғи нәрсе. Анадан ешкім де дұшпан болып тумайды. Жүре, көре, өсе біледі. Абайдың көрген, білген тұрмысы болыстыққа, билікке тартты. Абайдың тұсындағы үстем жұртшылықтың Абайдан күткені өзімен тұстас «жақсылардан», билерден мықтылығы, ақылды, білімді, шешендігі артса, орыс төресіне

жақын болса, оның тіліне, заңына өзгеден жақсы түсінсе, қысқасы, осылай ата жуандығына орыстың законшілдігін қосса, міне, Құнанбай жұртшылдығының Абайдан тілегені осы ғана еді. Абай осы жұртшылдықтың тілегінде өсті. Көпке дейін осы жұртшылдыққа «құл» болды – айтқанына ерді, ата жолын қуды.

Жоғарыда Абайдың заманын сөз қылғанда, біз XIX ғасырдың аяғында қазақтың феодал байлары капиталшылыққа бет бұрды, жаңа заман ыңғайына түсе бастады деп едік. Сол байдың бірі – Абай. Абай, бір жағынан, елдің партиясына араласып, інілері болыстыққа ие болып, өзі билікте жүрсе, екінші жағынан, бұлар орыс қаласымен араласты. Өзгеден бұрын орыстың мәдениетін, базарын, төресін, білікті адамдарын көрді. Қазақ даласына «жаңашылдықты» да осылар бастап кіргізе бастады. Құнанбайдың балаларын медреседе оқытуы, Қарқаралыда мешіт салдыруы қазақ даласындағы «жаңашылдықтың» белгілері еді. Бертін, Абай заманында бұл «жаңашылдықтар» елге тіпті көбірек тарай бастады. Абай Құнанбайдан да озды. Құнанбай көбіне аталығына, жұдырығына, ежелдегі байлықтылығына сенсе, Абай бұлардың үстіне законшілдігін, білімділігін қосты. Құнанбай көбінесе ескі заманның ғана жол-жорасын білсе, Абай жаңа заманның да заңын білді. Құнанбай секілді ескі байдың салтымен ғана болмай, заман ыңғайына түсіп, жаңара-өзгере бастады. Абайдың ақындыққа көшкен кездегі өзгерісі жаңашылдығы осы би болып жүрген кезде-ақ басталып еді. Абай тұсында заңға өзге байлар да (бай, болыстық) қол созды, жаңарғысы келді. Бірақ солардың ішінде үздік шыққаны, артық білгені Абай еді. Абай, бір жағынан, естіп, тоқып білсе, екінші жақтан, (жас күніндегі екі-үш жыл оқығаны бар) оқып, ізденіп білді.

### Абайдың ақындығы

Біз жоғарыда Абай өлеңдерінің пікір жағына тоқтадық. Қандай әлеумет, таптық маңызы бар, жақсысы не, жаманы не, қандай ортаның, таптың әсері бар, ақынның сөз қылған темалары – міне, осы сықылды мәселелерді аша алдық. Бұл Абай өлеңдерінің мазмұн жағы, бірақ осы пікірлерін, осы мазмұнды Абай көркем сөзбен, ақын тілімен айтты. Енді Абайдың сол ақындығына келейік. Абайдың ақындық күші, қазақ әдебиетіндегі

орны, үлгі өрнегі, әсері – әңгіменің осы жағын да ашайық.

Ілиястан бұрынғы Абай туралы жазған сыншылар Абайдың ақындығын, көркем сөзін ерекше тексерген жоқ. Бәрі де Абайдың пікіріне, сөзінің мазмұнына тоқтады, ақынның пікірін ғана сынады. Бұл жөнде Абайдың ақындығын, өлең түрлерін тексеруге бірінші рет шұғылданған сыншы – Ілияс. Бұл Абайдың ақындығына ерекше тоқталады. Абай өлеңдерінің көркемдік, түр жағын да тексереді, ақынның көркем әдебиеттегі орнын ашады. Біздіңше Ілияс мақаласында Абайдың ақындығын тексерген жері – қызықты, күшті жері. Тереңдеп, толық тексермесе де, Абайдың ақындығын ұғуда, бағалауда Ілияс көп дұрыс пікірдің бетін ашады, ақын, жазушыларға ойланарлық көп мәнді сөздер айтады.

Абайдың ақындығын бағалағанда бәріміз де күшті ақын дейміз. Бірақ Абайдың сол күштілігі не, әдебиеттегі үлгі, өрнегі, тапқан жаңалығы не – ол жағын айтпаймыз. Сондықтан Абайдың ақындығын да жете білмейміз.

Абайдың ақындығын сөз қылғанда, алдымен, оның қазақ әдебиетіне жасаған жаңалығын анықтау керек. Абайдың әдебиеттегі жаңалығы қайсы? Біздіңше, Абайдың әдебиеттегі жаңалығы біреу емес – әлде неше.

Бірінші жаңалығы – Абайдың көркем сөзге, поэзияға көзқарасы. Өлең жазушы, айтушы Абайдан бұрын да көп болды. Өлең қазақ өмірінде үлкен орын алды. Қазақтың салт-санасын сұрыптауға, өлең феодал табының тап құралы болды. Жыр, қисса, айтыс өлеңдер – бәрі де қазақтың феодал табының тілегін жырлаған өлеңдер еді. Өлеңді осылай тап құралы қылып пайдалануды қазақ байлары жақсы білді, жақсы түсінді, ел ішіндегі жыршы, өлеңші ақындарды қазақ байы өзіне бағындырды. Әр бір байдың өз жыршысы, өз ақыны болды. Бірақ та қазақтың феодалдары өлеңнің өнер екендігін, ақынның талантын бағалауды Абайдан бұрынғы заманда білген емес. Қазақтың ескі феодалының ұғынуынша, ақын байға қызмет қылатын еті тірі, епті жігіттің бірі ғана. Ақынның жақсылығы өз байын, руын қалай мақтай біледі, осыған байланысты. Абай айтқандай, «жоқты барды сатып, елін, байын мақтаса», сонымен ескі ақындардың аты шығушы еді. Бұлардың таланты, ақындығы осыған ғана байланысты еді. Абай-

дан бұрынғы ескі замандағы феодалшы ақындар да өзінің міндетін, ақындық өнерін осылай ғана бағалаушы еді. Ақынға, өлеңге осы көзқарас болғандықтан, ақын да, өлең де жалдамалы болушы еді. Өлеңді ханның, сұлтанның, байдың жалдамалы ақыны ғана айтатын еді. Үстемдік құрып, ел билеп отырған феодалдардың өздері ақындық құруды бойына кемшілік деп санаушы еді. Абайдан бұрынғы қазақтың заманын шолып көріңіз. Қазақтың не ханы, не сұлтаны, не байы, би, болысынан осы ақын болып еді дегенді көре алмаймыз. Бұлардан ешкім ақын болған жоқ. Сонда осылардың ақындық таланты, өнері болмағандықтан емес, ақындықты қорлық, кемдік деп санағандықтан, бұлардан ақын болмады. Міне, осы ескі көзқарасқа Абай өзгеріс жасады. Абай өлең үлкен өнер екенін білді. Ақындықты талантпен байланыстырды, екіншісі ақын бола алмайтынын анықтады. Ақын болу қорлық, кемдік емес, үлкен өнер, өзгеден артықтық, жан байлығы деп ұғынды. Абай – өзі үлкен бай. Бірақ сол байлығына қарамай, өлеңнің өнер екенін, әлеумет тұрмысында орны үлкен екенін ұға білді. Абайдан бұрын байға ақын болу, өлең жазу қорлық болса, енді, Абайша, байдың ақын болуы, өлең жазуы озғандық, білімділік, жақсылық сипатқа айналды.

Абай да ақындық туралы пікірін әлде неше өлеңдерінде ашық айтады. Бір өлеңінде ескі ақындарды Абай былай баяндайды:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз надан болып,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін, тілін безеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап.  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін «бай» деп мақтап құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,  
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз  
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.

(100-бет)

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау

Өттен дүние-ай, сөз таңыр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау!  
(102-бет)

Абайдың осы сөздері өз тұсында үлкен жаңалық еді. Қазақ әдебиетін жоғары көтеретін, ілгері бастайтын пікір еді. Абайдан бұрын өлеңге, ақынға мұндай сын көзімен қараушы адам қазақта болған жоқ. Абайдың артықтығы, қырағылы – осы ескі ақындарды сынап білді, кемшіліктерін көрді.

Абай ескі ақындарды сынап қана қойған жоқ, ақын қандай болу керек, өлеңді қалай жазу керек – әңгіменің бұл жағын да сөз қылды. Алдымен, жақсы ақынның үлгісін Абай өзі көрсетті. Өзінің ақындық міндеті жайында Абай былай дейді:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,  
Көкірегі сезімді тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,  
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан.  
Сүйенерлік адамды құрымет қыл,  
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Міне, бұл сөздер Абайдың ақындық программасы еді. Қазақ ақындарының алдына тартқан жаңа міндет, жаңа бағыт еді.

Абай ақындықты өзіне үлкен бақыт, үлкен жақсылық деп білген. Өлең жазу Абайда үлкен жұбаныш болған. Өлең арқылы Абай елімен сырласады. Өлең арқылы жұртқа үгіт, өсиет айтады. Білім жаяды. Өлең жазу арқылы Абай ойға салынады. Ой мен алды-артын шарлайды. Өлеңмен Абай терең сырлы пікірлер толғайды.

Абайдың қайғырып, қамыққанда жалғыз жұбанышы серігі өлеңі болды.

Өзгеге көңілім тоярсың  
Өлеңді қайтып жоярсың!  
Оны айтқа толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың,  
Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын.

Абайды өз тұсында қазақ әдебиетінде сана-  
шыл ақын, үлгілі ақын болды дейміз.

Абайдың екінші жаңалығы – қазақтың жаз-

ба ұлт әдебиетін жасауда бас болғаны. Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде жеке феодалдың қара басымен байланысты өлеңдер басым болушы еді. Жалпы ұлтқа, жалпы елге ортақ мәселелер аз айтылушы еді. Абай бастаған, Абай жазған әдебиетте жалпы қазаққа, бүтін ұлтқа ортақ әңгімелер сөз болатын болды. Абай өлеңінің жүзден сексені – ұлт қамы, қазақ елінің ортақ мәселелері. Ең аяғы, Абайдың өзіне арналды деген мұң, зарға түскен өлеңдерін алсаңыз да осы жұрт қамы, қазақ қамы сөз болады. Сол қазақ жұрты үшін Абай дертті болады. Сол қазақ үшін Абай жылайды. Ең болмағанда:

Жылай, зарлай өлгенде  
Арттағыға сөз қалсын.

Мендей ғаріп кез келсе,  
Мойын салсын, ойлансын.

Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса сол алсын.

Тірі күнімде сөзімді тыңдамаса, кейінгіге сөзім қалсын дейді. Осы ұлт қамын ойлау, бүтін қазақ елін мұңын жырлау сарыны Абайдың өлеңдерінен тіпті ашық көрінеді. Абайдан бұрынғы ақындарда айтылмаған, ұлт мұңымен байланысқан өлеңдер Абай тұсында, Абай басшылығымен туады. Абай өлеңі «ру» көлемінен асып, бүтін қазақ даласына қанат жаяды. Қазақ елін Абай түгел алады. Қазақта ұлт астына, елдікке шақырады. Абайдың осы жұртшылығы ел қамы, ел мұңы деп күңіренуі де қазақ әдебиетінде жаңа сарын. Сондықтан біз Абайды қазақтың ұлт ақыны дейміз, қазақтың жазба ұлт әдебиетінің атасы дейміз.

Абайдың қазақ әдебиетіне кіргізген үшінші жаңалығы – орыс әдебиетінің үлгілерін алуы. Абай бірінші рет қазақ тіліне орыстың атақты ақындарының өлеңдерін аударды. Қазақ әдебиетіне жаңа пікір, жаңа өлең түрлерін кіргізеді, сөйтіп қазақ әдебиетін өнерлі елдің әдебиетімен жақындастыру, байланыстыру қамын іздейді. Абай заманында қазақ тілінде Пушкин, Лермонтовтарды өлеңмен аудару үлкен жұмыс, өте қиын жұмыс еді. Осы қиын жұмысты, үлкен игі жұмысты алғаш қолға алған Абай болды. Бұл жөнінде Абай үлкен қырағылық көрсетті, ірі ақын, ұлт ақыны екендігін білдірді, сондықтан біз Абайды бірінші рет өнерлі елге қол созған, өнерге ұмтылған, өнерлі, талапты ақын дейміз.

Абайдың төртінші жаңалығы – қазақтың тіл байлығын ұқсата білді. Алғаш қазақтың қарапайым, жуан тілінде көркем образды сөзбен, мағыналы, терең сырлы, қызықты өлең жазу үлгісін көрсеткен Абай болды. Абайдан бұрынғы әдебиетте, әсіресе қиссаларда қазақ тілі орынсыз шұбарланған еді. Араб, парсы сөздері орынды да, орынсыз да өлең ішінде қыстырыла беруші еді, Абай осыған қарсы болды. Абай қазақтың әдеби тілін шұбарламады. Өлеңдерінде қазақтың жалпыға ұғымды, жабайы тілін қолданды. Қазақтың жабайы тілі Абай өлеңдері арқылы көркем әдеби тілге айналды. Қазақтың осы күнгі жазба әдеби тіліне бірінші негіз салған, жаңа жол ашқан Абай деп білеміз. Орыстың әдебиетінде Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ әдебиетінде де өз әлінше, қазақ жағдайында Абайдың да рөлі сондай болды. Әрине, Абай жазба әдебиетке негіз салды, тілін түзеуге басшы болды дегенде, Абай жаңадан тіл жасады деп ұқпау керек. Тыңнан ешкім де ештеңе жасай алмайды. Абай да жаңа тіл жасаған жоқ. Абайдың істегені қазақтың ескі ауыз әдебиетіндегі, халық аузындағы күнбе-күнгі тұрмыстағы айтылып жүрген қарапайым, жалпылама, сыртқа түсінікті тілін пайдалана білді. Көркем әдебиеттің керегіне жаратты. Ақыны келіссе, қазақ тілі де көркем, образды тіл, өз әлінше бай тіл екендігін көрсетті.

Біз жоғарыда Абайда екі жақты әсер болды дедік. Бірі – Абайдың бала жасында, жігіт кезіндегі әкесі Құнанбай тәрбиесінен қалған ислам әсері, араб, парсы, шағатай әдебиетінің әсері. Екіншісі – Абайдың сақайған кезіндегі орыс культурасының, әсіресе орыс әдебиетінің әсері. Осы екі әсердің екеуі де Абайдың тілінде анық көрінеді. Абайдың алғаш жазған өлеңдерінде араб, парсы тілінің әсері тіпті күшті болады. Мәселен,

Жүзі раушан, көзі гаухар,  
Лағылдек бет ұшы ақмар,  
Тамағы қардан әм бихтар,  
Қасың құдірет, қолы шыйға.

Дәл осындай болмағанмен де, дін туралы жазған соңғы жылдардағы өлеңдерінде де Абай араб, парсы тілдерінің ықпалынан мүлде құтылып кете алмайды. Азды-көпті араб-парсы сөздері кейінгі өлеңдерінде де қыстырылып отырады. Мәселен,

Аманту оқымаған кісі бар ма?  
Уәктүбиһи дегенмен ісі бар ма?

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді  
Оларға кез-кезімен нәби келді.  
Қағида шарифати өзгерсе де  
Тағриф Алла еш жерде өзгермеді.  
(1902 ж.)

Алайда Абайдың соңғы жылдарда (80-90 ж.) жазған өлеңдерінде араб, парсы тілдерінің әсері азая береді. Абай көбінесе қазақтың қарапайым, жуан тіліне ауады. Жұртшылық, ғашықтық, аударма өлеңдерінің бәрі де қазақтың қара тілімен жазылады. Кейде осы өлеңдерінде бірен-саран орыс сөздері қатыстырылады. Бірақ бұлардың көбі жаңа термин есебінде, қазақтың тілін байыту ниетімен ғана алынған сөздер болады. Мәселен, Абайдың кейбір өлеңдерінде:

Визитке төлемей,  
Шырағым, бос қалма.

Жә болмаса:

Тактысына билесін

Тағы осы сықылдылар.

Мұндай термин есебінде орыс тілінен пайдалану Абайдың соңғы ақындық құрған кезіндегі өлеңдерінде көп кездеседі. Мұнысы да Абайдың жаңалығы. Қайта орыс тілінен керекті терминдерді алу жөнінде төңкерістен бергі терминші ұлтшылдардан Абайдың аяқ алысы анағұрлым игі еді.

Абай заманына қарамай орыстың керекті терминдерін өзінше қазақ әдебиетіне кіргізуге тырысты. Жарытып, қорытып ештеңе істемесе де орыс әдебиетімен, орыс культурасымен жақындасу керек деген бетте болады. Визит, такты, промысел сықылды сөздерді жаңа термин қылып кіргізеді. Ал кейінгі төңкерістен бергі ұлтшыл терминшілер бұл жөнінде Абайға да ере алмады. Абай заманында адыра қалған ескілікті қайта қозғады. Қазақтың бүгінгі тұрмысында құлаққа жат, үйренуге қиын араб, парсы сөздерін термин қылды немесе көңілге де қонбайтын «жаңа сөздер» ойлап шығарды. Қалайда орыс тіліне жоламау, орыс әдебиетінен алыстау, етек-жеңін қоршап-қымтап, қазақ әдебиетіне орыс терминдерін (жалпы Еуропаның білім терминдерін, сөздерін) кіргізбеуге тырысты. Мұның атын бұлар қазақ тілін таза сақтау керек

деп түсіндірді. Шынында, мұның аты қазақ тілін таза сақтау емес, қазақты надандықта ұстаудың программасы еді.

Қазақты Еуропаның, әсіресе сұрыпталған дайын терминдерімен пайдалану жөнінде бірінші рет игі жұмыс бастаған Абай ақын болды. Абай қазақтың өз тіліндегі барлық байлықты пайдалана отырып, реті келген жерде орыс тілінен де керекті терминдерді алудан қашпады. Абайдың бұл ісі де бүгінгі біздің көп ақындарымызға мәнін жоймаған, үлгі аларлық іс.

Биылғы Мәскеуде болып өткен бірінші Совет жазушыларының съезіндегі үлкен, күрделі сөздің бірі – көркем әдебиеттің тілін түзеу мәселесі болды. Бұл мәселе жалғыз орыс әдебиетіне ғана тиісті мәселе емес. Орыста әдебиет тілі ойлағандай шешілмеді деп отырса, қазақ сықылды елдерде бұл мәселе әлі тіпті тың жатыр. Біздің кейбір жазушыларымыз, ақындарымыз соңғы жылдарда қазақ тілінде жазудан қалып барады. Кейбіреулер мұны «пролетариатшылық» деп түсінетін тәрізді. Әрине, «аударма» тілмен, қазақша емес не орысша емес, жазушының өзінен басқа ешкім ұқпайтын сауатшыл тілмен көркем әдебиет жасай алмаймыз, қазақ тілін байыта алмаймыз. Мұндай жазушыларға Қазақстан жұртшылығы, сөз жоқ, қарсы болады. Алдымен, мұндай «тіл бұзушыларға» қазақ жазушылары қарсы болу керек. Өз жазуларында қазақ тілінің жақсы үлгісін көрсетуі керек. Міне, біздің осы үлкен игі жұмысымызда Абайдың да пайдасы аз болмады. Абай тілі қазақтың бүгінгі көп жазушыларына үлгі бола алады. Абай – өз тұсында қазақтың тіл байлығын түгел меңгерген кісі. Абай ескі тілді біліп қана қоймай, сол тілді байытуға қам істеген кісі. Өнерлі елдердің тіліне жеткізуді арман қылған кісі. «Сөз патшасы» өлең тілін әдемілеп, жырлап, құндызша құлтпыртқан Абай болатын. Абайдың би, болыстарды сөккен найзаның ұшындай өткір тілі, ғашықтықты дәттеген нәзік сезімді, ыстық жүректі, жылы сөзі, жұрт қамынан туған өзінің қайғы, мұң басқан сырлы тілі, терең ой, жаралы жүрек, нәзік сезімнен шыққан сырлы жыры – осылардың бәрі де Абай тілінің байлығын, Абайдың әр өлеңінің маңызына лайық сөз таба білгендігін көрсетеді. Абайдың өлеңдерін оқығанында алдымен көңіл тартатыны – әдемі, образды, кестелі сөзі. Абай өлеңдерінен артық сөз таба алмайсың (болса бірен-саран), әрқайсысы орнымен айтылады, қиуы келіп, жабысып жатады, бөлектеніп кедір-бұдыр болып тұрған сөз болмайды. Абайдың:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы;  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.  
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол ақынның білімсіз бейшарасы, –  
(100-бет)

дегені қазақтың Абайдан басталған буржуалыққа бет бұрған байшыл әдебиетінің жаңа жолы еді. Бұрынғы төрт жол төрт жақтан келетін өлең ескіріп, жаңа заманға жаңа өлең керек болғанда туған жаңа өлеңнің алғашқы нұсқа, үлгілерін Абай жазады. Шынында да, Абайдың көп өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді».

Абай тілі – образды тіл. Абай образды тілімен әйелді суреттесін, жоқ, жақсы атты суреттесін, жа болмаса, көш-қонды, жазды, жайлауды, қысқан қысты, суыған күзді суреттесін – бәрінде де Абайдың образды тілге байлығы, Абай ақындығының күштілігі, таусылмайтын бұлақ сықылды сөздің де, образдың да құйылып, төгіліп ағытылып жатқанын көреміз. Абай тілінің артықша бір қасиеті – аз сөзбен көп мағына беруі. Төрт-бес жолмен Абай тұтас адамның кейпін, мінез-қылығын көрсетеді.

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға.  
Шелтірейтіп орысың  
Шенді-шекпен жапқанға.

Абайдың осы төрт жол өлеңінде қазақтың ескі болысының мінез-құлқы, сыртқы-ішкі сипаты көзге анық елестемей ме? Абайдың «аш би» деген бір ауыз сөзінде де көп мағына жатқан жоқ емес пе? «Аш би» деген сөзбен қазақ биінің арамдығы, елді жалмап, бірді бірге атыстырып-шатыстырып отыратыны, сонда да өзі тойса да көзі тоймай, ылғый «аш» отыратыны өтірік пе? Абай осыны бір-ақ сөзбен айтып-түсіндіріп отыр. Ақындық, шеберлік, сөзге ұсталық, тілге, образға байлық осындайdan табылады.

Абай қысқа сөзбен адамның ғана образдарын суреттеген жоқ. Абайдың өлеңдеріндегі пейзаж, жаратылыс суреттерін алсаңыз да осы қасиет бар.

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп;  
Ауылдың жаны терең сай  
Тасыған өзен гүрілдеп.  
Қалың ағаш жапырағы,

Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Осы сегіз жолда да қалың ағашты, терең сайды жағалай отырған қазақтың жазғы ауылы елестемей ме?

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.

Осы да өте бай образ ғой. Бір сөйлемде жел, түн, ай, су, сәуле, осылардың құбылысы, пернесуреттері – бәрі түел айтылып отырған жоқ па?

Осының бәрі, әрине, Абайдың тіл байлығы, ақындығының күштілігі арқасында ғана болып отыр. Күшеншек ақын бір ауыз сөзді 10-20 ауызға айналдырып, мылжындап, езіп отырар еді. Абайда бұл жоқ. Абай тереңнен алады, қысқасынан қайырады, тауып айтады. Сондықтан біз Абайды көркем тілдің ұстасы дейміз. Өз заманында ақындығымен, образды әдемі тілімен қазақ әдебиетіне Абай жаңалық кіргізген, үлгі ақын дейміз.

Абайдың қазақ әдебиетіндегі төртінші жаңалығы – Абайдың жаңа әдебиет түрлерін жасауы. Қазақ поэзиясына Абай түр жағынан көп жаңалық кіргізді. Абай өлеңдерінің сарыны, бағыты, мазмұнындағы жаңалықтар өлең түрлерінде де көзге анық көрінеді. Абай өлеңдерінің тілін, түрін, кестесін ғылыми жадтап, тереңдеп ерекше тексерген кісі Абай өлеңдерінің түр жағынан бүгінгі қазақ поэзиясына да бір сыпыра қолайлы үлгілер табар еді. Абай жасаған өлең үлгілері әлі түгел пайдаланылған жоқ. Ұлтшыл ақындар Абайдың бес-алты түрін ғана алды. Төңкерістен бұрынғы қазақ ақындарының Абайдан асып, жаңа түр тапқаны жоқтың қасында. Бәрі де Абайды түгел пайдалана алмады. Абай өлеңдерінде, сұрыптай келгенде, 16 өлең түрі бар. Соның бірсыпырасы – қазақтың ескі ауыз әдебиеті, жыр, қисса, қара өлеңі, әндерінен алынған түрлер. Қазақтағы бар өлең түрлерін Абай түгел пайдаланған деуге болады. 11-12 буынды қисса, қара өлең түрі, желдіртіп отыратын жыр түрі, 5-6 буынды халық өлеңдері, 7-8 буынды, екі жолды, қысқасынан қайырылып отыратын жырау түрі – осылардың бәрі Абай өлеңдерінде де көп кездеседі.

Бұлардан басқа өзінің тыңнан шығарған, орыс, араб, парсы әдебиеттерінен алған үлгілері де жоқ емес. Біздің жалпылама сөзіміздің өзінде-ақ Абай

өлеңдерінен 7-8 өлең түрлері қазақтың бұрынғы әдебиетінде болмаған түрлер дейміз. Абайдың жаңа түрлерінде екі түрлі өзгерістері бар. Біркелкі өлеңдері – әнге лайықтап, музыка үніне үйлесіп, буын өлшемі, дыбыс ұйқастары, сөз ырғағы күшті болып келеді. Өлеңді оқығанда, сөз ырғағы, дыбыс ұйқастары өлеңінің жалпы кестесі әнге өзі тартып тұрады. Қара сөзбен оқығанның өзінде-ақ ән болып оқылады. Мәселен, Абайдың:

Көзімнің қарасы,  
Көңілімнің санасы  
Бітпейді ішімде  
Ғашықтық жарсы.

Жә болмаса:

Қара көз, имек қас  
Қарса жан тоймас,  
Аузын бал қызыл гүл,  
Ақ тісін кір шалмас.

(150-151 бет)

Айттым сәлем, қаламқас,  
Саған құрбан мал мен бас.  
Сағынғаннан сені ойлап,  
Ағар көзден ыстық жас.  
Сенен артық жан тумас,  
Туса туар, артылмас.  
Бір өзінен басқаға  
Ынтықтығым айтылмас.

Абайдың осы сықылды өлеңдері көп. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасы да осы сарынды өлең түрімен аударылған. Абайдың осы сықылды өлеңдерінің бәрі де ән-күйге лайықталып жазылған. Сөз кестесі, дыбыс ұйқастығы, өлеңнің өлшемі, буын мөлшері, сөзден құрылған сөйлем ырғағы, қисыны – бәрі әнге, күйге тартады. Бір өлеңнің аяғында Абайдың өзі де айтады:

Мұны оқыса кім танып,  
Жүрегінде от жанып.  
Сөзді ұғарлық жан тапса,  
Айтса жарар ән салып, –

дейді.

Шынында да, Абайдың мұндай өлеңдері елге тез тарады. Ел ішінде ән болып айтылды.

Абайдың екінші біркелкі өлең түрлері әнге келмейді, өлең кестесі, сөз ырғағы, сөз қисыны мазмұнына бағынады. Мағынасы келіп тұрған сөзді кейде өлең ұйқастығын, жалпы кестесін

бұзып тұрса да Абай қосып жібереді. Абайдың мұндай өлеңдерінде терең ой, тоғаулы, сабақты сөз кездеседі, әндетіп сылдыратып оқи алмайсың, көбінесе, талдап, саралап, тоқтап оқисың. Бір сөйлемнің ішінде әлде неше рет тоқтау керек болады. Мәселен, Абайдың:

Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.  
Қырмызы қызыл жібек бозбалалар,  
Оңғақ бұлдай былғайды бір дым тисе.  
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз,  
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз, –

деген өлеңдерін, әрине, әнге салуға болмайды. Абайдың өзі де бұларды әнге деп арнамаған. Абайдың үгіт, өсиет қылып жазған өлеңдерінің көбі осылай жазылады. Толғап, талдап, жаяулаптып оқуды керек қылады.

Абайдың жаңа түрлерінің ішінде қазаққа көбірек жайылғаны – «Сегіз аяқ». Бұл өлеңі ән болып та айтылады. Абайдан кейінгі ұлтшыл ақындардан да осы түрді қолдаушылар болды. Абайдың осы «Сегіз аяғының» өзге түрлері де бар.

«Сегіз аяқта»:

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған,  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең өзің біл.

Осы сегіз жолдың түйіні соңғы екі жолда шешіліп отырады. Әрбір екі жолы бір-бірімен үйлесіп, үшінші жол алтыншы жолмен үйлеседі. Ал өзге түрлерінде не «ұлт аяқ» не «жеті аяқ» болып келеді. Мұнда екіге бөлінеді. Сол әрбір бөлігінде түйіні шешіліп, мағынасы ашылып отырады.

Мәселен:

Бай сейілді,  
Бір бейілді,  
Елде жақсы қалмады.  
Елдегі еркек  
Босқа селтек  
Қағып елін қармады.

Бұл алты жол үш-үштен бөлінеді. Екі жолы бір бірімен ұйқасып, үшінші жол алтыншы жолға ұйқасады. Осы сықылды «жеті аяқты да» бөлшектеңіз келеді.

Мәселен:

Ғашықтық – қиын жол:  
Жетсең – жеттің,  
Жетпей өттің,  
Не болды?  
Арманда өмір  
Өтті,  
Ойлай ма екен бір мені сол?

Мұнда бірінші бастауыш жол мен жетінші қорытушы жол үйлеседі. Бірден соңғы екінші, үшінші жолдар ұйқасады. Қалғандары сөйлемінің маңызына қарай құбылып отырады, кейде ұйқасады, кейде ұйқаспайды. Абайдың бұл түрі – өзінің де аз қолданған түрі. Тегінде, поэзияға өте қиын түр болу керек. Және осында ұйқастық, ырғақтық та аз сықылды. Оқығаныңда томар аттап, жығыла-сүрініп келе жатқан кісіше оқисың. Кейінгі қазақ ақындарына Абайдың бұл түрінің жұқпай қалуының да бір себебі осы болу керек.

Абай өлеңдерінде дыбыс үндестігі құбылып, буын ұйқастығы құбылып, буын ұйқастығын жасағандар да бар. Мұнда Абай өлеңдегі әрбір сөйлем, не бір жолдың ішінде бірыңғай үндес, ұйқас дыбыстарды тізеді. Және осы жолдардың бастауын бір-ақ дыбыс не бір-ақ түрлі буынмен бастайды.

Мәселен:

Самародный сары алтын  
Саудасыз берсең алмайды.  
Саудыраған жезіне,  
Саудыраған қамқаны,  
Садаға кеткір сұрайды,  
Самарқанның бөзіне.

Жә болмаса:

Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жазалы жаудан бұрылмай,  
Жау жүрек жомарт құбылмай.

Міне, бұл өлеңдерінде Абай әр өлең жолын бір-ақ дыбыспен, бір-ақ түрлі буынмен бастайды. Бастапқы біз келтірген өлеңді – «Самародный сары алтын»-ды ылғиына «с» дыбысы «са» буынымен

бастайды. Осы «с» дыбысына ұйқасты дыбыстарды «ж», «з» не «с»-ның өзінің кейінгі жол ішіндегі сөздерде де болуын қарастырады. Сонда, жалпы өлеңді оқып отырғанда, «с» мен басталғанынан басқа, бүтін өлең ішіне «с» не осыған ұйқас «ж», «з» дыбыстарымен үндесіп жатқанын көресің. «Жа» мен бастаған өлеңдерінде де осы әдісті қолданады.

Абайдың осы дыбыс ұйқастығын қуалау әдісі өлең жолының басында ғана емес, аяғында да қолданылады. Жолдың аяғын ылғиына өлең біткенше бір түрлі буынмен, үндес, ұйқас дыбыспен ғана қайырып отырады. Мәселен:

Антпен тарқайды,  
Жиылса кенеске.

Анттасын алқайды,  
Сен тентек демеске.  
Кім анттан шалқайды,  
Амал жоқ жемеске.

(164-бет)

Мұнда өлең жолының аяғы бір түрлі дыбысты буындармен ұйқасып отырады. «Айды, қайды» деген жұрнақтар бірінші жолда, «еске» екінші жолда болып отыр. Жол аралатып осы екі түрлі жұрнақ бүтін өлең біткенше келеді де отырады. Осының өзі, әрине, Абайдың сөзге, образға, түрге байлығын көрсетеді. Жоғарыда біз Абайды күшті ақын, төгіліп, тасып отыратын ақын деп едік. Абайдың сол ақындығы, таусылмайтын бұлақ екені осындай өлең түрлерінде де көрінеді. Сондықтан біз Абайды қазақ поэзиясына жаңалық кіргізген, жаңа түр берген, үйренерлік үлгі қалдырған ақын дейміз.

Абай ылғиына поэзиямен ғана шұғылданды. Поэзия ішінде Абайдың басым сарыны лирика, сырлы өлең болды. Қазақтың Абайдан бұрынғы әдебиетінде де лирика көп орын алып келеді. Әсіресе қазақтың әйел мұңын жыр қылған немесе орыс отаршылығына қарсылық білдірген өлеңдерінде лирика күшті болатын.

Бұл жағынан қарағанда, Абай лирикасы қазақ поэзиясында жаңалық емес. Абайда, Абай лирикасы ескі әдебиеттегі лирика емес. Абайдың заманына қарай бұл жөнінде де азды-көпті қосқаны бар. Абай лирикасының бір ұшы қазақтың ескі әдебиетінде жатса, енді бір ұшы орыстың Пушкин, Лермонтовтарында жатыр. Бұл екі түрлі лирика – екі елдің, екі түрлі дәуірдің лирикасы. Бірақ



Абайда осының екеуінің әсері бар. Абай екеуін де қоса білді. Абайдың қара басындағы, пікіріндегі ақындығындағы екі жақтылық оның сырлы өлеңінде де болды. Абайда торығу, жалығу, шаршау сарыны да болды. Сонымен қабат Абайда өзге тартатын, жұбататын сарын да болды. Абай лирикасының екі жақты, екі түрлі болып келуі оның таптық жолына байланысты. Біз жоғарыда, Абайдың шаршауының өзі ескілікті көксегендіктен емес, жаңалықты іздегендіктен, соған жете алмағандықтан деп едік. Абай лирикасындағы торығу сарынын да осылай бағалау керек.

Абай лирикасында жеке адамның мұңы мен әлеумет тілегі араласып жатады, Абай қара басын сол көп үшін, жұрт үшін жылатады. Өлеңмен өлердегі сырын айтады. Абай сыры жүрек, сезім, сананы «түгел аралайды». Адамның ішіне кіреді, жанын қозғайды. Бұл жағынан қарағанда, терең сырлы, ішкі сырды қопаратын лирика қазаққа Абайдан басталды деуге болды.

Біз Абайдың ақындығын сөз қылғанда, көбінесе, оның жаңалығын, поэзияда жасаған үлгілерін айттық. Абайдың осындай жаңалықтары, өз заманында жақсы үлгілері болғанымен, кемшіліктері де аз емес. Абай поэзиясындағы ең үлкен кемшілік – Абай күнбе-күнгі тұрмысқа ғана сыншы болды, көп өлеңі қысқа үгіт, өсиет ретінде ғана жазылды. Абайдың сырлы өлеңдері

де осы белден ұзамады. Үлкен поэма, терең, толымды, тұлғалы, жақсылы, жаман образды күрделі өлеңдерді Абай жазған жоқ. Кесек поэма, өлеңдерді Абай басқа ақындардан аударуға тырысқан. Бірақ бұлары да бітпей қалған. Абай сықылды үлкен таланттың кесек нәрсе жазбауы не? Біздіңше ең үлкен себебі, Абайдың әдебиетке кеш қатысуынан, мезгілін өткізіп алғандығынан дейміз. Абай екі сөзінің бірінде өзінің кеш оянғанына, өнерге кеш қол сермегеніне өкінеді, қынжылады. Осынысы – Абайдың шыны. Абай кеш оянады. Өнер білімге сақайған соң қол созды. Қартайған Абайдың уысына білім түгел түспеген. Абай қанша көп оқып, көп тоқыса да надандықтан, шала білімдіктен құтыла алмады. Абайдың ойға алғаны, көздегені тілегені көп болды. Бірақ қолы қысқа, білімі таяз болғандықтан, көбіне жете алмады. Оның үстіне Абай өскен ортасынан, елінен де «етек бастыны» көп көрді. Жалғыз болды. Осының аяғы барып, Абайды кейде жылатты, мұң-зарға салды.

Абай – самородок, қарадан оқымай шыққан талант. Бірақ оның заманы, өскен ортасы, алған тәрбиесі, шыққан тегі – бәрі де Абай талантын өсірерлік болмады, қайта өшіруге тырысты. Сондықтан Абай сынды ақын құлашын жая алмады. Көсіліп отырып, кеңінен туылған, терең, үлкен темалы поэзия жасай алмай кетті. Абай арманда кетті.

\* \* \*

*И. Жансүгіров*

### АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨРНЕГІ

*Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайдың ақындығы. Мазмұн мен түр. Абайдың тілі, шеберлігі. Абай өлеңдеріндегі сөз бен дыбыс.*

*Тірек сөздер: Абайдың поэтикасы, өлең, сөз, дыбыс.*

*И. Джансугуров*

### ПОЭТИЧЕСКОЕ ТВОРЧЕСТВО АБАЯ

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Поэтика Абая. Содержание и форма. Язык, мастерство Абая. Слово и звук в стихотворениях Абая.*

*Ключевые слова: Поэтика Абая, стих, слово, звук.*

*I. Dzhan sugurov*

### POETRY OF ABAI

*Abstract. The issues dealt in this article. The Poetics of Abai. The content and form. Abai's language skills.*

*Word and sound in Abai's poems.*

*Keywords: The Poetics of Abai, verse, word, sound.*

Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің үлгісі – батырлардың жырлары, билердің, шешендердің сөздері, жыраулардың толғауы, ақындардың айтысы, араб-парсының ескі қисса, ертегілері ел әдебиетінің түрлері еді. Абайдан бұрынғы заман әдебиеті – сол ескі жұртшылықтың заман бегінен торыққандығынан туған әдебиет еді. Абай, негізінде, осы жұртшылықпен қайнасып, осы әдебиетпен аяқтасып жатқан ақын. Бірақ Абайдың басына біткен қайшылық Абайды ескі заманға күйіндіре отырып, жаңаның бағытына жырлаттырады.

Өміріне қарағанда Абай өлеңге бала жастан-ақ ауызданыпты. Өлеңді шу дегенде арабшадан бастайды: араб, парсы, шағатай ақындарына сыйынып кіріседі:

Фзули, Шамси, Сайхали,  
Науаи, Сағди, Фирдоуси,  
Қожа Хафиз-бұ һәммәси  
Медет бер я шағири фәрият.

Бұл – Абайдың 1858-1859 жылдардың бірінде жазған өлеңі. Абайдың бұл кездегі өлеңі тіпті аз. Болған бірлі-жарым өлеңінің ішінде арабтың, парсының шұбар тілімен бүлдіре жазған өлеңі де бар:

Иузи – раушан, көзі – гауһар,  
Лағилдек бет үші ахмар,  
Тамағы қардан әм биһтәр,  
Қашың құдірет, қоли шәгә... –

деген өлеңі және алиф-бидің ғарпімен қызға жазған өлеңі Абайдың алғашқы тілін көрсетеді. Басында ол кездегі әдебиеттің тілі де, түрі де осыған айналып та еді. Әсіресе Абай ауылы сияқты молда, қожалы ауылда, Абай оқыған Семей молдасының дін мектептеріндегі елге тарайтын түрлі кітап өлеңінің тілі осы еді. Абай мұны ер жетпей тұрған кезінде алса да, ертең-ақ тастап кетеді. Ол кітаптың анандай тілінен жұлқынып шығып, тыңнан жол салады. Қазақтың таза тілін, күшті сөздерін жаңа мазмұнға қалап, жаңа мәдениетке, жаңа әдебиетке жөн тартады. Сөйтіп, Абай өзі өлгенше қазақтың ұлт жазба әдебиетін жасаудың бір қайраткері болады.

Абайдың ақындық ауданы кең. Ол ақындық өнерінің бір-ақ мазмұнды, бір-ақ түрлі саласын қуып отырған емес, Абай ақындықты, тіл өнерін ақындықтың әр жағына да жұмсайды. Бірақ соның бәрінде Абай ақылшы, үгітші не айтса

да, не жазса да әлеумет өміріне тірей, әлеумет өмірінен бастап отырады. Өлеңінің көбі үгіт-насихат, мінез-құлық түзеуге арналады...

Абай ақыл айту үшін алдымен айналаны мінеп, қазып отырады. Оның көретінінің көбі – ақылға, «адамшылыққа» жатпайтын жаман мінез, жат өнеге. Абай осыларды сынап, мінеп шығады. Абайдың қара сөзінде болсын, өлеңінде болсын оның сыны күшті. Абай сындары өз ортасына дәл сындар болады. Оның «бала асырау» деген қазақ ұғымына айтқан қарасөзіндегі сыны қара қазақтың ұғымын табандатып жеңіп шығады. Оған айтуға дау қалдырмайды. Абай осы міндерді түзеуге жалаң үгітті, сынды ғана жұмсамайды, Абай ащы тілді, улы сөзді, сықақты, мысқылды, ілмені, мазақты да қолданып отырады. «Адасқанның алды жөн», «Болыс болдым мінеки» деген сияқты өлеңдері Абайдың біз тілді (сатирик) ақын екенін де көрсетеді.

Абай, бұлардың үстіне, толғаушы (лирик) ақын, Абайдың ақындығын көрсететін тәтті өлеңдері осында. Бірақ Абай толғағанда сол өз басының күйінен, дүниеге көзқарасынан шығарып толғайды. Өлеңді жан сергітетін жалғыз достым деп біледі:

Өзгеге көңілім, тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың.  
Сайра да зарла, қызыл тіл.  
Қара көңілім оянсын...

Міне, осы секілді «Көлеңке басын ұзартып», «Қарашада өмір тұр», «Адамның кейбір кездері», «Көңіл-күйі тағы да», «Келдік талай жерге енді», «Қуатты оттай бұрқырап», «Жүрегім менің қырық жамау» деген сияқты өлеңдері – Абайдың ішіндегі шынайы шерін толғайтын өлеңдері. Бұл өлеңдердің көбі-ақ Абайдың өмірінің соңғы жылдарында жазылған өлеңдері.

Абай осы өлеңдерінің тұсында орыстың сүйікті ақыны Лермонтовтың бірсыпыра әсерлі өлеңдерін қазақшаға аударады. Ол өлеңдердің де өзінің нысанасына келгендерін, жүрегіне жылы ұшырағандарын тандап аударады. Кейбіріне өзінен сөз жалғап отырады («Ой», «Жартас» деген өлеңдер).

Абай – шебер суретші (художник). Өлеңімен Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, тұрманы түгел келеді. Абайдың ондай бір сурет-

шілікпен көрінетін өлеңдері – «Аттың сыны», «Қансонарда», «Аңшылық», «Жаз», «Күз», «Қыс» тектес өлеңдері. Абай бұл өлеңдерінде ақындықты лақылдатып құя салған. Осы өлеңдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, өлең жазылған тақырып алдыңыздан жанды тұлғасымен тұтас түрегеледі.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,  
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақты, –

оқыған адам Абайды осы жағынан тани береді.

Абай қазақтың ұлт өнерін ғана өнер деп таныды. Оны арабшаның ала-шұбарынан, басқаның шәлдірігінен аршып алды. Өлең, ән-күй – өнер, оны бағалау керек деді. Өзі бағалап, өнер қылып, өзгеге бағалатты:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы...

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі,  
Өрнегін сендей сала алмас;  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһрә ала алмас.  
Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілісіз құлақ – ойға олақ.

Абайдың осы секілді өлеңі туралы, өлеңнің өнер екені, ақыл екені жайында бірсыпыра пікірлері бар. «Білімдіден шыққан сөз», «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол», «Құлақтан кіріп бойды алар» деген сияқты өлеңдерінің барлығы да – Абайдың өлең, ән-күйге, сөзге қандай баға бергендігін көрсететін өлеңдері.

Өлеңді өнер деп бағалаған Абай – сол өлеңді кестелеп, қазаққа қызмет етті. Өлеңнің өнер екенін көрсетті. Қазақта да мынадай сөз өнерінің үлгілері болады деп өнер белгісін қалдырды. Абайды жазба әдебиеттің – сырлы әдебиеттің басы дейтініміздің бір жағы осында.

Абайдың тілі бай, Абай – қазақ ұғымындағы сөздің сабазы. Тілге Абай құйған кәр көп. Абайдың өлеңдеріндегі араб, орыс сөздерінің кірген кейбіреулерін алмағанда – Абайдың жалпы өлеңінің дені сау, тілі таза. Оның өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, өлеңіндегі сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады. Абай – өзінен тіл жасаған ақын емес, елдің тілін толық пайдаланған ақын.

Абайдың ақындық қуаты, тілге шеберлігі – оның сөзінің арасына қыл сыймайтындығы. Абай ақындықтың өнері – сөздің іші, сырты екеуі де жақсы, екеуі де көркем болсын деген.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс, сөз жақсысын,  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Сөзді осылай саптап өлеңге кіріскен Абайдың өлеңінің іші – өз мазмұнында алтын болып шығады. Оның аз сөзіне көп мағына сыйып кеткен, сөз шеңберінің іші қалың қазына, өлең қауызының іші толған дән болады. Абай аз сөзбен, аз мұқаммен көп мазмұнды, көп мағынаны беріп тастайды. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» деген кішкентай өлеңі болыстың кейіптерін түгел береді. Сол сықылды аз сөзбен ірі мазмұнды айта қоятындығына тағы да бір мысал: «Желсіз түнде жарық ай», – дейтін өлеңінде ұзақ әңгіменің желісін аз сөзбен қайырып тастайды емес пе? Бұл – Абайдың ақындық қуатының күштілігіне дәлел.

«Абайдың әдебиет түріндегі кестесі қалай?» – дегенге келсек, оның әдебиет түрі негізінде өлең. Абай – өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақтағы ел өлең-жырларының өлшеуін, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, үлгілерін кеңітудің үстіне, араб, қазақ әдебиетін жаңалаған адам. Сол түрлерге қазақша тәтті тілмен қызықты мазмұн салып, тыңнан тартқан өз үлгісімен де қазақ өлеңін байытқан ақын. Абайда ескілі-жаңалы он бір түрлі өлең өлшеуі бар. Мұның ішінде Абайдың соңғы ақындар әлі қолданып, үлгі қып жаймаған: «Сен мені не етесін», «Ақылбайға», «Қатыны мен Масакбай» деген сияқты түрлері, өлшеулері бар. Жырдың бірінші, үшінші, екінші, төртінші жолы да ұйқасып отыратын көркемдікті қазақ әдебиетіне бастап кіргізген де Абай. Бұл – Еуропа, араб үлгісі. Сөйтіп, қазақтың әдебиетіне бірсыпыра жаңа өлең өлшемдері Абаймен келіп кіреді. Бізге өзге түрік елдерінің, Батыс елдерінің өлең үлгісін Абай тастап кетті. Абайдың қарасөздері ақыл, нақыл, үгіт сөздері, сындар. Абай сырлы әдебиеттің күйсіз түріне, драма түріне еңбек еткен болса, Абайдың қалам қызметі бұдан да мол болатын еді.

Әйтсе де, Абайдың қарасөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетін қарасөзінің де (публи-

цистика) алғашқысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен? Тіпті таза қазақ тілімен хат жазуға да болды ма екен?

Абайдың жырлары мына секілді сылдырлап шығады:

Жазды күн шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, бәйшешек  
Ұзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге  
Көшіп ауыл қонғанда...

Абайдың жыры ырғақ, музыка, дыбыс құрылысы жағынан төгіліп кетеді.

Абайдың бұл өлеңіндегі ақынның бір өзгешелігі – ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай, ірі қимылды, қозғалысты көрсетуде жандылығы. Тегінде әдебиеті өрлеген өзге жұртта (әсіресе Еуропа үлгілерінде) өлең ұйқасын етістіктен тізу ақынның нашарлығына жатады. Ал Абайдың «Жаз» деген өлеңіндегі етістіктен тізген өлеңдері қайта жырын жандандырып шығарған. Бұл – Абайдың тілінің тазалығы, ақындығының күштілігі деп білу керек.

Абай өлеңінің іші алтын болса, сыртының күміс болуына қатты күзет істейді. Оның өлеңдеріне қыл сыймайды.

Қарашада өмір тұр,  
Токтасаң, тоқсан көнер ме?  
Арттағы майда көңіл жүр,  
Жалынсаң қайтып келер ме?  
Майдағы жұрттың іші қар,  
Бәйшешек қарға өнер ме?  
Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да, сөнер ме? –

сияқты сөздің қиюына қыл сыймайтын сұлу өлеңдер осындайлар.

Абай өлеңдерінің көркем болуына, дыбыс сәйкестігі, дыбыс ұйқастығы өлеңнің көркемдігінің бір тұлғасы екендігіне көңілді ерекше бөлгендігін, әсіресе мына өлең айқындайды. Абай бұл өлеңді Оспан деген інісі өлгенде жазыпты:

Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай,  
Жау жүрек жомарт құбылмай,

Жаксы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,  
Жалын жүрек суынбай...  
Жаксы өліпсің, япырмай!

Міне, осы жырдың бас дыбысы, бас буынының бәрі «ж» әрпімен келеді. Өлең жолының мұндай бірыңғай дыбыстан құрылуын аллитерация дейді. Бұл қазақтың ел әдебиетінде де көп кезігеді.

Абайдың бұл өңшең «ж» дыбысынан бастап жасаған жырының бір көркемдігі – оның осы өлеңінің дыбыс құрғандағы білінбей еркін шыққандығы. Абай өлеңі мұнда тым еркін, «ж» дыбысы өзінен-өзі құралғандай, сөздің тігісін жатқызып, жымпитып кеткен. Жыр жыртылмай, жосылып жатыр. Бұл – Абайдың шеберлігі. Осы сықылды үлгі Абайдың әр сөзінде келіп отырады:

Самородный сары алтын,  
Саудасыз берсең, алмайды.  
Саудыраған жезіне  
Саудырсыз сары қалқаны  
Садаға кеткір, сұрайды  
Самарқанның бөзіне, –

дегендері сияқты. Мұнда жырдың іргесі «с» дыбысынан қаланып, сылдырлап келеді. Абайдың осы тектес ұйқастары дыбыс жағынан, ұйқас жағынан ерекше көркемдікпен тізіледі:

Тоты құс түсті көбелек,  
Жаз сайларда гулемек.  
Бәйшешек солмақ, күйремек,  
Көбелек өлмек, сиремек, –

сияқты жырларында ұйқасқан ерекше шеберлікпен, тілге байлықпен, ақындық еркіндігімен жазылғандығын көру қиын емес.

Абайдың қарасөздерінде де түрлер бар. Оның қарасөзінің бірсыпырасында бұрынғы ескі мақалдың өзегі жатады: «Күншілдің күні қараң, еңбексіздің дәмі арам», «Жаман дос көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» дегендері сияқты мақал сөздері – Абайдың ақындығының қарасөз түрін жасауға қызмет еткендігі. Тегінде мақалды да Абай сияқты кісілер шығарған емес пе? Абайдың шығарған мақалдары, әрине, көпке таралып, сіңісіп кеткен мақалдар.

Сонымен, Абайдың сөз үлгісі туралы айтқан аз пікірімізді қорытып келгенде, айтарымыз: Абай – біздің көркем әдебиетімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жаңалық кіргізген ақын. Ол бұрынғы қазақ өлеңінің арнасына тыңнан табыстар тауып, үлгілер қосты. Терең ойдың толғауы, мұнның, махаббаттың лирикасы, кестелі көркем суреттер,

алдыңғы елдің ақындарының үлгілері, мысал, сықақ түрлері бізге Абаймен келіп кірді. Сонымен бірге Абай бұрынғы ескі сөз үлгісін де өлшеп, екшеп, өз дүкенінен жаңалап шығарды. Абайдың өзінен кейін көп ақынға үлгінің ұстасы болғаны содан.

1934 жыл.

\* \* \*

**М. Орынбеков**

### ДУХ, ДУША, ДУХОВНОСТЬ В ФИЛОСОФИИ АБАЯ

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Суть человеческой духовности. Духовность как нравственное содержание. Духовность – сфера культуры. Духовность как нравственно-ориентированная воля человека. Религиозная духовность. Соотношение понятий «дух», «душа», «духовность».*

*Структура духовности: вера, любовь и разум.*

*Ключевые слова: Абай, дух, душа, духовность, вера, любовь, разум.*

**М. Орынбеков**

### АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХ, ЖАН ЖӘНЕ РУХАНИЛЫҚ

*Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Адамның рухани әлемі. Адамның рухани болмысының мазмұны. Адамның рухани болмысы және мәдениет. Рухани болмыс және қайрат.*

*«Рух», «жан», «рухани» ұғымдарының арақатынасы. Иман, махаббат, ақыл.*

*Тірек сөздер: Абай, рух, жан, руханилық, иман, махаббат, ақыл.*

**М. Орынбеков**

### SPIRIT, SOUL, SPIRITUALITY IN PHILOSOPHY OF ABAI

*Abstract. The issues dealt in this article. The essence of human spirituality. Spirituality as a moral content.*

*Spirituality – the sphere of culture. Spirituality as a morally oriented human's will. Religious spirituality.*

*Value concepts of "spirit," "soul," "spirituality". The structure of spirituality, faith, love and mind.*

*Keywords: Abai, spirit, soul, spirituality, faith, love, mind.*

Человеческая духовность вырастает из онтологических оснований бытия, однако, естественно, не является «бытийственным» феноменом, ибо она, скорее, относится к проблематике смыслов, идеалов и мировоззренческих ориентаций человеческого существования. Это приводит к тому, что духовность оказывается родовым понятием по отношению к категориям духа и души, хотя грани между ними, безусловно, зачастую носят весьма относительный характер.

Проблемы духовности постоянно занимали Абая на всем протяжении его насыщенной думами жизни. Духовность поэт напрямую выводил из понимания любви, которая пронизывает весь мир,

а потому требует отзывчивости души, этого объединяющего центра страстей:

Ты – мой разум и воля. Ты – ясный свет!

Озари души моей темный бред.

Люди любят одних, не любят других,

Ты же всем милее, и милее нет [1, 85].

Ясно, что в понимании духовности мыслитель отталкивался не от разумных оснований познания, гносеологической деятельности разума, а от имманентных содержаний духовности, которые проявляются, прежде всего, в нравственности, религии, вере, любви, т. е. от собственной духовной

самобытности жизни людей, которая не может быть сведена к познавательной функции человека.

Это очень важно и ценно, ибо в чистом познавательном отношении аутентичная проблема духовности утопает в соотношении первичности и вторичности материи и сознания, объекта и субъекта и т. п. Справедливо писала В. Г. Федотова, что проблема духовности «утонула в доказательствах ее вторичности по отношению к материальному, в связи с чем возникла необходимость переосмысления этого понятия как характеристики деятельной способности человека, а не только как определенного качественного состояния сознания» [2, 50].

Абай специально обращал внимание на духовное состояние человека, его души, которая должна быть готова к лучезарности, светлому восприятию, не омраченному «безрадостным мраком»:

Если в душе твоей светят лучи,  
Ты ко вниманью себя приучи,  
Если же в сердце безрадостный мрак,  
Зря над строкою моею не торчи:  
Ты не осилишь ее, не поймешь,  
Сколько не бейся и ни хлопочи,  
Сколько тебя от бельма ни лечи [1, 85].

Проблема духовности существует с незапамятных времен, по существу она является ровесницей как философии, так и этического знания. Верно пишет Б. К. Кудайбергенев: «Поиски подлинной духовности как исходного, основополагающего и всеопределяющего свойства души ведутся людьми с незапамятных времен» [3, 6]. Вопрос этот наполнялся в каждую историческую эпоху новым содержанием, он изменялся в ту или иную сторону, претерпевал определенные деформации, однако всегда сохранял исходную направленность, интенцию духовности – ориентированность на культуру, ее преобразующую силу.

В настоящее время, как справедливо отмечает В. Г. Федотова, произошло разделение проблематики духовности по ее типологии, что подтверждается самим разделением подходов к данному вопросу на «теоретический», «эстетический» и «этический», когда фактически исследователи проблемы духовности расчленились на три профессионально-социальные группы: «эстетизм» как предпочтительная доминанта духовного развития некоторых представителей художественной интеллигенции и в своих собственных прояв-

лениях – части молодежи; «теоретизм» как максима научной интеллигенции и деятелей сферы управления; «этизм» как направленность педагогики, публицистики, значительного числа произведений художественной литературы» [4, 14].

Основным в духовности оказывается этическое содержание ее, которое вовсе не растворяет в себе «всеобщие идеи» и «глубочайшие истины духа». Духовность как нравственное содержание не подменяет и эстетической деятельности как духоявления, и в то же время обнаруживает принципиальную ограниченность чистого «эстетизма», который создает свой эстетический мир, не являющийся действительным. Абай вполне примыкает к данной концепции и развивает ее в своих поэмах и «Словах назидания», где выдвигает на передний план понимание сердца как средоточия нравственности: «Милосердие, отзывчивость, желание человеку того же, чего ты желаешь самому себе, – вот свойства сердца» [1, 275].

Тогда духовность, согласно точке зрения Абая, является осуществлением человеческого способа бытия, она исходит из онтологических основ, из сферы бытийной реальности и становится атрибутивным компонентом поступательного развития человечества. Абай писал: «Такой человек, найдя достойный предмет страсти, ищет с жадностью и, когда, вспоминая, рассказывает, то понимает, что он получил высокое наслаждение, и не жалеет, что жизнь его прошла» [1, 276]. Для духовного человека само стремление к достижению цели, само «время поисков» – лучшее время жизни.

Если онтологическими основаниями духовности выступают такие признаки бытия, как материальность и предметность, то к собственно духовности относятся, вернее, имеют к ней непосредственное отношение социальность и культурность. Потому духовность в этом аспекте выступает в качестве идеального, сознания, социальных форм деятельности, духовного производства и собственно духовности. Таким образом, следует различать духовность в широком смысле и духовность в узком смысле.

Духовность – сфера культуры, которая, впрочем, тоже имеет непосредственное отношение к сфере человеческого бытия, хотя бы как область предметов материальной культуры. В этом аспекте огромное значение имеет проблема идеального, которая предстает как область духовных процессов и явлений, которые оказываются особенными формами проявления всеобщего идеального, этой

духовной реальности особого рода. Э. В. Ильенков писал: «Вот эта-то своеобразная категория явлений, обладающих особым родом объективностью, т. е. совершенно очевидной независимостью от индивида с его телом и «душой», принципиально отличающейся от объективности чувственно воспринимаемых индивидом единичных вещей, и была когда-то «обозначена» философией как идеальность этих явлений, как идеальное вообще» [5, 233].

Это значение идеального, когда оно предстает как особая категориальная форма, было известно уже Платону в его теории идей, «эйдосов». Он выделил эту особую категорию, ибо она задает «всеобщие нормы той культуры, внутри которой просыпается к сознательной жизни отдельный для себя закон своей собственной жизнедеятельности. Это и нормы бытовой культуры, и грамматически-синтаксические нормы языка, на котором он учится говорить, и «законы» государства, в котором он родился, и нормы мышления о вещах окружавшего его с детства мира и т. д. и т. п.» [6, 36]. Это – особая реальность, строго организованная особая «действительность». Сюда входят духовность, дух, духовное, духовный мир, которые не суть сами по себе самостоятельные сущности, они не являются субстанциями [7, 80], а приобретают смысл и значение только внутри человеческого бытия, будучи горизонтами и составляющими компонентами его существования. Абай неоднократно писал о духовности, которой обладают только высоко нравственные люди, а потому она, не принося непосредственную выгоду, не в цене:

Терпенье, совесть, гордость – не в цене,  
И к мудрости, и к чести люди глухи,  
Не ищут знания, лишь в слепой возне,  
Как шерсть, прядут пустую ложь да слухи [3, 12-13].

Духовность, будучи реальностью особого рода, раскрывает свою природу посредством категории идеального, которая была тщательно и непревзойденно разработана Э. В. Ильенковым, который полагал, что идеальное и раскрывает основное содержание категории духовности, когда духовные явления и процессы оказываются модификациями идеального, его формами проявления. Духовность в силу вышесказанного предстает как особая реальность, направленная и освещенная целями и ценностями человеческого

общества. В этом смысле справедливой кажется точка зрения Б. К. Кудайбергенова о том, что «духовность как нравственно-ориентированная воля человека... в действительности дается в самосознании другими источниками, такими, как традиция, приобретенное знание, обычаи, нравы или господствующие предрассудки» [1, 58].

Колоссальная сила традиций в казахском обществе отмечалась Абаем в его стихах и поэмах, равно как и мощь обычаев и нравов:

Слово не взволнует сытого глупца.  
Видят мудрость только зрячие сердца.  
Но и тем, кто ценит слово, песню пой  
В час, когда открыты души для певца [8, 170].

Духовность в реальной жизни людей реализуется как духовное производство, которое само расчленяется на духовно-теоретическое и практически-духовное освоение действительности, если мы говорим о духовно-теоретическом осмыслении объективного мира как сфере науки, разума, знания и истины. Однако уже Кант показал недостаточность чисто теоретического отношения к действительности, которое при последовательном своем проведении приводит к сциентизму. Кенигсбергский философ продемонстрировал приоритет этического над теоретическим, оформил в «Критике практического разума» данный свой подход, однако он чрезмерно дистанцировал теорию и практику как теоретическую духовность и практическую духовность. Оказалось, что обе они находятся в области духа, а потому не могут быть отдалены друг от друга.

Чтобы ликвидировать разорванность практического и теоретического разума, Э. В. Ильенков ввел специальный термин «нравственно-теоретическое» для понятия духовности. Он писал: «Нравственно-теоретическое» объединяет уже по смыслу термины духовно-теоретического и практически-духовное и объединяет с тем, чтобы поставить вопрос об их отношении «к развитию материальной основы, материально-технических отношений между людьми» [8, 231].

Э. В. Ильенков показал глубокое внутреннее единство различных форм духовности, ведь «ни мышление, ни созерцание нельзя рассматривать как цель и сущность человеческой жизнедеятельности. И то, и другое, и третье суть одинаково продукты и «средства» развития про-

изводительной силы человеческого рода...» [1, 280].

Объединение теоретического, эстетического и этического ракурсов духовности с приматом нравственности было характерным для Абая, который на своем поэтическом языке лапидарно сформулировал: «Только разум, наука, воля, совесть возвышают человека» [1, 281]. Духовность оказывается всеобщим началом для человека, который впитывает ее посредством народных сказаний и книг, через звучание музыкальных инструментов, посещение минаретов и мечетей, образование и воспитание.

Тогда всеобщность духовности расшифровывается индивидом в процессе повседневной жизни, где смыслы витают в действительности, где идеалы фигурируют в индивидуальном существовании как воплощение общности родового бытия. В социальной форме жизнедеятельности вычлняются две противоположности, которые находятся в постоянной связи и взаимном оппонировании – всеобщность бытия людей и их индивидуальная жизнь. На этом перекрестке судеб возникает духовность, которая выявляет в объектах мироздания их социальные качества и свойства, смыслы и принципы, приближающиеся к адекватному пониманию блага, истины, добра, справедливости, красоты. Духовность выявляет человеческое предназначение вещей и явлений объективного мира, а для самого человека она становится способностью на основе идеалов и норм поведения сознательно регулировать свою жизнедеятельность.

Благодаря духовности человек входит в мир культуры. Абай писал: «Человек, запомнивший слова мудрых, сам становится благоразумным. Но само благоразумие еще не решает всего. Вот если ты благодаря благоразумию избегаешь плохого, то можешь считать себя за человека» [3, 89]. В области культуры человек и становится личностью, проходя путь от биологической особи, индивида к многосторонней личности, обладающей богатством отношений с окружающим миром и социальной средой, имеющим смыслы, ценности и идеалы существования.

Духовность становится стержнем внутреннего мира человека, выражает его самобытность и специфику. Б. К. Кудайбергенов пишет: «Духовность выступает как специфическое интеллектуально-психологическое образование, органически объединявшее три компонента – миропонимание,

мироощущение и мироволение, содержание которых обусловлено и общим уровнем развития науки, и уровнем усвоения личностью достижений научного прогресса» [9, 53]. Вместе с тем духовность становится той гранью, которая резко выделяет ставшего и развитого человека от вещественных и природных определений, от его биологического субстрата.

Человек из мира природы переходит в мир духовности, которая предстает как особая реальность, подчиняющаяся своим законам, а они более высоки, нежели принципы естествознания, ибо имеют отношение к духовности и разумности – этим более высоким ипостасям человеческой жизни. Х. Г. Гадамер писал: «Человек отличается тем, что он разрывает с непосредственным и природным; этого требует от него духовная, разумная сторона его сущности».

Для Абая, помимо этического, эстетического и научного ракурсов духовности, был аспект религиозной духовности. Он считал, что сама духовность проистекает от божественной мудрости, когда благодаря вере в Аллаха возникает приобщенность индивида к предельным и запредельным явлениям его бытия в области человеческой культуры, к которым, вне сомнения, относится и религия. Поэт писал: «Смысл веры, то, что называют иман, это – понимание беспорочного, всеблагое единства создателя и понимание учения нашего пророка, посланника всемогущего» [1, 274].

Религиозная духовность становится высшей формой духовности для Абая как религиозного философа. Написав стихи о своем отце Кунанбае, он отмечает как несомненную заслугу то, что отец построил в далекой Мекке дом для странников, который есть и поныне:

И в Мекке выстроил он  
Приютный странникам дом, –  
И смертью он унесен.  
Мы терпим, мы все снесем [1, 222].

В религии человек приближается к высшим смыслам жизни, они становятся символическими формами, ради которых он живет, именно здесь возникают такие атрибуты духовности, как совесть, честь, достоинство. Не секрет, что самой первой конкретно-исторической формой духовности была религиозно-мифологическая ее форма. Благодаря религии произошло отделение духов-



ности от других форм жизнедеятельности человека. Это очень важно, ибо в дальнейшем произошла попытка отделить религиозную духовность от других – познавательной, этической и эстетической, признать религию временной, преходящей формой общественного сознания, которая неминусом отомрет. Но оказалось, что религия, как и право, является вечной формой общественного сознания, а потому пока есть человечество, религия сохраняется.

Духовность существует только в человеческом мире, она имеет смысл только для людей, их бытия и существования, их совместного общежития. Абай прямо писал: «Человеку человечество друг. Это потому, что твое рождение, воспитание, нужда, несчастье – вся твоя природа, место, откуда ты взялся и куда ты должен идти, вся твоя судьба одинакова с судьбой всех остальных людей» [1, 297]. Тот факт, что поэт поставил в центр своего рассмотрения проблему человека, показывает, что систему философии Абая можно рассматривать не только как религиозную, но и как антропологическую с применением антропного принципа, когда вне человека, вне его нравственно-духовных смыслов и целей становится бессмысленным рассуждать о духовности и высших ипостасях существования.

Құмырсқаның сөзінде қапы жоқ. Жаздан кейін күз келерін, күзден кейін қыс келерін қоңыз білмеді емес. Біле тұра қыстың қамын жазда қылуға мойны жар бермеді. Жаздың қызығын қимай жаппаның астында жата берді. Қыс келгенде аш-жалаңаш қалды. Мұндай күйдің кей қырын біздің халқымыз: «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды», – деп ашып қойған ғой.

**Жидебек.** Негізі, адам қамсыз, қарны тоқ, көйлегі көк кезінде алдағы күндерде болуы мүмкін қиыншылықтар туралы ойланбайды, ал қамсыз күндерден кейін басына сондай қиын күндер туа қалса, мүсәпір күйге түседі. Құмырсқа адамды осындай қамсыздықтан сақтандырып, игіліктің көзі еңбекте деген ой тастайды. Осы ойдың өзінде кемел ақылдан шыққан пайдалы ғибрат жатқан жоқ па?

**Жангара.** Рас, ден қойған кісі құмырсқаның ісі мен сөзінен ақыл да табады, ғибрат та алады. Қоңыздың қыстың көзі қырауда аш-жалаңаш қалуына құмырсқа аянышпен қарайтын сияқты. Бұл ретте құмырсқа еңбекқор, пайымды ғана емес, рақымды да секілді. Бірақ қоңыздың осындай аянышты күйге түсуіне оның өзі, еңбек еткісі келмеген, ертеңгі күнін ойламаған қамсыздығы кінәлі. Осындай жағдайға түскен шырылдауық шегірткеге құмырсқаның рақымы түспеген ғой. Асылы, қамсыздықтан, еріншектіктен, жатып-ішерліктен қиын халге тап болғандарға еңбекқордың, пайымдының рақымы түсе бермеген. Мұның да өзіндік сабағы жоқ емес сияқты.

Екі жәндіктің бірінің еңбекқорлығы мен пайымдылығын, екіншісінің еңбексіз еріншектігі мен қамсыздығын салыстыра отырып, еңбекқорлық пен пайымдылықтың салдары игілікті екенін, ал жатып-ішер жалқаулық пен қамсыздықтың салдары залалды екенін көрнекті түрде баяндауда өмірлік бай тәжірибе мен ақылдың жасампаздық күші бар-ау деп ойлаймын.

**Жидебек.** Менің есіме құмырсқаның ақылмандығын аңғартатын «Құмырсқа мен шегіртке» түсіп отыр. Мұның Эзоптың айтуынан Абайдың баяндауына дейін бірнеше нұсқасы болған ғой. Солардың ішінде Аттардың (1150-1230) «Құмырсқа мен шегірткесінің» оқиға желісінде үлкен ерекшелік бар. Өзі – өте ертеден келе жатқан үлгі.

*Құмырсқа жұпар ісі аңқыған шөптердің арасынан өтіп бара жатса керек. Шегіртке ұшып келіп бір гүлді шөптің басына қонады. Ісі мен нәріне тұмсығын тосып, әрі қарай ұшып, жайнап тұрған басқа бір шөптің басына қонады. Гүлден-гүлге, шөптен-шөпке ұшып-қонып жүрген шегіртке әлден уақытта әуелгі қонған жеріне қайта келеді. Мұны көріп тұрған құмырсқа шегірткеге былай деп тіл қатады:*

*– Мақсат жоқ, мұрат жоқ не істейтін ісің жоқ, ертеден кешке дейін гүлден-гүлге, шөптен-шөпке ұшып-қонып жүресің. Осы сенің өміріңде не мағына бар?*

*Құмырсқаның сұрағын жүрдім-бардым тыңдаған шегіртке ойланбастан мынадай жауап береді:*

*– Менің осы жүрісім сондай рахат. Менің өмірім де, өмірімнің мағынасы да осы. Менің мақсатым – ешқандай да мақсатымның болмауы. Басқа ештеңені керек қылмаймын. Сен-ақ алдыға мақсат қойып, оған жетудің жоспарын жасап, басыңды қатыра бер. Онда жұмысым*



*жоқ. Сенің жоспарың – өзіңе, менің жоспарым – өзіме.*

Шегірткенің ісінен де, сөзінен де қисықтық пен қиырлық сезіледі. Мұның ар жағында өзінің ісі мен қылығын оң көрген, өзгелердің көрсеткен үлгісі мен кеңесін теріс көрген көрбалалық жатыр деу дұрыс болар. Мұндай болмыспен ол алған бетінен қайтпайды. Оның тоқтам табуы қиын: маңдайын тасқа ұрып тоқтайды немесе аранға түсіп тыным табады. Осыны құмырсқа дер кезінде аңғарады да, былай ойланады: *«Мұның жайы белгілі болды. Менің сақтандырып айтқан сөзімді түсінетіндей халі жоқ екен. Мейлі, оның жоспары – өзіне, менің жоспарым – өзіме».*

Біраз күн өткенде құмырсқа ет дүкеніне келеді. Ет шауып жатқан дүкеншінің дөңбегінің етегінде шабылған еттің түйіршігі жерге түспес пе екен деп тосып тұрады. Әлден уақытта шегіртке ұшып келеді де, дүкеншінің алдындағы жас етке келіп жалп етіп қона кетеді. Мұның етке қонуы дүкеншінің балта сілтеуіне дөп келеді: дүкеншінің сілтеген балтасы етті де, етпен қоса шегірткені де екі бөледі. Шегірткенің екіге бөлінген денесінің бір жартысы дөңбектің түбіндегі құмырсқаның алдына түседі. Құмырсқа шегірткенің жарты етін арқасына салып, илеуіне қайтады. Қайтып келе жатып: *«Сенің шаруаң осымен бітті. Енді саған сенің жоспарыңнан ешқандай қайран жоқ. Өмір бойы біреуден ішіп-жеп едің, енді өзің біреуге ішіп-жем болдың»,* – деп пікір түйіпті.

**Скендір.** Не деген ақылды өзі. Осы жағдайды ‘Ауфи (1172/76-1233/42) «Құмырсқа мен ара» әңгімесінде баяндайтыны бар.

*Ара да гүлден-гүлге ұшып-қонып жүреді. Гүлден-гүлге ұшып-қонып жүрген араға құмырсқа:*

*– Бір гүлден бір гүлге ұшып-қонып жүрген мына жүрісің не жүріс? – десе керек. Ара құмырсқаға ұшып-қонып жүрген қалы:*

*– Қайда қонғым келсе, сонда қонамын, – дейді.*

*Ара өстіп жүріп, ет дүкенінде етке қонып, дүкеншінің балтасына түседі. Балтаға түскен араның бір жартысын құмырсқа илеуіне сүйретіп бара жатады. Әлі жаны шыға қоймаған ара құмырсқадан өзін қайда, неге сүйреп бара жатқанын сұрайды. Сонда құмырсқа араның сұрағына мынадай жауап қайтарған екен:*

*– Қайда қонғысы келсе, сонда қонатындарды қонғысы келмейтін жеріне сүйреп апарады.*

Қандай тапқырлық. Құмырсқа шегірткені (араны) ойсыз-қамсыз ұшып-қонып жүре берудің ақырынан сақтандырып еді. Жанашырлық, дос-

тық ниетін білдіріп еді. Анау оны құлағына ілмеді. Ақыры балтаға түсіп, мерт болды. Бұл жерде құмырсқаның бойында ақыл, сабыр, қанағат, еңбекқорлық бірдей көрініс тапқанға ұқсайды. Шегірткенің (араның) түбіне оның өзінің ойсыз-қамсыз, абайсыз ұшып-қонған берекесіздігі, қызылшылдығы мен қызықшылдығы, өзінің білмеуі, білгеннің тілін алмауы жетті.

**Сырымбет.** Пайымды жан шегіртке мен араның ақырынан да, құмырсқаның ақылынан да ғибрат алса болғандай. Өзі білмесе де білгеннің сөзін құлақ қойып тындауда көп пайда бар ғой. Өзі білмейтін, сөйте тұра білгеннің сөзін ұқпайтын, ұққысы келмейтін наданнан құдай сақтасын деңіз. Негізі, білгеннің сөзін тындау үшін құлақ қана емес, ақыл да керек екен ғой.

**Бақытжан.** Солай болар. Ақыл демекші, менің есіме Әбдірахман Жәмидің (1414-1492) баяндауында берілген құмырсқаның мына бір ақылды сөзі түсіп отыр.

*Құмырсқа өзінен он есе үлкен шегірткені ақ тер, көк тер болып илеуіне сүйретіп келе жатса керек. Оны көргендер қатты таңырқап, бір-біріне:*

*– Ей, жарандар, мына құмырсқаға қараңдар! Кіп-кішкентай болып, өзінен он есе үлкен жүкті қалай тартып келе жатыр? – десіпті. Құмырсқа таңырқандардың сөзін естіп, езу тартып күледі. Содан соң оларға былай деп жауап береді:*

*– Мәселе дененің үлкендігінде немесе кішілігінде емес. Бойында ақылдың күші мен намыстың оты бар ерлер қандай ауырлықты да қайыспай көтереді.*

Байқайсыз ба, қандай орынды, орнықты, салмақты сөз.

**Жидебек.** Мұндай қанатты, ақылды сөз айту үшін ақылды әрі намысты, шешен әрі көсем болу керек. Сондай-ақ құмырсқаның жақсылық істеуге даяр, достық көрсетуді парыз тұтқан және осы ұстанымынан таймайтын қасиетін айтқан да дұрыс болар. «Құмырсқа мен көгершін» осындай ойға түрткі болып отыр. Бұл әңгімені кезінде Эзоптың ізімен Л. Толстой да баяндаған ғой. Біздің ауыз әдебиетімізде де осы сюжет желісі сақталған. Әңгіме құмырсқаның бал дәмін татқысы келіп, талдың басына шыққанынан басталады.

*Құмырсқа талдың басына шығып, бір бұтақтың өзегінен шыққан балдай нәрге бас қоя бергенде, жел тұрып, әлгі бұтақ сынып кетеді. Талдың түбінде су ағып жатса керек. Құмырсқа сынған бұтақпен бірге суға құлайды. Құмырсқа*

малтығып, суға кететін болады. Мұны көрген көгершін талдың бір жапырағын төсеп, құмырсақаны құтқарып алады.

Құмырсақ мен көгершін арасындағы осы әңгіме естеріңізде болар...

**Скендір.** Болғанда қандай! Құмырсақ мен көгершін арасындағы достық қарым-қатынастың сипаты кішіге де, үлкенге де үлгі екені анық.

*Көгершін күндердің күнінде құсшының торына түсіп қалады. Құсшы салған торының аузын жабуға қолын соза бергенде, құмырсақ оның аяғын тістеп алады. Құсшы еңкейіп, құмырсақаның тістеген жерін қолымен сипайын дегенде, көгершін тордан ұшып шығып кетеді. Құмырсақ көгершінді ажалдан осылай құтқарып алады.*

Достыққа достықтың қарыз іс екенін, жақсылыққа орай жақсылық жасаудың парыз екенін білуде, біліп қана қоймай, сол білгенін өмірде іске асыруда жанның тазалығы, жүректің батылдығы, ақылдың байлығы жатыр-ау деп ойлауға болатындай.

**Бақытжан.** Бұл орайда Сіз екеуміздің ойымыз бір жерден шығып отыр. Сіздің осы ойларыңыздың арнасында мен құмырсақаның тағы бір аяулы қасиетіне назар аударсам ба деймін. Ол қасиет – құмырсақаның имандылығы. Құмырсақта иман бар. Мұны мен, әрине, өз жанымнан шығарып айтып отырған жоқпын.

**Жангара.** Солай болар. «Құмырсақта иман бар», – дегеніңізде, селт ете қалғаным рас. Бірақ Сіздің оны бекер айтып отырмағаныңызды сезем. Расында, *ақылдылық, қанағаттылық, еңбекқорлық, сабырлық, рақымдылық* бар жерде иман неге болмасын. Оның үстіне жақсылық үшін, өзіне жақсылығы тиген көгершіннің өмірін сақтап қалу үшін, басын қатерге тігіп, ашық күреске түсу *махаббаттан* шықпай ма.

**Қанжан.** Тура.

**Сырымбет.** Құмырсақта иман бар деу артық емес. Оның үстіне Құранның «Нәміл» сүресі құмырсақалар туралы емес пе. Ел аңыздарында Сүлеймен пайғамбардың құмырсақасы қияметқайымда пейішке барады деген сөз де бекер айтылмаған болар.

*Ілгеріде бір мейрам үстінде жан біткеннің бәрі Сүлеймен пайғамбарға сыйлық әкеліп тартыпты: біреу – жақұт, біреу – жібек, біреу – ат, біреу – шапан... Келіп жатқан сыйлықтарда есеп жоқ. Құмырсақ да сонша жол жүріп жетеді. Түн*

*қатып, түсі қашып жеткенде, оның Сүлеймен пайғамбарға алып келген сыйлығы шегірткенің бір аяғы екен. Сонда Сүлеймен пайғамбар алтын бастатқан қаншама асыл тастар, қымбат дүние-мүліктер, небір таңғажайып нәрселер алып келгендердің ешқайсысына назар аудармай, шегірткенің бір аяғын сонша жерден сүйретіп келген құмырсақаның ниеті мен бейнетіне разы болып, мақтау сөзін айтқан екен.*

**Жидебек.** Мәселе адал ниет пен адал еңбекте болып тұр ғой.

**Қанжан.** Дұрыс аңғарып отырсыз. Мен де осындай ойдамын.

Сүлеймен пайғамбар қол астындағы қалың әскерін бастап жорыққа шыққан екен дейді. Аспан мен жердің арасында қара құрым болып қаптап келе жатқан сансыз қол құмырсақалардың мекеніне жақындап қалса керек. Құмырсақалардың көсемі осыны көріп, жар салады:

– Ей, құмырсақалар! Сақ болыңдар! Сүлейменнің қаптаған қалың қолы келе жатыр. Жұмысты тоқтатыңдар! Індеріңе кіріңдер! Сүлеймен пайғамбар мен оның әскері Сендерді байқамай баса-көктеп, жаншып кетпесін!

Құмырсақаның көсемінің осы сөзін естіген Сүлеймен пайғамбар Құдайдың құдіретіне таң болады. Жаратқанға жалбарынып, мінажат етеді. Құмырсақалардың мекеніне аялдап, олармен әңгіме-дүкен құрады. Бұл әңгіменің негізі Құранда берілген, елдің аңыздап айтқан нұсқалары да бар.

**Жангара.** Иә, жақсы айтасыз. «Сүлеймен мен құмырсақ» жайын қазақтан Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласы ел аңыздауларынан жазып алған. Сүлеймен пайғамбар мен құмырсақ арасында болған әңгімелердің қазақ ішіндегі ең толығы осы. Онда Сүлеймен мен құмырсақаның арасында болған айтыс желісі де сақталған.

**Жидебек.** Бұл оқиғаның желісі үлкен, мазмұны да бай. Мысалы, құмырсақалардың көсемінің жаңағы сөзін жел құлағына жеткізгенде, «Сүлеймен пайғамбар өзін зор санап, құмырсақаны қор санап күлді дейді:

– Надан шіркін, аспанда ұшып бара жатқандардың жердегіге не зарары тиеді? Соған білімі жетпей айтып жатыр-ау! – деп, қорашсынып, тоқтай тұрып, құмырсақаның патшасын шақыртып алды. Сонда құмырсақаның патшасы:

– Мені неге шақырттың? – дейді.

– Тілдесейін, сөйлесейін деп шақырттым! – дейді [Тақ Сүлеймен].

– Менімен тілдесіп, жауаптассаңыз, иығыңыздың үстінен, құлағыңыздың тақ түбінен орын беріңіз. Әйтпесе, біріміз – көкте, біріміз – жерде: сөзіміз түгел бола ма? – дейді [Құмырқаның патшасы].

Тақ Сүлеймен құмырқаның патшасына иығының үстінен, құлағының түбінен орын берді [Құмырқаның патшасы]:

– Сұра, тақсыр, – дейді.

– Сұрасам, мендей патшасы бар жұрт біреуге зорлық-зомбылық қыла ма? Не үшін: «Таптап кетпесін?» – дедің?! –

– Уай, тақсыр-ай, қол астыңдағы халқыңның төбесін көкке тигізбедің, аяғын жерге тигізбедің. Көкте болсаң, жердегіні аяр едің. Жерде болсаң: «Бәріміз бір ауылдың кісіміз ғой!» – дегендей, жаның ашыр еді. Көкте де жоқ, жерде де жоқ, желге ұшқан тулақтай өзің ұшып жүрген соң, сенің қай жеріңде зақыл-ес тұрады деп ойлаймын. Шөп жаманы – қаңбақ, о да желге ұшқанда, жерге домалап ұшады: есебі Құдайға қылған сәждесі. Аспан-көктің арасында не жүреді: құйынмен ұшқан шөп-шар жүреді. Желмен ұшып жүрген нәрседе зақыл-ес бар деп кім ойлайды?

– Хош, менің гаскерімнің көк пен жердің ортасында ұшып жүргенін біле тұрып: «Қиран қаласыңдар, жойылып қаласыңдар!» – деп қалайша айттың? Сен білгіш болсаң, білімді кісіден бос сөз шыға ма екен?! – дейді [Тақ Сүлеймен].

– Оны айтқаным: «Аналар басып кетеді де, сендер жанышылып қаласың!» – дегенім емес. «Алма алмадан реңк алады, ат есекпен бір ахырда тұрса, мінездес болады. Желге ұшып, жеңіл тартып жүргендерді тамаша қыламын деп, фікір-зікірден бос қалып, заңілдерден (зафиллардан) болып, құдай қасында тапталып, уатылып қаларсың!» – дегенім еді. Тақсыр, кезектесейік. Менің де Сізден сұрап үйренейін деген мұқтажым бар, маған жол беріңіз! – дейді [Құмырқаның патшасы].

Тақ Сүлеймен:

– Сұра! – дейді.

– Сұрасам, Құдайдың өзіңе бергенін айт, жұрттан бөлек не берді? – дейді [Құмырқаның патшасы].

– Желді маған билетті, жел тізгіні қолымда болғандықтан, Құдайға шүкір, айлық жер менің баруыма – түстік, екі айлық жер қоналқалық болды! – дейді [Тақ Сүлеймен].

– Бәрекелді, тәуір нәрсені билеткен екен. Гуілдеп өткен желдің қайта айналып келгенін көрген жан бар ма? Желді қолына ұстап: «Мынау менікі!» – деп, алып жүрген жан бар ма? Орынға тұрмаған сөзді «желге кеткен бір сөз-дағы» демеі ме? Сондай дүние ақыретке пайдасы жоқ: Құдайдың саған бергені желге кеткен бір өмір екен. Тағы бергенде, жұрттан бөлек не берді? – дейді [Құмырқаның патшасы].

– Бір жүзік берді: барша патшалықтың кілті, билігі соның көзінде, – дейді [Тақ Сүлеймен].

– Ол жүзігің қайсы? – дейді [Құмырқаның патшасы].

– Мінеки! – деп, көрсетті [Тақ Сүлеймен].

– Бәрекелді, барлық құны тырнақтың көлемінде тас болған бақ-дәулеттің болғанға, тұрғанға не сәні бар? Тіпті дәнеме емес екенін осынан білсейі! – дейді [Құмырқаның патшасы].

Хазірет Сүлеймен ғалайһи-уәссалам айтты:

– Сен артықысың, мен артық па? – дейді.

Құмырқа патшасы айтты:

– Астыңдағы тағың артық па, үстіңдегі киімің артық па?

– Тахыт бақытпенен. Тақта бақ жоқ болса, тақ – жансыз нәрсе, неменеге жарайды? Тақ артық болса, төбеме көтеріп жүрер едім. Бір күн де болса, үстінде отырмын: тақтан мен артық-дағы, – дейді [Тақ Сүлеймен].

Құмырқа [айтады]:

– Рас айтасың! Астыңдағыдан үстіңдегі артық болатұғын болса, әлхамдилла, шүкір, сенен менің артықтығым мағлұм болды. Сен пенде жасаған таққа мініп отырсың да, мен Құдай жасаған Сені тақ қылып отырмын ғой! – дейді.

Расында да ойландыратын сөз ғой. Құмырқа Тақ Сүлейменді сөздің жөнінен жеңіп тұр. Енді мына жайға қараңыз. Әлгі әңгімені М.Ж. Көпейбаласының баяндауында әрі жалғастырайын.

«Тақ Сүлеймен құмырқаның патшасына:

– Құдай жаратуда қайсымызды жақсы жаратты? Бұл турадан хабарың бар ма? – дейді.

Құмырқа айтады:

– Бұл турадан хабарым бар. Әлхамдилла, шүкір, жаратуында осы отырған сенен мені артық жаратты. Неге десең: өзге денеңе қарағанда, басың кіші, миың аз: ақылыңның аздығы – сол! Менің өзге денеме қарағанда, басым зор: миым көп, ақылымның артықтығы сонан! Сенің өзге денеңе қарағанда, қарының жуан: тойымдығың жоқ, қанағатың аз. Тойымы жоқ қанағатсызда қасиет бола ма? Менің өзге де-

неме қарағанда, қарыным жіңішке: қанағатым зор, дүниеге мұқтажлығым аз! Сенің өзге денеңе қарағанда, аяқ тарпың шидей: өзіңнен қаралдысы зорды көтере алмай тұғының [себебі] – сол. Менің өзге денеме қарағанда, бөксе тарпым жуан: сол үшін өз қаралдымнан үлкен нәрселерді көтере беремін. [Құдай] Ақылымды көп қылып, тамақ үшін уайымымды жоқ қылып, өзімнен зорды көтеретұғын күш беріп жаратты. Мұнан артық жаратылу бола ма?!»

Не деген тереңдік! Қандай ақыл! Осында дұрыс болмайтын ешбір сөз, ешбір ой жоқ қой. Құмырсканың көтеріп отырған мәселесі өзінің жаратылысының артықтығы емес, Сүлеймен пайғамбардың өзін құмырсақтан зор санаған пиғылының қателігі. Біреуден артықпын деген ойдың негізінде астамшылық, мақтаншылық тұрады. Шындығына келгенде, жанның жаннан артықшылығы ақылда, ал ақыл тұрған жерде иман тұрады деген сөз бар.

**Скендір.** Құмырсканың сөзі мен ісінің мәнін ұққан адам одан бүкіл өміріне жететін білім алатын болар. Ал енді осы білім қолымызда, көзіміздің алдында, тіпті көңілімізде тұрған сияқты. Соған қарамастан, қажет кезінде қолымызға түспейді, көңілімізден табылмай қалады. Мұны қалай түсінуге болады?

**Жидебек.** Мәселе оның жүрекке қонуында, ақылға сіңуінде болар.

**Қанжан.** Расында, Сүлеймен пайғамбардың құмырсақтан алған, жүрегіне қондырған, ақылына сіңірген тағылымы мол, құмырсаққа деген көзқарасы ерекше. Осыған дейін айтылған әңгімелерге қоса мен тағы бір жайға көңіл аударғым келіп отыр.

Сүлеймен пайғамбардың заманы екен дейді. Аспаннан бір тамшы жаумай, құрғақшылық болыпты. Ел-жұрт, мал-жан, жәндік біткен қатты сусапты. Сонда Сүлеймен пайғамбар өзіне бағынышта жан біткеннің бәрін далаға жинап, Құдайдың разылығы үшін құрбандық шалып, тілек тілемекші болады. Сөйтіп жиналып келгенде, Сүлеймен пайғамбардың көзі ең далада тікесінен тұрып, қолын аспанға көтеріп жайып тұрған құмырсаққа түседі. Сонда Сүлеймен пайғамбар өзінің соңына еріп келген қалың көпке былай деп әмір етіпті:

– Кейін қайтыңдар! Құмырсақ Құдайға жалбарынып, су сұрап тұр екен. Тынышын алмаңдар. Оның тілегі қабыл болады.

Құмырсканың танымының тереңдігін айтсаңызшы. Жаратқаннан бір өзінің емес, көптің тілегін тілеуде үлкен махаббат жатқан жоқ па? Оның үстіне жақындарына жанашырлық көрсету, қамқор болу, оларды қауіп-қатерден сақтандыру, олардың алдында өзінің жауапкершілігін сезіну қалай құрметтесек те болатын үлгілі, өнегелі қасиеттер.

**Жангара.** Құмырсканың таным тереңдігі жайын жақсы айттыңыздар. Танымның тереңдігі, ақылдың байлығы хақында құмырсақтан алар тағылым да, ғибрат та аз емес. Осындай тағылымды, ғибратты бір әңгіме Руми ақсақалдың «Месневіінде» [төртінші дәптер] баяндалған екен.

Ғұлама бір кісі, қолында қалам, алдында ақ қағаз, ойларын жазып отырса керек. Ақ қағаздың бетінде қалам ізінен әдемі өрнек қалып жатады. Құмырсақ екінші бір құмырсаққа қаламның қимылының, салған өрнегінің кереметін айтып таңданады. Сонда оны естіген құмырсақ:

– Қалам саусақтың істе дегенін ғана істейді. Сондықтан керемет деп қаламды емес, қаламды ұстаған саусақтарды айту керек, – деп, өз ойын білдіріпті. Бұлардың сөзін естіп тұрған үшінші құмырсақ басқа пікір айтады:

– Мәселе қолда. Қолдың күші болмаса, жіп-жіңішке алжуаз саусақтар не істей алушы еді.

Құмырсақалардың жөн білемін дегендерінің әрқайсысы сөз сөйлеп, ой айтып жатады. Сонда көп жасап, көпті көрген, ақылы дариядай бір құмырсақ былай деп айтыпты:

– Бұл өнерді оның сыртқы түрі мен түсіне қарап бағаламаңдар. Түр мен түсте, құрал-сайманда тұрған ештеңе жоқ. Сендер айтып отырған қаламды да, саусақты да, қолды да ақыл билейді...

– Жан біткеннің бойындағы ең қадірлі нәрсе ретінде ақылды танудың өзінде кемелдік бар емес пе.

**Сырымбет.** Құмырсканың ерекше қасиеті бар десек, сол қасиеттің негізі пайымдылықта, ақылда жатқанын аңғаратындаймыз, солай емес пе...

**Бақытжан.** Солай. Құмырсканың қасиеттеріне өте әділ баға бердіңіздер. Әлгі құмырсканың көсем ретінде өзгелердің алдындағы өз міндеттері мен жауапкершілігін бұлайша терең сезінуі, бір емес, барлық құмырсақаларға бірдей жанашырлықпен, қамқорлықпен қарауы, жол көрсетуі, оларды қауіп-қатерден сақтандыруы оның жүрегі

барын, жүрегінде ақылдың жарығы барын білдіретін сияқты. Ақылға салғанда, белгілі бір құбылыстың сипаты туралы оң пікірдің өзінің жеті деңгейлі болатыны жайында айтылған болжам еске түседі. Кейінгі әңгіме негізінде сол деңгейлердің бәрі емес, бірнешеуі ғана көрініс тапқанға ұқсайды. Басқаша айтсақ, одан әркім өз деңгейіне лайықты ғибрат табады. Осы тұрғыдан келгенде, құмырсқаның қасиетінің негізін пайымдылықтан, ақылдан іздеу орынды. Тіпті: «Құмырсқада иман бар», – деудің де жөні бар ма деймін.

**Қанжан.** Құмырсқа туралы бірқатар ой айттық, оның бойындағы жақсы, үлгілі қасиеттердің біразын көрсеттік. Енді құмырсқаның бойындағы ардақты деген қасиеттердің бастыларын жинақтап атап өтсек қайтеді.

**Жидебек.** Атайық. Атасақ, құмырсқаның бойындағы ардақты қасиеттер мынадай болып шығады: *адал еңбек, қанағат, рақым.*

**Сырымбет.** Мен бұл қатарға құмырсқаның бойындағы мына қасиеттерді қосар едім: *сабыр, махаббат, ақыл.*

**Бақытжан.** Менің қосатыным да бар. Ол – *иман.*

**Скендір.** Бұл қасиеттерді құмырсқаның бойынан іздеп, тауып отырған адам емес пе. Сондықтан адамның осы қасиеттерді ең кішкентай жәндік құмырсқаның бойынан тауып, оны өзінің ұрпақтарына ғибрат етіп айтуында асқан ақылдылық, даналық бар десек болмас па.

**Жангара.** Өте жақсы айттыңыз. *Адал еңбектің, қанағаттың, рақымның, сабырдың, махаббаттың, ақылдың, иманның* қасиетін танып, қадіріне жеткен, іздеген игілігін солардан тапқан адамды қалай ардақтасақ та болатын шығар.

**Жидебек.** Жақсы пікір алмастық. Енді менің бір ұсыныс айтқым келіп отыр. Осы сұхбатымызды «Құмырсқаға құрмет» деп атасақ қайтеді.

**Скендір.** Табылған ақыл. Мен қолдаймын.

**Қанжан.** Мен де қарсы емеспін.

**Сырымбет.** Менің ойым да осындай.

**Бақытжан.** Дұрыс.

**Жангара.** Жақсы екен.

# ТІА БІЛІМІ



I feel highly indebted to Prof. Gulmira Madieva, Chair of General Linguistics, for her invitation and hospitality. It was a great pleasure to discuss various topics with the students and teachers.

From Russian into English.

\* \* \*

*Peter Enders*

## HUYGENS' PRINCIPLE FOR LINGUISTICS (Dedicated to the 75th birthday of Werner Ebeling)

Physics has got a huge experience in applying mathematics and philosophy to science. This can, should and has been exploited by other branches, in particular, linguistics, as shown by means of few examples. The deficiencies of simple Markov chains for characterizing texts are proposed to be overcome using correlated Markov chains. Texts of natural languages are considered to result from phonetic processes rather than to be just static sequences of characters. This allows to exploit the relationship between Markov chains and Huygens' principle (both being much more widely applicable than originally conceived).

### Introduction

In 2011, the new president of the Academy of German Language, Heinrich Detering (\*1959) has announced, that the academy shall be more concerned with social issues. Moreover, not only poets, scholars of literature and critics, but also other experts, such as jurists, scientists, health professionals and historians should become members and care for the German language. In such a spirit of the unity of science – including the Humboldtian ideal of *universal* education – a series of lectures on 'Science – Language – Society' were held at the Faculty of Philology of the Kazakh National Al Farabi University, Almaty.

Why to invite a physicist to give such lectures?

Due to its experience in methodology in a broader sense, physics is particularly able to support that approach. To illustrate this, let me mention the activities of few scholars, which are closely related to physics.

- Galileo Galilei (1564-1642), the founder of modern physics, was among the first to publish not in Latin, but in her mother tongue. This made science accessible to the common reader. He stressed the role of the notions. "Names and attributes must be accommodated to the essence of things, and not essences to names; for things come first, and names afterward." (1613) "If the opinions of philosophers, and their words, have the power to call into existence the things they consider and name, why then I beg them the favor of their considering and naming „gold“ a lot of old hardware I have about the house." (1623)

- Isaac Newton (1642-1727), the founder of modern classical mechanics, aimed at a universal language<sup>1</sup> and did phonetic studies<sup>2</sup>.

- Михаил Васильевич Ломоносов (1711-1765), being perhaps most famous for his many

---

<sup>1</sup> R. W. V. Elliott, Isaac Newton's 'Of an Universal Language', *Mod. Lang. Rev.* LII (1957) 1-18; [jstor.org/stable/3719861](http://jstor.org/stable/3719861)

<sup>2</sup> R. W. V. Elliott, Isaac Newton as Phonetician, *Mod. Lang. Rev.* XLIX (1954) 5-12; [jstor.org/stable/3718012](http://jstor.org/stable/3718012)

milestone contributions to science and technics, was also a practitioner and theoretician of Russian literature.

- Thomas Young (1773-1829), “the last man who knew everything”<sup>3</sup>, is famous for his pioneering contributions to optics, elasticity, vision and color theory, liquids, medicine, music, and languages (proposal of a universal phonetic alphabet, coining the term ‘Indo-European’ languages, basic results on the Egyptian hieroglyphs).

- Андрей Андреевич Марков (1856-1922) has applied his new formalism<sup>4</sup> – now known as Markov chains-to the statistics of letters in «Евгений Онегин» Пушкина (1799-1837)<sup>5</sup> and other texts<sup>6</sup>. This was highly welcomed by Роман Осипович Якобсон (1896-1982), Андрей Белый (Борис Николаевич Бугаев, 1880-1934) and others, who sought for an objective characterization and evaluation of literature. Generally speaking, however, one should not forget, that mathematics deals with mathematical structures, while the content of them comes from linguistics (physics, biology...).

- Claude Elwood Shannon (1916-2001), the father of information theory, has analyzed the English language by means of simple schemes and models, including Markov chains<sup>7</sup>.

- Gell-Mann (\*1929) & Ruhlen (\*1944), both at the Santa Fe Institute (santafe.edu), have investigated

<sup>3</sup> A. Robinson, *The Last Man Who Knew Everything: Thomas Young, the Anonymous Genius who Proved Newton Wrong and Deciphered the Rosetta Stone, among Other Surprising Feats*, Penguin 2007

<sup>4</sup> Распространение закона больших чисел на величины, зависящие друг от друга, Изв. Физ.-мат. общ. Каз. унив. [2] 15 (1906) 135–156; Engl.: Extension of the limit theorems of probability theory to a sum of variables connected in a chain, in: R. Howard, *Dynamic Probabilistic Systems*, Vol.1: Markov Chains, Wiley 1971, Appendix B

<sup>5</sup> An Example of Statistical Investigation of the Text Eugene Onegin Concerning the Connection of Samples in Chains, *Science in Context* 19.4 (2006) 591–600; journals.cambridge.org/production/action/cjoGetFulltext?fulltextid=637500

<sup>6</sup> See also Berechenbare Kunst. *Mathematik, Poesie, Moderne*, Berlin/Zürich: Diaphanes 2007; F. P. Ingold, *Markows vergessener Beitrag zur quantitativen Textlinguistik*, Recherche, 2009; recherche-online.net/andrej-markow.html; the web site Markov transition matrix for a verse (antonalexeev.hop.ru/markov/index.html) shows why a simple statistics of letters is not sufficient for describing a natural language.

<sup>7</sup> A mathematical theory of communication, *Bell System Techn. J.* 27 (1948) 379-423, 623-656; notice the publication of that and other fundamental papers in an industrial journal!

the ordering of subject (S), verb (V), and object (O) in 2011 (!) languages<sup>8</sup>. They also note that three lines of evidence – from genetics, archaeology, and linguistics – all indicate that humans suddenly started using sophisticated tools and making objects of art around 50,000 years ago. They second the conjecture that this was connected with the appearance of fully modern human language.

#### Application of Markov chains in linguistics

Despite of the simplicity of Markov chains (see below), they have influenced various developments, eg<sup>9</sup>;

- in the 1940-ies: Jan Mukashovskэ (1891-1975) and the Czech structuralists;

- in the 1950-ies: Pierre Guiraud (1912-1983) and the French mathematical linguistics;

- in the 1960/1970-ies: Andrei Kolmogorov (1903-1987), Wilhelm Fucks (1902-1990), Roman Jakobson and the information-theoretically resp. semiotically founded theory of the science of poetry, the concrete (visual, auditive) poetry in Germany, USSR and Brazil as well as in *L'Ouvroir de Littérature Potentielle* (Oulipo; founder members, among others: the poet and philosopher of science Jean Lescure (1912-2005) and the mathematically experienced chess expert Francois Le Lionnais (1901-1984)).

More sophisticated statistical methods have been exploited in a still ongoing project, which is sketched next.

#### Deciphering and Representing Mesopotamian Texts Using Statistical Methods

The texts on Mesopotamian clay tablets (ca. 3000 BC) contain calculations with apparent contradictions, the reasons of which were not known. Were there errors in the calculations?

In 1983, the mathematician Peter Damerow (1939-2011), the archaeologist Hans Jürg Nissen (\*1935) and the orientalist Robert K. Englund (\*1952) have chosen a novel approach. They have not analyzed the texts on single tablets, but on 5000 (!) tablets – using computers, of course. They obtained two crucial results:

<sup>8</sup> M. Gell-Mann & M. Ruhlen, The origin and evolution of word order; after Charles Day, blogs.physicstoday.org/thedayside/2011/10/a-physicist-tackles-the-evolution-of-word-order.html

<sup>9</sup> F. P. Ingold, *Mathematik und Poesie. Andrej A. Markows vergessener Beitrag zur quantitativen Textlinguistik*, Recherche, 2009; recherche-online.net/andrej-markow.html

1. The texts are not just the written form of a spoken language, but document administrative and accounting activities;

2. Different number systems were used for different tasks or objects (goods sold on the market place) to be counted.

Today, the internet platform ‘Cuneiform Digital Library Initiative’ (CDLI) depicts and describes tens of thousands of clay tablets with cuneiform writing. New 3D photograph and processing techniques are employed. A complete archive is aimed at – not meeting the support of those, who wish first to decipher their tablets on their own...<sup>10</sup>

#### Simple Markov Chains and Linguistics

A simple Markov chain—as considered by Markov – describes a (simple) Markov process, *ie*, a random process, where the future is determined only by the present and not by the past. It is given by a vector,  $\mathbf{z}(0)$ , describing the initial state and so-called transition matrices,  $\mathbf{P}(k+1,k)$ , connecting the states  $k$  and  $k+1$ ;  $\mathbf{z}(1)=\mathbf{P}(1,0)\cdot\mathbf{z}(0)$ ;  $\mathbf{z}(2)=\mathbf{P}(2,1)\cdot\mathbf{z}(1)$  etc.  $k$  is the process, or discrete time variable. The values of  $\mathbf{P}(k+1,k)$  are determined by the underlying process.

In view of this mathematical simplicity, the wide applicability of Markov chains is rather astonishing.

In linguistics,  $\mathbf{z}$  is not a state vector, but the set of characters included, *eg*,

$$\mathbf{z}=\{\text{NUL},\dots,!,\dots,0,\dots,A,\dots,a,\dots,\sim,\text{DEL}\}$$

for 7-bit ASCII<sup>11</sup>.  $\mathbf{P}$  is considered not to be determined by an underlying process; the step number,  $k$ , has no meaning. For a given text, the matrix element  $P_{ij}$  counts how often the character  $z_i$  follows the character  $z_j$ . For instance, within 7-bit ASCII,  $P_{97,101}$  equals the number of the sequence ‘ea’ as in ‘real’ and ‘meat’<sup>11</sup>.

This example suggests, that the immediate sequence of characters might be too simple a mean for characterizing a text.

#### Correlated Markov Chains and Linguistics

A correlated Markov chain contains some influence of the past. In other words, two subsequent steps—say, from  $k$  to  $k+1$  and from  $k+1$  to  $k+2$ —are not independent, but correlated. Thus,

$$\mathbf{z}(2) = \mathbf{P}(2,1)\cdot\mathbf{z}(1) + \mathbf{Q}(2,0)\cdot\mathbf{z}(0)$$

In linguistics, again,  $\mathbf{Q}$  is considered not to be determined by a process, but by the text. The matrix element  $Q_{ij}$  counts how often the character  $z_i$  is the second character after the character  $z_j$ .

Staying with 7-bit ASCII,  $Q_{97,101}$  equals the number of the sequence ‘e?a’, where ‘?’ means any other letter (wildcard), as in ‘legal’ and ‘meat’.

Actually, the frequencies of sequences of three and more letters are investigated. This transcends Markov processes, because the corresponding relation,

$$\mathbf{z}(2) = \mathbf{R}(2,1,0)\cdot\mathbf{z}(1):\mathbf{z}(0)$$

is *non-linear*.

In what follows I will assume that there are texts that can be characterized by Markov chains.

*Definition:* A text is called a  $n$ -step Markov text, if it can be characterized by a  $n$ -step Markov chain<sup>12</sup>.

For the natural languages I pose the following

*Hypothesis:* There is some ‘mechanism’ behind the natural languages, because they are conditioned by phonetic processes.

*Conclusion:* The natural languages can be characterized by (correlated) Markov chains.

Of course, this has far reaching consequences for the statistical characterization of texts. In particular, there are no single quantities that account for the words, *eg*,  $R_{101,97,116}$  for ‘eat’<sup>13</sup>. For not the static result of a text is taken as basis, but the building of words during speech.

Some of these chains are distinguished as will be outlined next.

#### Simple Markov Chains and Huygens’ Principle

There is a physical principle that—like Markov Chains — looks rather special, but is much more widely applicable than first intended, *viz*, Huygens’ principle<sup>14</sup>. It has been formulated by Christiaan Huygens (1629-1695) first for mechanics and later for optics (where it is best known). Shortly, every point to which light reaches becomes the source

<sup>12</sup> Analogously to the famous question “Can one hear the shape of a drum?” by Mark Kac (1914-1984), one may ask, can one reconstruct a text from its (Markovian) transition matrices?

<sup>13</sup> More exactly,  $R_{32,101,97,116,y}$ , where ‘y’ stays for ‘space’ or a punctuation mark.

<sup>14</sup> Cf K. Simonyi, *A Cultural History of Physics*, Peters/CRC Press 2012; for a recent review, see P. Enders, *Huygens’ principle as universal model of propagation*, *Latin Am. J. Phys. Educ.* 3 (2009) 19-32

<sup>10</sup> For a more detailed account, see K. Vaillant, E. Fessler, *Ideen, täglich: Wissenschaft in Berlin*, Berlin: Nicolai, 2010, S. 138-151; [damerow.mpiwg.de/pdf/ideen\\_138-151.pdf](http://damerow.mpiwg.de/pdf/ideen_138-151.pdf)

<sup>11</sup> See, [eg, asciitable.com/](http://asciitable.com/); 7-bit means  $2^7=128$  characters



of a secondary wave, and the superposition of all secondary wave(lets) yields the same light wave as the original source.

The validity of Huygens' principle for Markov chains has long been known. Richard Feynman (1918-1988) has used this relationship in his famous path integral formulation of quantum mechanics<sup>15</sup>.

Thus, for simple Markov chains we have

$$\mathbf{z}(k+m) = \mathbf{P}(k+m, k+m-1) \cdot \mathbf{P}(k+m-1, k+m-2) \dots \mathbf{P}(k+1, k) \cdot \mathbf{z}(k)$$

Each matrix corresponds to the propagation from one to the next wave front; each matrix multiplication corresponds to the summation over the secondary wavelets. For this, the matrices,  $\mathbf{P}$ , are Huygens propagators.

The  $k$ -step transition function,  $\mathbf{G}(k+m, k)$ :  $\mathbf{z}(k+m) = \mathbf{G}(k+m, k) \cdot \mathbf{z}(k)$ , is a Green's function<sup>16</sup>. Since it is a product of single-step transition matrices,  $\mathbf{P}(k+1, k)$ , it obeys the equation

$$\mathbf{G}(k+m, k) = \mathbf{G}(k+m, k+l) \cdot \mathbf{G}(k+l, k); 0 \leq l \leq k$$

This is one form of the Chapman-Kolmogorov equation<sup>17</sup>. It represents the most general mathematical expression of Huygens' principle<sup>18</sup>. For this, a Green's function obeying the Chapman-Kolmogorov equation is also called a Huygens propagator; it propagates the system under consideration from state  $\mathbf{z}(k)$  to state  $\mathbf{z}(k+m)$ .

*Conjecture:* The broad success of Markov chains is due to the fact, that Huygens' principle holds true for them.

Thus, in what follows, generalizations of Markov chains are proposed, which use Huygens' principle as Ariadnian thread.

#### Proper Huygens Propagators. Markov-Huygens Chains

As mentioned above, correlated Markov chains contain to a *two*-step 'equation of motion',

$$\mathbf{z}(k+1) = \mathbf{P}(k+1, k) \cdot \mathbf{z}(k) + \mathbf{Q}(k+1, k-1) \cdot \mathbf{z}(k-1)$$

(or even higher-order 'evolution laws'). In contrast to the original, single-step Markov chain, the state  $\mathbf{z}(k+1)$

is immediately connected not only with state  $\mathbf{z}(k)$ , but also with state  $\mathbf{z}(k-1)$  (correlation). This doubles not only the set of independent dynamical variables from  $\{\mathbf{z}(0)\}$  to  $\{\mathbf{z}(0), \mathbf{z}(1)\}$ , but allows for a more complex dynamics due to the new transition matrices,  $\mathbf{Q}$ .

Now, in general, the Green's function of a two-step difference equation is *not* a Huygens propagator<sup>19</sup>. To obtain a Huygens propagator, one has to decompose that difference equation of second order into two coupled difference equation of first order.

For example, analogously to d'Alembert's (1717-1783) solution to the one-dimensional wave equation, one may try to set

$$\mathbf{z}(k) = \mathbf{r}(k) + \mathbf{l}(k)$$

where, in some situations,  $\mathbf{r}$  and  $\mathbf{l}$  represent *right*- and *left*-going quantities (pulses, waves), respectively. They are connected through *one*-step equations of motion like

$$\mathbf{r}(k+1) = \mathbf{R}rr(k+1, k) \cdot \mathbf{r}(k) + \mathbf{R}rl(k+1, k) \cdot \mathbf{l}(k)$$

$$\mathbf{l}(k+1) = \mathbf{R}lr(k+1, k) \cdot \mathbf{r}(k) + \mathbf{R}ll(k+1, k) \cdot \mathbf{l}(k)$$

The Green's function of this set of equations (in terms of  $\mathbf{r}$  and  $\mathbf{l}$ , it is a  $2\mathcal{H}2$  matrix),  $\hat{\mathbf{G}}$ , is a Huygens propagator<sup>20</sup>.

Moreover, this set of one-step equations is equivalent to the two-step equation of motion for  $\mathbf{z}(k)$ , if

$$\begin{aligned} \mathbf{P}(k+1, k) &= \mathbf{R}rr(k+1, k) + \mathbf{R}rl(k+1, k) \cdot \mathbf{R}ll(k, k-1) \\ &\quad \cdot \mathbf{R}rl(k, k-1) - 1 \\ &= \mathbf{R}ll(k+1, k) + \mathbf{R}lr(k+1, k) \cdot \mathbf{R}rr(k, k-1) \\ &\quad \cdot \mathbf{R}lr(k, k-1) - 1 \end{aligned}$$

and

$$\begin{aligned} \mathbf{Q}(k+1, k-1) &= \mathbf{R}rl(k+1, k) \cdot \mathbf{R}lr(k, k-1) - \\ &\quad \mathbf{R}rl(k+1, k) \cdot \mathbf{R}ll(k, k-1) \cdot \mathbf{R}rl(k, k-1) - 1 \cdot \mathbf{R}rr(k, k-1) \\ &= \mathbf{R}lr(k+1, k) \cdot \mathbf{R}rl(k, k-1) - \mathbf{R}lr(k+1, k) \cdot \mathbf{R}rr(k, k-1) \\ &\quad \cdot \mathbf{R}lr(k, k-1) - 1 \cdot \mathbf{R}ll(k, k-1) \end{aligned}$$

In this case, that matrix Green's function,  $\hat{\mathbf{G}}$ , obeys the two-step equation of motion for  $\mathbf{z}(k)$ , too.

$$\hat{\mathbf{G}}^2 = \mathbf{P} \cdot \hat{\mathbf{G}} + \mathbf{Q}$$

By virtue of the Cayley-Hamilton theorem<sup>21</sup>, this is the eigenvalue equation for  $\hat{\mathbf{G}}$ . Its solution yields a set of eigenvectors and eigenvalues.

Now, the set of eigenvalues, the *spectrum*, is a crucial characteristic of  $\hat{\mathbf{G}}$ . According to Leonhard

<sup>15</sup> R. P. Feynman, Space-Time Approach to Non-Relativistic Quantum Mechanics, Rev. Mod. Phys. 20 (1948) 367-387; reprint in: J. Schwinger (Ed.), Selected Papers on Quantum Electrodynamics, New York: Dover 1958, No.27

<sup>16</sup> After George Green (1793-1841)

<sup>17</sup> After Андрей Николаевич Колмогоров (1903-1987) and Sydney Chapman (1888-1970)

<sup>18</sup> P. Enders, Huygens' Principle and the Modelling of Propagation, Eur. J. Phys. 17 (1996) 226-235

<sup>19</sup> Cf the well-known fact, that the Green's function of the wave equation is not a Huygens propagator as it does not obey the Chapman-Kolmogorov equation.

<sup>20</sup> In this context, it is always understood, that the same boundary conditions are fulfilled.

<sup>21</sup> After Arthur Cayley (1821-1895) and William Rowan Hamilton (1805-1865)

Euler (1707-1783)<sup>22</sup>, such a particular meaning deserves a particular notion.

*Definition:* A Huygens propagator is called *proper*, or *irreducible*, if it obeys the single higher-order equation of motion, too.

*Definition:* A Markov chain, the Green's function of which is a Huygens propagator, is called a *Markov-Huygens chain*.

Obviously, all simple Markov chains are Markov-Huygens chains.

I thus arrive at the following

*Conjecture:* For propagation(-like) processes, the *relevant* Markov chains are the Markov-Huygens chains.

#### Proper Huygens Propagators and Linguistics

The modeling of the phonetic aspects of a text by means of Markov-Huygens chains represents an extremely high degree of abstraction<sup>23</sup>. Nevertheless, let us assume that a text can be described by Markov-Huygens chains with various numbers of steps. Since a detailed investigation of concrete texts is beyond the scope of this series of lectures, let me propose the following

*Conjecture:* The complexity of a text is measured by the minimum number of steps of a Markov-Huygens chain that is necessary for uniquely characterizing it.

This suggests the following

*Definition:* A language is not redundant, if all meaningful sentences of it exhibit a unique complexity.

Of course, redundancy is a necessary characteristics of natural languages.

#### Conclusions

Physics is the most experienced science what concerns, (i), the development of methodology, in particular, the application of mathematics, and, (ii), the philosophical and social analysis. This can and should be exploited by other sciences. Physics, however, cannot judge about the content of other sciences, such as the style of literary texts. This limits its support of linguistics in such areas as literary translations. In the field of statistical analysis of texts, the development of new ideas and methods within physics may well benefit mathematical linguistics, too. Here, our results on Huygens' principle are proposed to be checked for applicability.

Markov chains have also been applied for compose and modeling music and identifying composers<sup>24</sup>. This suggests linguistics to inspect musicology w.r.t. the application of mathematical and physical methods.

#### Acknowledgement

<sup>22</sup> L. Euler, Anleitung zur Naturlehre worin die Gründe zur Erklärung aller in der Natur sich ereignenden Begebenheiten und Veränderungen festgesetzt werden, ca. 1750; in: Opera Omnia, III, 1, pp.17-178; Opera posthuma 2, 1862, pp.449-560 (Eneström 842; [http://www.math.dartmouth.edu/~euler/tour/tour\\_17.html](http://www.math.dartmouth.edu/~euler/tour/tour_17.html))

<sup>23</sup> It is comparable, possibly, with that in 1963 Edward Norton Lorenz's (1917-2008) set of just three ordinary differential equations of first order for modeling the weather—unintentionally, this approach has initiated the modern chaos research.

<sup>24</sup> Y.-W. Liu & E. Selfridge-Field, Modeling music as Markov chains—composer identification, Music 254 Final Report, 10 June 2002, Center for Computer Research in Music and Acoustics, Stanford University; <https://ccrma.stanford.edu/~jacobliu/254report/>; Ch. Dodge & Th. A. Jerse, Computer Music - Synthesis, Composition, and Performance, Schirmer 2nd 1997

# АУДАРМА ЖӘНЕ ӘДЕБИ КОМПАРАТИВИСТИКА



\* \* \*

*М. Жұмаділова*

## КӘСІБИ АУДАРМА МОДЕЛІ ЖӘНЕ АУДАРМАШЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

*Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Жазбаша және ауызша аударманың түрлі модельдері. Кәсіби аудармашы деңгейін дамыту жолдары.*

*Тірек сөздер: ауызша аударма, жазбаша аударма, кәсіби аудармашы.*

*М. Жұмаділова*

## МОДЕЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОДА И СОЦИАЛЬНЫЙ СТАТУС ПЕРЕВОДЧИКА

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Модели письменного и устного перевода. Уровни развития профессионального переводчика.*

*Ключевые слова: устный перевод, письменный перевод, профессиональный переводчик.*

*M. Zhumadilova*

## A MODEL OF PROFESSIONAL TRANSLATION AND SOCIAL STATUS OF THE TRANSLATOR

*Abstract. The issues dealt in this article. Models of translation and interpretation.*

*Levels of a professional translator.*

*Keywords: interpretation, translation, professional translator.*

Қазіргі кезде жазбаша аударма мен ауызша аударма қызмет көрсету нарығында біркелкі талапқа ие болған. Аударманың бұл екі түрі алуан түрлі әдіс-тәсілдер арқылы, яғни мәтіннің (ауызша, жазбаша) ақпараттық-стильдік ерекшелігіне орай әртүрлі тәржімаланатыны аударманы үйренуші, зерттеуші қауымға мәлім.

Дегенмен ауызша аударма кәсіби жазбаша тәржімаға машықтанған аудармашыларға карағанда көбірек кездеседі және кәсіби ауызша аудармашыны біздер жұмыс үстінде бақылауымызға, оның іс-әрекетін зерттеп зерделеуімізге мол мүмкіндік бар. Ал жазбаша аударма-

шының ерекшелігін, жұмыс барысын, мәтін аударылғаннан кейін ғана, сапасына қарай оқып-білу арқылы тани аламыз.

Қызмет көрсету нарығында кәсіби аударманың үш түрі ұсынылады: синхронды аударма, ілеспе аударма және «сыбырлау» (нашептывание).

Кәсіби аудармашылардың жұмысын бақылай отырып барлық ауызша аударма түрлеріне тән мынадай ерекше белгілерін атап көрсетуге болады: **нақтылық, айқындылық** (созылыңқы сипатталатын сөз саптаулар, ұзақ кідірістер, «сонда», «яғни», «немесе», «несі, несі-не» деп тұрып алу болмауы шарт); **аудармашының жыл-**

**дам әрекет етуі** (реакциясы) (аудармашы шет тіліндегі мәтінді бірден аударуға кірісіп, ойла-нып немесе қайталап сұрауына болмайды); **өз-өзіне сенімділік** (аудармашы өзінің тәржімасына өте сенімді болуы қажет, таңдаған эквивалентіне күмәнданып тұруына болмайды).

Осы ерекше белгілерімен қатар кәсіби синхронды және ілеспе аударманы бөліп қарастыратын болсақ, синхронист баяндамашы сөзін алдын ала болжап, «әзірлеме» дайындайды. Ал ілеспе аудармашының көлемді мәтінді есте сақтау қабілеті болуы шарт.

Кәсіби аудармашыға тән аталмыш қасиеттердің барлығы тәржімашының жұмыс барысында сөйлемдерді бөлшектеп, грамматикалық құрылымдарға құрастырып тұрмастан, автоматты түрде, яғни тез арада есіндегі дайын әзірлемені (заготовканы) мәтіннің мазмұнына орай қолдана беретіндігінен көрінеді.

Демек, ауызша кәсіби аудармадағы ең негізгі шешуші сөз – автоматизм (жылдам әрекет ету), екінші маңызды сөздің бірі – сана астары. Аударылатын мәтіннің эквивалентінің көп бөлігі тез арада сана астарының деңгейінде қалыптасады. Осы айтылғандарды ескере отырып ауызша кәсіби аудармаға келесі анықтаманы беруге болады: ауызша кәсіби аударма – қандай болсын ауызша мәтінді сана астары деңгейінде автоматты түрде өте жылдам аудару. Дегенмен мұндай анықтама ауызша аударманың тек сырт келбетін ғана сипаттап, тез арада аудару нәтижесіне жетудің механизмін аша алмайды.

Кәсіби аударма деңгейіне жетуге мүмкіндік тудыратын механизмнің қыр-сырын айқындау үшін аталмыш тәржіма теориясын жетік меңгеру маңызды. Аударма теориясы мен терминологияның алуантүрлілігіне карамастан, аударманы орындаудың екі негізгі әдісін бөліп қарауға болады.

We believe that the lexical, grammatical and semantic transformations can be used during translation of phraseology if they are used in convenient and suitable places.

This old Kazakh phraseological unit "kara kyldy kak zharu" translates as cutting a horse's tail in half. However, its figurative meaning refers to a sense and method of distributing justice fair and even-handed. This phraseological unit has existed with Kazakhs for a long time. The phraseological unit is used to refer to the high level of figurative justice exhibited mainly in the proceedings, in the settlement of various household, social and other conflicts between individuals, groups, tribes and 'uluses' (nations), which has been handled in the past mainly by the Biis and Aksakals (elders). In his poem "So Here is Old Age, Sad Thoughts, Sensitive Sleep", Abai used this old, well-known Kazakh phrase. In the poem text it serves for deeper understanding of the justice and fairness concept. D.Brodsky translates this line into Russian as follows:

“A wise person keenly penetrates deep into things,  
Breaks the hair into forty pieces”.

The translation conveys the meaning of the original to a certain extent. We cannot deny that. But it is impossible not to notice the presence of extra, extraneous words. You cannot negate the fact that they do not prevent disclosure of the verse meaning. But the extra, extraneous words still have had their influence on the nature of the original and on the creative individuality of the author. The single line “Akyldy kara kyldy kyrykka bolmek” phraseological unit in the original (literally: a clever person would divide the horse hair into forty pieces), in the translation of D. Brodsky takes two lines. The extra words used in the translation “Zorko pronikayet v glube veshey” (keenly penetrates deep into things) are words that the translator added himself. In the Kazakh-Russian dictionary the word “kyl” is translated as “hair of a horse tail or mane”. In D. Brodsky’s translation the unit associated with the “horse” has been missed. Not horse hair but a piece of human hair is presented to a reader. Therefore, in order to make it more understandable to the reader, the translator should have used not just “hair” but “horse hair”. In addition, the translator omitted the “kara” (black) epithet which was present in the original. Perhaps this is due to the fact that the translator has not considered the word “black” in the original as important enough to translate. In the language system of the original, “black” has a specific meaning. If it is removed the phraseological unit loses its meaning. The result is the diminished meaning of the poet’s thought, as well as the artistic originality and the aesthetic impact of descriptive and expressive means of the poem. Additionally, in literary translation a connotative, i.e. a hidden meaning of a word, plays an important role. In Kazakhstan, we believe that it would be more effective if the translator conveyed the phraseological unit used by the author into the Russian language by finding a similar equivalent in Russian.

After identifying and studying phraseological combinations in a text of a poem, the translator must first search for a similar phraseological unit in a target language that carries an equivalent sense.

To return to our example, in the history of any people there were fair and honest leaders. Take for example, King Solomon, who remained in history thanks to his wise and just management, his name is still known to many people today. There is a well-established combination of words

«the Solomonic decision» in the Russian language associated with the name of this king, and this phraseological unit still exists. In other words, if a translator uses such consolidated phrases that are understandable to the reader, it would be the translator’s more appropriate decision.

A. Kodar translates this verse as follows: «A reasonable person would think all sides». The translator conveyed the idea of the original not word for word, but in such a way that the reader could easily understand it. In this case, although the general meaning of the original phraseological unit was conveyed, the phraseological unit itself has completely disappeared. Two translators translated one phraseological unit in two ways: if A. Kodar conveyed the meaning of the phraseological unit in his translation, D. Brodsky translated the phraseological unit word for word.

Yu. Kuznetsov could not be drawn away from the order that D. Brodsky was sticking to, and at the level of a word for word translation he created the following: «Umnyi mozhet rassech vdol na sorok chastey» (A Smart person can cut into forty parts). The translator did not show the subject to be cut (horse hair), in this line. However, he added a second line in which he wrote “tonky volos”, (thin hair), which then made the translation of the original content understandable. We know that this is a common inversion that is met in translated poems. But the fracture of the author’s figurative structure is apparent. In addition, the conceptual meaning of the original text has not been properly conveyed in the translated version.

In the original version there is information about the color of the horse hair but it is not known whether it is thin or thick. But the translator uses a “thin hair” combination. We believe that the word «thin» is not necessary in the translated text. The concept of «thin» is already incorporated within the meaning of the word «kyl» (horse hair). Although the translator is trying to convey the exact meaning of the line, he hasn’t reached a substantial result. The line meaning is close to the original to a certain degree. The translator tries to convey exactly the meaning of the poet’s poem and seeks every possible way to reconcile with the meaning of the original. This is why it is translated word for word.

None of the translators who have translated the phraseological units into Russian has not been able to accurately convey the meaning of «en adil» (most fair) when translating to Russian. Instead, they have focused on the thickness of the hair, the



action of cutting hair, missed the subtlety of the meaning conveyed the color of the hair... and in the process, missed adequately conveying the concept of justice that the poet was relaying.

Now let's pay attention to the English version of the poem line as translated by D. Rottenberg using Brodsky's Russian translation:

«Beneath the surface looks the keen-eyed sage.  
He splits a hair in four times forty parts».

Rottenberg composed the lines of the poem in the same sequence as Brodsky's translation. Splitting the hair by forty pieces is similar to the "rascheplyayet volos na sorok chastei" (splits the hair into forty pieces) of the Russian translator. Rottenberg's understanding of the Russian translator's phrase "pronikayet v glube veshey" (penetrates deep into things) actually is more like another Russian phrase "uvidit to, chto nakhoditsa pod vami" (sees what's beneath you). By doing consecutive translation of the original text but using the Russian version as a basis, D. Rottenberg makes the same mistakes that have been made by the translator into Russian. As a result, the made in the Russian language mistakes are repeated in English. Also the made by D. Rottenberg omissions are added to this. All this has had an opposite effect on the translation quality.

In Abai's poem "Oh, Kazakhs, my poor people" one of the lines entirely consists of a phraseological unit "Auzymen orak organ onkey kyrtyn" (literally: you windbags mow everybody with your mouth). "Auyzben orak oru" (literally: to mow harvest with one's mouth) is a figurative phraseological unit. This phraseological unit is translated by S. Lipkin in the following way: "Rezhhet vsekh bez razbora tvoi serp yazyk" (your sickle language mows everybody without consideration). There is "auyzben orak oru" (to mow harvest with one's mouth) phraseological unit in the literary Kazakh language, and there are also people referred to as "orak auyz" (literally: "sickle-like mouth"), which has a totally different meaning. "Orak auyz" means an eloquent, wisecracker man. But the "auyzben orak oru" words combination generates the meaning of "a windbag person who does nothing". The translator has destroyed the "auyzben orak oru" (to sickle harvest with a mouth) concept of the original and used the concept similar to the "orak auyz" (sickle-like mouth) instead. The used in the translation "serp yazyk" (sickle language) corresponds to the Kazakh "orak auyz" (sickle-like mouth). Instead, the two phraseological units "molot yazykom" (to grind

with a tongue) and "palets o palets ne udarit" (not to do a hand's turn) in the Russian language form the full content of the "auyzben orak oru" phraseological unit of the original. Coordination of these units and their use in maximum accordance with the original depends on the translator's skill level.

The word "kyrt" (talker, windbag) to which the poet is critical, in the translated version is given as "perfect, eloquent man". Lack of sufficient knowledge of the original meaning, the poet's native language, the peculiarities of verbal speech in the poem creation system led the translator to such significant errors.

Let's pay attention to the translation made by Yu. Kuznetsov: "A tvoiy pustozvony gremyat yazykom" (And your windbags rattle with their tongues). If we compare the translation of Yuri Kuznetsov with the work of other translators, his version is most similar to the meaning of the original. But even here there is no precision and clarity, nor the work effort to attempt to uncover the national peculiarities of the poem. A. Kodar translates this line this way: "Pogryazhiy v pustom suyesloviy sbrod" (the mired in an empty idle talk rabble). There are contours of semantic content in A. Kodar's translation. But he also could not find a full analogue in the target language, or at least a similar phraseological unit as used in the original. M. Adilbayev translated the same line as follows: "Nesete vzdor, kosite vsekh podryad" (you talk nonsense, mow everybody). It seems that the general meaning of translation is somewhat similar to the original. But if you look closely, it becomes obvious that the translator was unable to convey the figurative colors of the poet's thoughts.

R. Mc'Kayn translated the line into English like this: "And you rattle your tongue with idle talk". If the line is translated literally into Russian, you get this: "I ty trepesh svoim yazykom pustomelya" (And you twaddle your tongue you windbag). The meaning of the original text is preserved. But there is a similar phraseological unit that exists in English. For example, the «Great cry and little wool» "All talk, and no action" phraseological units which could be used instead of descriptive translation of R. Mc'Kayn. In other words, the descriptive method used by Mc'Kayn is acceptable translation of the meaning. However we suggest that if there is a corresponding phraseological unit in the target language, that the translator use this so that the fullest meaning is conveyed in the context of the reader's own language.

In the above poem of Abai you can see the “Bir urty mai bir urty kan” (Fat on one cheek, blood on the other) phraseological unit. This unit is used to describe a man in whom live the diametrically opposite, contradictory, contrasting qualities, i.e. it is about the type of people who are capable to do good things with one hand while doing the evil things with the other. S.Lipkin translates this phraseological unit this way: “Zlo na levoi sheke, na pravoï dobro” (The evil on the left cheek, the good on the right one). The poet’s “fat on one cheek, blood on the other” idea has been given by the translator as “the evil on the left cheek, the good on the right one”. The notions of right and left do not harm the meaning of the original, but you cannot see meaningfulness of the translator’s thoughts, his ability to think artistically. Yu. Kuznetsov carries this line as follows: “Gde dobro ili zlo, um li tvoï razberyot” (Where is the good and the evil, would your mind be able to distinguish?). In the original the idea is not given as a question sentence. The fact that the translator has translated the phraseological unit not with a phraseological unit but with the questioning sentence has led to distortion of the original’s meaning. Therefore this translation cannot be attributed to translations which accurately convey the meaning of the original. A. Kodar translated this line as follows: “V krovï i obzhorstve ni den i ne god” (not a single day without blood and gluttony). The thoughts that are present in the original have also undergone great changes here. The used combination of words “not a single day without blood and gluttony” is out of place. The poet did not refer to any meaning associated with a season: there is nothing about the day or the year in the original. Using meanings, concepts and ideas in translation that are not available in the original brings a shadow on the author’s poetic art and creative individuality. In the translation of M. Silchenko this line is translated: “Na odnoi sheke u tebya krov, na drugoi maslo” (blood on your one cheek, oil on the other). Although the translator carried the line’s meaning, he could not disclose the value in the same exciting, visual, deep sense way as does the author of the original.

R. Mc’Kayn has translated the line into English as: «Now you have blood on one cheek and grease on the other». The consecutive translation

of Richard Mc’Kayn was based on M. Silchenko’s translation: the line corresponds to M. Silchenko’s translation word for word.

In the deepest sense, Abai is referring to the opposing sides of character that can exist in an individual and the contrasting periods of good times (“fat”) and bad or hard times (“blood”) that have existed in the history of the Kazakh people. When Kazaks read Abai’s poetry, they understand this deep and dual meaning of the phrase. It is the difficulty of the translator into Russian and again into English to capture this fullest sense of the poem and in an artistic manner as well.

We tried to cover the translation of phraseological units of Abai’s poems in this article. None of the translators could find in English and Russian languages appropriate phraseological units that would be similar to the author’s phraseology. This is due to the fact that it is extremely hard to translate Abai’s poems into foreign languages. Not every translator, only the true masters of their craft can convey to a target language the unique originality of the poetic genius of Abai.

## References

1. Kaidar A. *Thousand figurative expressions (Kazakh – Russian phraseological dictionary)*. – Astana, 2003.
2. Kunanbayev A. *Selected poems / translated by A. Kodar*. – Almaty, 1996.
3. Kunanbayev A. *Volume I*. – Almaty, 2002.
4. Kunanbayev A. *Abai. Book of words / translated by R.Mc’Kayn*. – Almaty, 2009.
5. Kunanbayev A. *Abai. Thirty seven poems*. – Almaty, 2006.
6. Kunanbayev A. *Selected poems / translated by D. Brodsky*. – Moscow, 1981.
7. Kunanbayev A. *Poems / designed by V.Chistyakov*. – Moscow, 1971.
8. Silchenko M. *Abai’s creative biography*. – Almaty, 1957.
9. Syzdykova R. *Kazakh-Russian dictionary*. – Almaty, 2008.
10. Bassnett S. *“Translation studies”, Revised Edition*. – London and New York, 1992.
11. Toper M. V. Ganiev. *Literature and translation: Problems of theory*. – Moscow, «Progress», “Litera”, 1992.

# СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ



*Ж. Елбаева*

## **ҚҰРМАНҒАЗЫ ҚАРАМАНҰЛЫНЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ**

*Аннотация. Мақалада қарастырылатын мәселелер. Қ. Қараманұлының шығармашылық жолы.*

*Аудармашылық шеберханасы. Аудармашыға қажетті қасиеттер.*

*Көркем тәржіма және аудармашының сөздік қоры.*

*Тірек сөздер: аударма, аудармашы, балама, түпнұсқа.*

*Ж. Елбаева*

## **ПЕРЕВОДЧЕСКАЯ МАСТЕРСКАЯ КУРМАНҒАЗЫ ҚАРАМАНУЛЫ**

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Творческий путь К. Караманулы.*

*Переводческая мастерская. Свойства, необходимые переводчику.*

*Художественный перевод и словарный запас переводчика.*

*Ключевые слова: перевод, переводчик, эквивалент, первоисточник.*

*Zh. Elbaeva*

## **TRANSLATION WORKSHOP OF KURMANGAZY KARAMANULY**

*Abstract. The issues dealt in this article. K. Karamanuly's creative way. Translation Workshop.*

*Properties required a translator. Literary translation and vocabulary of translator.*

*Keywords: translation, translator, equivalent, source.*

Жазушы, журналист, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі – Құрманғазы Қараманұлы 5 желтоқсан 1943 жылы Қаратөбе ауданы Егіндікөл ауылында дүниеге келген. Егіндікөл ауылындағы жеті жылдық мектепті (1960) бітірген. 1962–69 ж. ҚазМУ-дың журналистика факультетінде оқыған. 1969 жылы «Лениншіл жас» газетіне жұмысқа қабылданады. 1976–93 ж. «Жалын» баспасында редактор, редакция меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болады, 1993–96 ж. «Балауса» баспасында істейді.

Қ. Қараманұлының алғашқы туындысы – «Шайтантөбедегі от» әңгімесі 1960 жылы облыстық «Октябрь туы» (қаз. «Орал өңірі») газетінде жарияланады. Тұңғыш кітабы – «Қайраң

өткел» миниатюралық әңгімелер топтамасы (1978). Сондай-ақ «Қызғыш құс» (А., 1980), «Алтын іздеушілер» (1987), «Жалғыз атты жолаушы» (1996) повестер жинағы, «Тәңірге тағзым» (1996) зерттеу еңбегі шықты. Сонымен қатар ол әлемдік әдебиет классиктері Эрнест Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» (1983), Грэм Гриннің «Комедианттар» (1984), Ирвинг Стоунның «Грек қазыналары» (1986) романдарын аударды. Ағылшын тілін өз бетінше оқып-үйренген жазушы соңғы екі романды аудару барысында шығарма авторларымен хат арқылы хабарласып, әріптестік байланыс орнатты. Соның нәтижесінде И. Стоун (Калифорния, АҚШ) өз романының қазақша нұсқасына алғы сөз, Г. Грин (Антиб, Франция) соңғы сөз жазып берді. 2002 жылдан бері қарай әр оқу жылының басында Егіндікөл орта мектебінің жақсы оқитын,

үлгілі, тәрбиелі 10 оқушысына “Ақ Орынша” атты стипендия тағайындап, тоқсан қорытындысымен беріліп тұрады.

Қ. Қараманұлының ең алғаш тәржіма әлеміне қадамы 1962 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түскеннен басталады. Университет қабырғасында жүре тұрып, «Popular science» журналынан «Аса күрделі механизм» деп аталатын мақаланы ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударады. Бұл келешек аудармашының аударма әлеміне ұмтылған алғашқы талпынысы еді. Кейін, осы аударма мақала «Жас Алаш» газетінде жарияланады. Ал көркем аудармаға алғаш 1977 жылы келеді. Борис Горбачевскийдің «Ариаднаның арқауы» атты зерттеуін аударады. 1979 жылы Эрнест Хемингуэйдің «Қош бол, майданын!», 1983 жылы Ирвинг Стоунның «Грек қазыналарын», сондай-ақ Грем Гриннің «Комедианттарын» Сервантестің «Дон Кихот» I бөлім (2006), II бөлім (2007) ауқымды романын, Чезаре Павезенің «Ғажайып жаз», «Жоталардағы жынойнақ», «Жолдас», «Ай мен алау» роман-повестерін (2008), Артур Конан Дойл әңгімелерін, Агата Кристидің «Он қарадомалақ» романын, сондай-ақ Джордж Сименонның «Менің досым Мегрэ», «Коронердің қонағы» (2010) романдарын қазақ тіліне аударды. Ол қазір де еңбек етуде. «Жиырмасыншы ғасырдың француз повестерін» қазақ тіліне тәржімалау үстінде.

Қ. Қараманұлының аудармашылық шеберханасымен төмендегі сұхбатты оқу арқылы жақын таныса аласыздар.

**Зерттеуші:** *Аударманың өзге түрлерімен айналыстыңыз ба? Көркем тәржіманы таңдауыңызға не себеп болды?*

**Аудармашы:** 2010 жылы «Батыс Еуропа әдебиетін» аудардым; оның ішінде детектив жанрындағы романдар, әңгімелер. Атап айтсақ, Агата Кристи, Артур Конан Дойл, Джордж Сименон. Қазір мен «Жиырмасыншы ғасырдағы француз повестерін» аударып жатырмын. Ең қызығын, біздің менталитетімізге жақын дегенін, бір жиырма шақтысын теріп алып аударып жатырмын.

Көркем аудармаға келу себебім, менің шет ел әдебиетіне деген қызығушылығымнан туындады. 1962 жылдары мен университетке (ҚазМУ) түскенде лингафон кабинеті, шет тіліндегі көркем әдебиет оқулықтары жоқ болатын. Мұғалім жалдап өз бетіммен ағылшын тілін үйренуді ұйғардым. Сөйтіп, Пушкин (қазіргі

Ұлттық кітапхана) кітапханасына барып «Popular science» журналынан «Аса күрделі механизм» деп аталатын мақаланы ағылшын тілінен тікелей тәржімалап шықтым. Бұл «Жас Алаш» газетіне шықты. Аударма жұмысы – қайырымды жұмыс. Аса жауапкершілікті талап етеді. Бірақ берері де мол. Жан-жақты ізденіп, рухани баюыңа көмектеседі. Өзім жұмысыма жауапкершілікпен қараймын. Көп ізденіп еңбек етемін және де еңбегім еш болды деп ойламаймын.

**З.: Жалпы аударма өнерін таңдауға сізді не итермеледі?**

**А.:** Сол бәрі шет ел әдебиетіне деген қызығушылықтан басталды. Ағылшын тілін өз бетіммен үйренуім де содан. Эрнест Хемингуэй, Теадор Драйзер, Джордж Стейнбек сынды ағылшын классиктерінің шығармаларын түпнұсқасында оқығым келді.

**З.: Қай шығарма қазақ тіліне аудару кезінде көп қиындық тудырды? Әсіресе қай тұсы қиын болды?**

**А.:** Сервантестің 2 томнан тұратын «Дон Кихот» романын аудару маған қиынға түсті. 1984-88 жылдар аралығын осы шығармаға жұмсадым. Төрт жылым кетті. Себебі бұл бұдан 400 жыл бұрын жазылған шығарма. Орыс тілінен аударғанның өзінде біраз еңбектендім. Қалай болса солай аударуға ар-ұятым жібермеді. Ондаймен айналыспаймын да. «Дон Кихот» шығармасының жарыққа шыққанына 400 жылдығы тойланды ғой. Сол кезде бір шетелдік басылым елу елден ішінде «Нобель» сыйлығының лауреаттары да бар жүз жазушыға «Адамзат адамзат болғалы қандай көркем шығарма ең қызықты деп ойлайсыз?» деген сұрақ қойғанда, Сервантестің «Дон Кихот» шығармасы, бірінші орынға шығып, екінші «Гомер», үшінші «Достоевский», төртінші орында «Толстой»... Көрдіңіз бе, «Дон Кихот» шығармасы – әлем мойындаған шығарма. Мұны мен білетінмін. Сондықтан да қиын болса да аударып шықтым.

**З.: Аударуға ең көп уақытыңызды жұмсаған шығармаңыз?**

**А.:** Екі томдық Сервантестің «Дон Кихот» шығармасы. Төрт жыл уақыт кетті.

**З.: Аударуға кіріспес бұрын қандай дайындық жүргізесіз?**

**А.:** Мәселен, Э. Хемингуэйді аударғанда біраз ізденуге тура келді. «Farewell to arms» – «Қош бол, майданды» аудармас бұрын түпнұсқасын да қарап шықтым. Себебі орыс тіліндегі аудармасының

логикалық қисыны дұрыс келтірілмеген сияқты болды. Ал Ирвинг Стоунның «Грек қазыналарын аударғанда» мұнда да көп ізденуге тура келді. Бар білгенімді ой елегінен өткіздім. Жүгінетін дұрыс сөздік те жоқ. Ондай сөздіктер сөз үйренушілерге жарамаса, аудармашыларға мүлдем жарамас. Термин сөз жасау маған біраз қиындық туғызды. Шығарманы аудармас бұрын, қосымша әдебиеттер іздедім. Өйткені «Грек қазыналары» маған археология шығармасы болғандықтан тың нәрсе болатын.

**З.: Өзіңізге ең ыстық, жаныңызға жақын аударма еңбегіңіз?**

**А.:** Жаныма жақын аударма еңбегім – Сервантестің «Дон Кихот» шығармасы. Себебі автордың баяндау стилі де менікіне жақын. Шығарма мазмұны қарапайым пенделердің тіршілігі.

**З.: Аудармашыға қандай қасиеттер қажет деп санайсыз?**

- А.:** Аудармашыға ең алдымен;
- Білім.
  - Тіл.
  - Сөздік қоры мол болуы керек.
  - Ой-өрісі кең болуы керек.
  - Еңбекқор болуы керек.

Аударма көп ізденумен қатар, төзімділікті де қажет етеді. Оның қасында өзің шығарма жазған анағұрлым жеңіл. Себебі аудармада бірнеше рөлді қатар атқаруың керек; жазушы да, ақын да, аудармашы да бола білуің керек.

**З.: Ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударудың қандай ерекшелігі және артықшылығы бар?**

**А.:** Біз осы күнге дейін шет ел көркем шығармасын тікелей қазақ тіліне аударғанымыз жоқ. Мен Жазушылар одағының «он үшінші съезінде» баяндама оқыған болатынмын. Сонда айттым, «тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл болды. Әлі бір де бір кітап ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударылған жоқ. Неге? Шамасы жететін, қабілетті жас аудармашылар жоқ емес, бар ғой. Бірақ оларды тәрбиелейтін ниет жоқ. Осындай он-он бес жастардың басын қосып тәрбиелесе, кеңес беріп үйретсе жақсы болар еді. Өйткені онсыз болмайды. Олардың жұмысын тексеріп редакциялау керек қой» дедім.

Артықшылығы, мәселен, ағылшын тілінен орыс тіліне аударғанда қасиеті кемиді. Ал ол аударманы біз алып қазақ тіліне аударамыз. Сонда қарап отырсаңыз қасиеті екі есе кемиді.

**З.: Көркем тәржіма бойынша ұстазыңыз бар ма?**

**А.:** Ұстазым жоқ. Бірақ құрмет тұтатын, шығармаларын сүйіп оқитын тұлғалар бар. Олар: марқұм Хасен Өзденбаев. Аудармашы Шолоховтың «Көтерілген тың» романын керемет аударған. Сондай-ақ Достоевскийдің «Идиот» шығармасын тәржімалаған Нияз Сыздықов және де аудармашы Әбілмәжін Жұмабаев. Бұл кісінің өзінің жеке шығармасы жоқ. Өмір бойы тек аудармамен айналысып келген.

**Ирвинг Стоунның «Грек қазыналары» аудармасына қатысты:**

**З.: Сіз сүйенген орыс тіліндегі нұсқаның аудармашысы кім?**

**А.:** Аударманың нағыз хас шебері – С. В. Шервинский. Бұл кісі испан тілінен біраз дүние аударған.

**З.: Сіз аудару барысында тек орысша нұсқасын қолдандыңыз ба әлде түпнұсқасына да назар аударып отырдыңыз ба?**

**А.:** Түпнұсқасын қарастырмадым. Іздеп таба алмадым.

**З.: Осы аудармаға қанша уақыт кетті?**

**А.:** Бір жарым жыл шамасында.

**З.: Сөздік қорыңыздың бай екеніне аударма романын оқу барысында көз жеткіздім, аудармашының тіл байлығы мол болуы үшін не істеу керек?**

**А.:** Аудармашының сөздік қоры бай болмаса, аударманың еш қандай мәні болмайды. Ал сөздік қорды байыту үшін аудармашы, ең алдымен;

- ана тілін жақсы білуі керек;
- қаламгер болуы керек; жазушы, ақын, журналист сияқты жазуға бейім болуы керек;
- көркем әдебиетті көп оқу керек;
- есте сақтау қабілетін жақсарту керек;
- өзіңнің сөздігің болуы керек. Мәселен, менің өзімнің сөздігім бар. Мысалы, «колона» деген сөзге «ұшқын» деп өзім аударма бердім. «Бағана» деп алмадым, ұнамады. Міне, осындай, өзім аударма берген сөздерді сөздігіме жазып қоямын.

**З.: Неліктен шығарма атауын «Грек қазынасы» демей, «Грек қазыналары» деп аудардыңыз?**

**А.:** Бұл сұрақ маған осы шығарманы аудару барысында «Жазушы» баспасында осыдан 28 жыл бұрын қойылған тұғын. Шығарма атауын «Грек қазынасы» демей, «Грек қазыналары» деп

беру себебім, «Қазына» деген бір-ақ нәрсе ғой. Ал «қазыналар» деген көп. Шығармада тек «Троя» табылмайды ғой, оған қоса тағы Микен де табылады. Себебі осы.

**З.: Шығармада өлеңдер мен мақалдар келтірілген. Мақал-мәтелдерге балама табу қиын болды ма? Түпнұсқаның өзінен аудардыңыз ба әлде орыс тілінен бе?**

**А.:** Аударуда қиналған жерім өлеңдерді аудару болды. Дегенмен ешкімнен көмек сұрамай, барлығын өзім аударып шықтым. Себебі бұл Пушкиннің өлеңі емес қой, аударма өлең. Орысша аудармасында ұйқасын әдемі келтірген. Мен де барынша ұйқастырдым. Түпнұсқаны қарастырмадым.

**З.: «Монетаның» аудармасын ұлттық валюта аты – теңге деп беруіңіздің себебі неде?**

**А.:** Теңге деп беру себебім, бұрын қазақта домалақ темір ақшаны теңге деген. Яғни, теңге сөзі-қарабақыр ұғымын береді.

**З.: «Медовый месяц» аудармасын неге «бал айы» емес, «шырын айы» деп, «север» сөзінің аудармасын неге «солтүстік» емес, «терістік» деп аудардыңыз?**

**А.:** Енді «бал айы» деген калька ғой («honey moon» – «медовый месяц» – «бал айы»). Өзім аудармасын беруге тырысқанмын ғой. Ал, енді «терістік» деп «оңтүстікке» қарама-қарсы қылып алдым. Негізі «түстік» емес, «тұстық» болуы керек. Сонда «оңтұстық», «солтұстық».

# ЖАС ҚАЛАМ



\* \*\*

*С. Қайдауылова*

## **ДИАЛОГТАҒЫ СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІ**

*Аннотация. Мақалада қарастырылатын мәселелер. Сұрақ – диалогтық жағдайларды қалыптастырудың басты құралы. Диалог мәтіннің семантикалық тұтастығы.*

*Диалогтардағы сұраулы сөйлемдердің жіктелуі.*

*Тірек сөздер: диалог, сұрақ, сұраулы сөйлем.*

*С. Қайдауылова*

## **КОММУНИКАТИВНАЯ ФУНКЦИЯ ВОПРОСИТЕЛЬНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ В ДИАЛОГЕ**

*Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Вопрос – главное средство формирования диалогических ситуаций. Семантическая целостность диалогического текста. Классификация вопросительных предложений в диалогах.*

*Ключевые слова: диалог, вопрос, вопросительное предложение.*

*S. Kaydauylova*

## **COMMUNICATIVE FUNCTIONS OF INTERROGATIVE SENTENCES IN DIALOGUE**

*Abstract. The issues dealt in this article. The question is the main means of establishing dialogue situations. The semantic integrity of the dialogue text. The classification of interrogative sentences in the dialogues.*

*Keywords: dialogue, question, interrogative sentence.*

Диалог – екі адамның арасындағы ақпаратпен алмасу, әрбір пікірден кейін рөлдермен алмасып отыратын автор мен адресаттың тікелей араласуы. Диалог бірлестігі туралы түсінік Н.Ю. Шведова, Е.В. Падучева, А.И. Баранов, Г.Е. Крейдлин және Е.В. Рахилинаның жұмыстарында қарастырылды.

Сұрақ диалог жасауда сөйлеу онтогенезінің түрлі деңгейлерінде басты қызмет атқарады. Ол сөйлеушіні коммуникацияға тартудың негізгі амалы, оны жауап беруге түрткі ету, сондай-ақ алғашқы жеке коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ең қажетті тілдік-жүйелік дағдылардың (ең алдымен, лексикалық және синтаксистік) қалыптасуын қамтамасыз ететін диалогтық жағдайларды қалыптастырудың басты құралы болып табылады. Сұрақтың сөйлеу актісін

меңгермейінше, диалог синтаксисін оның барлық аспектісінде, соның ішінде актуальді мүшелері аспектісінде меңгеру мүмкін емес: диалогтық жағдайды модельдей отырып, тема-ремалық қатынастың маңызын айқындауға болады.

Синтаксистік жүйеде диалогтағы коммуниканттардың репликасын біріктіруді атау үшін диалогтық бірлестік термині қолданылады. Н.Ю. Шведова репликалардың бірігуі әрқайсысы бір-бірімен синтаксистік тәуелділіктің белгілі бір ережелерімен байланысқан бірлестірілген синтаксистік тұтастық дейді [1; 137].

Дегенмен диалогтық бірлестік, әсіресе сұрақ-жауап диалогтық бірлестік ұғымы қайшылық пен анықсыздық, дәлсіздікпен ерекшеленеді. Лингвистикалық еңбектерде диалогтардағы сұрақ пен

жауап репликаларының сипаты мен синтаксистік табиғаты туралы сұрақ даулы болып келеді.

Сондықтан да диалогтық бірлестік диалогтағы сөйлем-репликалардың бірізділігін құрайды. Мұндай репликалар арасындағы тілдік байланыс көмескіленген; әңгіменің түрлі қатысушысына тән пікірлер бір-бірімен тығыз байланысып, құрылымы жағынан өзара біріккені соншалық, ерекше коммуникативтік және құрылымдық грамматикалық бірлік ретінде қарастырылады.

Диалог психологиялық деңгейде стимул мен әрекет болып бір-біріне бағытталған сөйлеу қадамдарына байланысты орнайды. Сөйлеуші мен тыңдаушының қарым-қатынас жасауына себепші болатын коммуникативтік интенция – тыңдаушы реакциясы. Тыңдаушының реакциясы диалогты құрайтын әртүрлі мақсатты анықтайды.

О.И. Москальская сөйлем-сұрақ та, сөйлем-жауап та өз алдына жеке пікір ретінде қызмет ете алмайды деп санайды. Реплика-сұрақ әлі пікір емес, бір әңгімелесушіден шығып екіншінің сөз сөйлеуіне түрткі болатын стимул. Сондай-ақ реплика-жауап та мағыналық дербестікке ие емес. Диалогтық бірлестік – стимул мен әрекеттің алмасушылық тізбектелуі. Сұрақ жауаппен орын алмастырылатын синтаксистік позицияны ашады [2; 99].

Күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлеу тіліне тән диалогты ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыратын коммуникативтік жағдайлар туралы пікір айтқан проф. Р. Әмірдің тұжырымы негізінде түсіндіруге болады. Ғалым ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыратын коммуникативтік жағдайлардың мынадай басты белгілерін атап көрсетеді: «1. Пікір айту ауызша әрі сөйлеуші мен тыңдаушының жүзбе-жүз отырып қатысуы; 2. Пікір айту диалог түрінде, яғни екі немесе бірнеше адамның қатысуы; 3. Пікір айту ешқандай дайындықсыз емін-еркін әңгіме үстінде құралады» [3; 55].

Диалог-мәтін семантикалық тұтастыққа ие. Диалог-мәтінді құруда оның коммуникативтік және композициялық тұтастығына назар аударады. Мәтін диалогтың семантикалық, композициялық және коммуникативтік жүйелілігі ерекше жағдайда оның құрылымдық және грамматикалық тұтастығынан көрінеді, өйткені репликаларда көптеген ұғымдар мен қатынастардың жасырын (имплицитті) пікірі жиі көрініс табады.

Диалогта сұраулы сөйлемдердің барлық түр-

лері өзінің бірінші қызметінде (яғни, сұраулық мағынасында) қолданылады, олар әңгімелесушіден жауап алуға түрткі болатын себепші репликалар болып табылады.

Сөйтіп, диалог ішіндегі сұраулы сөйлем қайсыбір функционалды мәтін болмасын бірден мынадай нысанада жұмсалады:

Диалогтарда қызметі жағынан анықтаушы мақсатында жұмсалған, құрылым жағынан қайталаушы сұрақтар жиі қолданылады.

Толық аяқталмаған пікір интонациялық амалдың тікелей қатысуымен екінші репликада анықтаушы сұрақ арқылы жалғасуы мүмкін. Мұндай жағдайда алғашқы репликаның бір сөзі қайталануы. Мысалы:

[Сайлау]: Сенсең де, сенбесең де өзің біл. Біз ол екеуіміз *былтыр күзде* танысқанбыз.

[Назым]: *Былтыр күзде?* Ровно бір жыл болған екен ғой (С. Асылбекұлы).

Анықтаушы сұрақ кейде өзінен кейін түсінік беруді қажет ететін тағы бір сұраулы сөйлемді талап ететін жағдайлар да кездеседі. Мысалы:

[Сайлау]: Ол менің бір танысым. Досым...

[Назым]: *Досым? Сен кімді ақымақ қылып тұрсың?* (С. Асылбекұлы).

Диалогтарда коммуниканттар арасындағы пікірдің бірнеше қарсы сұрақтар арқылы жалғасатын түрлері де кездеседі. Мұндай қатарынан сұраулы сөйлемдердің қолданылуы диалог барысына қарай эмоционалды бояуды, мысалы, **өз пікірінің дұрыстығының эмоционалды дәлелін** көрсетеді.

– *Немене жолдас дейсің сен мені!*

– *Несі бар жолдас десем? – деп мынау қайта көтерілді.*

– *Немене жолдас деп, сен менімен асық ойнап па едің?*

– *Өзіңіз не деп тұрсыз, жолдас Бегей? Біз, айталық, сізді ғана емес, Сталиннің өзін жолдас дейміз... Немене, онымен асық ойнағандықтан жолдас дейміз бе сонда?!* (З. Қабдолов).

Диалогтардағы сұраулы сөйлемдер жауап алу нәтижесіне байланысты екі топқа бөлінеді:

а) жауап-тұжырымды немесе болымсыз жауапты қажет ететін сөйлемдер, яғни шындық болмыстың сәйкестік немесе сәйкессіздігі туралы жауап. Мысалы: – *Сен келісесің ғой, иә? – Асқар ұйықтап жатыр ма?*

б) коммуниканттың жауабында сұрап отырған мәселе туралы ақпаратты, хабарды қажет ететін сұраулы сөйлемдер. Мысалы: *Биылғы Елбасының*



халыққа Жолдауында экономика мәселесіне қатысты не айтылды? Бұл не? – Не деп әндетіп тұрсыз, Бәкеев? Қане, дұрыстап баяндаңыз тілі бар адамша. ЧП сағат нешеде болды? Ұрыдан қалған белгілер қандай? Иттер неғып үрмеген? Үрсе, неге естімейсіз? Ұрлық кезінде қайда жүрдіңіз? (Н. Ақыш).

Дәл осындай мақсатта, мысалы, қылмыс жасаған адамды тергеуде сұрақ қою арқылы қажетті ақпаратты алу үшін, ақиқатты анықтау үшін қарсыласын ыңғайсыз жағдайда, тосын қалдырып сұраулы сөйлемдер конструкцияларын қолданатыны бар. Мысалы:

– Асықпаңыз. Мына қағаздарда сіздің қылмыс жасағаныңыз жазылған.

– Немене, космостан суретке түсіріп тұрып на біреу?

– Сіздің қылмыс жасағаныңызды ма?

– Мен қылмыс жасаған жоқпын.

– Ендеше нені суретке түсірмек космостан?

– Жәй айта салынған сөз емес па?

– Шындық іште жатпайды. Кейде байқаусызда шығып кетеді. Сіз дәл осы жолы шындығыңызды айттыңыз ғой деймін (Б. Исаев).

Сондай-ақ диалогқа қатысушылар арасында қолданылатын сұраулы сөйлемдер төмендегідей коммуникативтік талаптарды арқалап та қолданылады: **бір іске түрткі болу** – *Бұлардың ата-аналары, туған туыстары қайда? Соншама күннен бері неге іздемеген? Жоқ, әлде сырттан келген біреулер ме екен? Қалайда іздеп табу керек (Б. Оңғарбай); нақты экспрессивті айтылған тұжырым-сұрақ* – *Әдемінің бәріне әуестене беру көрсе қызарлық, ал бас-көз жоқ иелене беру эгоизм емес пе? (Е. Алауханов); нақты экспрессивті болымсыз мағынада айтылатын сұрақ*. Сөйлемнің бұл түрі көбінесе риторикалық сұраулы сөйлем арқылы жасалады. – *Ауыл жастары ду етіп қарсы көтерілді де кетті. Қызыл өрттей қаптаған жалынды өшірер мына менде, қаусаған шалда, күш қалды дейсің ба?*

Сонымен қатар диалогтарда кездесетін сұраулы сөйлемдердің құрамына «а», «ә», «ше» де-меулік шылауы арқылы жасалып (нақтырақ айтқанда, сөйлем соңында), сенімсіздіктің, қалау, жорамалдаудың субъективті-модальдық мағынаның күшеюіне ықпал етеді. Сөйлеуші адресаттың қандай да бір істі істеуіне түрткі болады,

бірақ оның белгілі бір әрекет жасау-жасамауы сөйлеуші үшін маңызды болып табылады.

Көркем шығарма тілінде қолданылатын диалогтың ауызекі сөйлеу тілін қалыптастырудағы коммуникативтік жағдайы күнделікті тұрмыста қолданылатын диалогқа қарама-қарсы келеді. Мұнда пікір айтудың ауызша орындалуы, сөйлеушінің жүзбе-жүз отырып қатысуы, диалогқа бірнеше адамның қатысуы, пікір айтудың ешқандай дайындықсыз емін-еркін әңгіме үстінде құралуы тек стильдік контраст тәсілімен ғана орындалады. Яғни, көркем шығарма тіліндегі диалогта жазушылар өз ойлары арқылы кейіпкер образын ашуды мақсат етеді. Диалогқа түскен сөйлеуші мен тыңдаушы шындық болмыстағы, күнделікті тұрмыстағы тіл субъектілері емес, автордың дүниетанымындағы тіл субъектілері.

Көркем шығармаларда қолданылатын диалогтардағы (соның ішінде шешендік сөздердегі де) сұраулы сөйлемдер мынадай коммуникативтік мақсатта жұмсалады:

Біріншіден, сұраулы сөйлемдер айтылмақшы проблеманың өзектілігін таныту мақсатында **көпшілікке ой тастау** үшін жұмсалады. Мысалы: – *Ғұмыр біреу, кезек екеу деген. Сендерге өлім керек пе, өмір керек пе? Тілімді алсаңдар, ақылымды айтып ара түсейін (Төле би).*

Сұраулы сөйлемнің бұл түрінде сұрақ детальға назар аударту үшін мағыналық қызметінде қолданылған, ал түрі жағынан – альтернативті сұраулы сөйлем. Автордың айтайын деген ойын сұраулы сөйлемнің нақты осы түрімен беруі де тегін емес сияқты, яғни сұрақ қоюшы екінші жаққа таңдау мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Сонымен, диалогтарда сұраулы сөйлемнің барлық түрлері де қолданылады, сұрақ-жауап диалогтық бірлестігін коммуникативтік жағдайына байланысты бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

#### Әдебиет

1. Шведова Н.Ю. *Очерки по синтаксису русской разговорной речи.* – М., 1960.
2. Омарова Ю.М. *Структурно-семантическая и функциональная характеристика вопросительных предложений в кумыкском языке.: дисс. ...канд.ф.н.* – Махачкала, 2009. – С. 159.
3. Әмір Р. *Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері.* – Алматы: Мектеп, 1977. – 192 б.

## «Абай институтының хабаршысы» журналына авторлардың мақала жариялау ережелері

1. Мақала авторы, автор туралы ақпарат, ғылым докторының мақалаға берілген рецензиясы, ақы төлеу туралы түбіртек көшірмесі пошта арқылы редакция мекенжайына арнайы хатпен жіберіледі немесе қолма-қол ұсынылады. Әр бетте мақала авторының растайтын қолы қойылып, соңғы бетіне кадр бөлімінің мөрі басылады. Сондай-ақ мақаланың электронды нұсқасы Abai\_instkaznu@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады.

2. Мақалаларға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, барлығы 100 сөзден аспайтын түйін-резюме-abstract және кілт сөздер берілуі тиіс.

3. Мақала А-4 форматта WORD редакторында, «Times New Roman» қаріптерінде (шрифт) терілуі тиіс, қаріп өлшемі – 12, жол аралығы (интервал) – 1.

4. Сол жағынан 20 мм, жоғары, төменгі және оң жағынан 20 мм қалдырылып жазылады.

5. Материал көлемі суреттер мен библиографияны қосқанда 4-8 беттен аспауы керек.

6. Мақала тақырыбы бас әріппен, бір қатардан соң автор(лар) туралы толық мәлімет, яғни 1) аты-жөні; 2) ғылыми дәрежесі; 3) ғылыми атағы; 4) мансабы; 5) қызмет орны; 6) ізденушінің оқу орны; 7) магистрант, докторант мамандығының шифры мен атауы; 8) мекенжайы; 9) байланыс телефоны; 10) электронды поштасы толық жазылады Бірлесіп жазылған мақалаға авторлардың қолдары қойылғаннан кейін негізгі мәтін бір қатар тасталып жазылады.

8. Магистрант, докторанттар үшін оқу орнынан мөр басылған анықтама қағазы талап етіледі.

9. Ғылым докторының мақалаға берілген рецензиясына (ғылым кандидаттары мен ғылыми атағы жоқ адамдар үшін) кадр бөлімінің мөрі басылып, рецензия берушінің қолы қойылады.

10. Сілтеме жасалған әдебиеттер мен дереккөздер тік жақшада рет саны бойынша беттері көрсетіліп, тізімі мақаланың соңында беріледі (мысалы, [1, 7]). Барлық цитаталарға да сілтеме берілуі тиіс. Баспада жарық көрмеген жұмыстарға библиографиялық сілтеме жасалмайды. Авторлар цитата мазмұнын толық сақтауына, әдебиеттер тізімінің растығына жауап береді.

11. Библиографиялық тізім алфавит бойынша жазылады. Пайдаланған әдебиеттер тізімі мақала соңында беріледі және мақаланың жалпы көлеміне кіреді. Олардың рәсімделуі арнайы библиографиялық ережелер бойынша мемлекеттік стандарт (ГОСТ) бойынша жасалады. Пайдаланған әдебиеттер тізімін берген кезде мына мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі тиіс:

- **кітаптар үшін** – автордың аты-жөні, кітаптың толық атауы, шығарылған баспасы мен шығарылған жері, жылы, том немесе шығарылымы және жалпы бет саны;

- **мерзімдік басылымдағы мақалалар үшін** – автордың аты-жөні, мақала аты, журналдың (жинақ) толық аты, жылы (жинақ үшін баспа аты), том, нөмірі (шығарылым), мақаланың бірінші және соңғы беті;

- **мерзімдік емес басылымдағы (кітаптардағы) мақалалар үшін** – автордың аты-жөні, мақала аты, кітаптың (жинақтың) толық атауы, шығарылған баспасы мен шығарылған жері, жылы, мақаланың бірінші және соңғы беті;

- **конференцияларда жасалған (семинар, симпозиум) баяндамалар мен тезистер үшін** – автордың аты-жөні, баяндама атауы, жинақ немесе конференция материалдарының толық атауы, конференция орны мен өткен мерзімі, том, нөмірі (шығарылым), тезис пен баяндама мәтінінің бірінші және соңғы беті;

- **диссертациялар үшін** – автордың аты-жөні, мамандықтың толық аты мен шифры, қорғаған уақыты мен жері.

### **Библиографиялық жазбаларды жүргізу үлгілері:**

1) Гиндин И.Ф., Гефтер М.Я. Требования дворянства и финансово-экономическая политика царского правительства в 1880-1890-х годах // Исторические заметки. – 1957. – № 4. – С. 34-64.

2) Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 336 б.

3) Четвериков Н.С. Сглаживание динамических рядов // Статистический анализ экономической статистики. – М.: Наука, 1973. – С. 106-135.

4) Жұмабаев М. Ақан сері // Сана. – 1924. – №1. – 12-13 бб.

12. Мақаладағы барлық қысқартулар термин толық жазылғаннан кейін ғана көрсетіледі. Жалпыға бірдей түсінікті қысқартулар (аббревиатуралық) қолданылып, халықаралық номенклатура бойынша терминдер пайдаланған абзал.

13. Мақалалар авторға қайтарылмайды. Жоғарыда аталған талаптарға сай келмейтін мақалалар қабылданбайды.

*Редакция алқасы авторлардың өз мақалаларын  
осы ережеде көрсетілген талаптар мен үлгілерге  
сай рәсімдеуін сұрайды.*